


Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!



**Ұлы Октябрьдің
50 жылдығы**

**Қазақстан
КОММУНИСТІ**

11 ноябрь 1967



Қазақстан КОММУНИСТІ

КАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

—
ШЫҒУЫНА 47 ЖЫЛ

11

НОЯБРЬ

1967

Біз Совет мемлекетін құру ісін бастау, осы арқылы бүкіл дүние жүзілік тарихтың жаңа заманын, жаңа таптың, барлық капиталистік елдерде езіліп келген және барлық жерде жаңа өмірге қарай, буржуазияны жеңуге қарай, пролетариат диктатурасына қарай, адамзатты капитал бұғауынан, империалистік соғыстардан құтқаруға қарай келе жатқан таптың үстемдік ету заманын бастау бақыты біздің үлесімізге тигеніне мақтануға праволымыз және мақтанамыз да.

В. И. ЛЕНИН.

КОММУНИЗМ—АДАМЗАТТЫҢ СӘУЛЕТТІ БОЛАШАҒЫ

ҒЫЛМИ коммунизмнің негізін салушы асқан кемеңгерлер Қ. Маркс пен Ф. Энгельс өткен ғасырдың орта шенінде Европаны коммунизм елестері кезіп жүр деген болса, біздің заманымызда коммунистік қозғалыс өмір шындығына, күдіретті күшке айналып отыр. Россияда жасалған Ұлы Октябрь социалистік революциясының таңғажайып жеңістері мен дарқан жемістері, дүние жүзінің тарихи дамуына, халықтардың тағдыры мен болашағына тигізген шарапатты әсерлері — осының айғағы. Сондықтан да барша совет адамдары, барлық елдердің жұмысшылары мен еңбекшілері Октябрьдің елу жылдығын өзінің ең ардақты мейрамы ретінде шексіз қуанышпен қарсы алды, адамзаттың сәулетті болашағы — коммунизм жолындағы ерен еңбек пен ерлік күресте қол жеткен тамаша табыстарын, шын жүректен шыққан жалынды сезімдері мен лебіздерін, абзал ойлары мен тілектерін ұлыстың ұлы күніне арнады.

Қ. Маркс пен Ф. Энгельс адамзат қоғамы дамуының заңдылықтарын жан-жақты, терең зерттей отырып, тарих жүзінде экономикалық формациялар бірден бірге ауысып отырады, оның бержағында заманы таусылып, ескірген құрылыстың орнын неғұрлым озық, прогрестік құрылыс басады, демек, құл иеленушіліктің орнын феодализмнің, оның орнын капитализмнің басқаны сияқты, капиталистік құрылыстың қираған жұртында ең жоғары коммунистік қоғам орнайды деп ғылыми тұжырым жасады. Олар объективтік дамудың бағдары мен болашағын мезгел көрсетті, жаңа қоғам орнату жолындағы күрестің қозғаушы күштері мен түпкі мақсаттарын, амалдары мен құралдарын белгілеп берді. Сөйтіп адамзат тарихындағы теңдесі жоқ үздік ілім — марксизм ілімі дүниеге келді.

В. И. Ленин жаңа заманның, империализм заманының талаптары мен нақты жағдайларына сәйкес марксизм ілімін, оның ішінде ғылыми коммунизм теориясын творчестволықпен ілгері дамытты.

Ленин капитализмнің империалистік сатысында оның әркелкі даму заңын ашты. Дүние жүзілік революциялық қозғалыс үшін мұның ерекше зор маңызы болды. Монополистік капитализм заманы басталудан бұрын Маркс пен Энгельстің социалистік революция үздік дамыған елдердің бәрінде, ең болмағанда Англия, Франция және Германия сияқты елдерде бір мезгілде жеңеді дегені дұрыс болса, империализм заманындағы түбегейлі өзгерістерге бұл қағида сәйкес келмей қалды.

Империализм тұсында капиталистік елдер үздік-создық дамиды, әрқайсысы өз мәртебесі мен байлығын басқалардан асырып жіберуге тырысады, осыдан келіп, отарлар мен рыноктарды бөліске салу және қайта бөлісу ниеттері күшейе түседі, ал мұның өзі капиталистік елдер арасындағы қайшылықтарды барынша шиеленістіріп, жанжал мен қақтығыс туғызбай қоймайды. Сонымен қатар монополистік капитализм өз елінде экономикалық қанау мен саяси езушілік тетіктерін ақырғы шегіне жеткізеді, ал мұның өзі капитал мен еңбек арасындағы, буржуазия мен жұмысшы табы арасындағы тап қайшылығын барынша шиеленістіріп, революциялық толқындар мен дауылдар туғызбай қоймайды.

Міне осы қайшылықтардың бәрі империализм системасын әлсіретеді, оның тізбегінде осал жер пайда болады да, революцияшыл пролетариаттың бұл тізбекті үзіп, талқандауына мүмкіндік туады.

Капитализмнің әркелкі даму заңының сипаты мен көріністерін зерттей келіп, В. И. Ленин: революцияның барлық елде бір мезгілде жеңуі мүмкін емес, қайта социализм алғашында тек аздаған елде, тіпті жеке-дара капиталистік елде жеңіске жете алады, деп қорытынды жасады. Бұл қорытынды лениндік социалистік революция теориясының өзегі, негізгі мазмұны болып табылады.

Лениннің ұлылығы мен кемеңгерлігі мынада: оның аса маңызды осы теориялық қағидасы әр елдегі жұмысшы табының социализм жеңісіне деген сенімін күшейтіп, революциялық қайрат-жігерін тасытты.

Бір елде, атап айтқанда Россияда империализм тізбегінің талқандалуы. Ұлы Октябрь революциясының жеңуі лениндік қағиданың дұрыстығын дәлелдеді.

В. И. Ленин социалистік революция теориясының құрамдас бөліктері, атап айтқанда пролетариаттың буржуазиялық-демократиялық революция мен социалистік революциядағы жетекшілігі, буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы, демократия жолындағы күрестің социализм жолындағы күреспен байланысы, революциялық ситуация (қат-қабат жағдай), революцияның объективтік және субъективтік факторларын ұштастыру, үздік дамыған капиталистік елдердегі жұмысшылар күресінің отарлық халықтардың ұлт-азаттық қозғалысымен байланысы жайындағы мәселелерді талдап шешіп, марксизм ілімін принциптік маңызы зор жаңа қағидалармен байытты.

Коммунистік партия лениндік қағидаларды қолдана отырып, Россияда жұмысшы табының социализм жолындағы күресін, барша халықтың бейбітшілік жолындағы қозғалысын, шаруалардың жер алу жолындағы күресін, езілген халықтардың ұлт-азаттық күресін біртұтас революциялық тасқын етіп біріктірді. Осының нәтижесінде жұмысшы табы саяси билікті өз қолына алып, дүние жүзінде тұңғыш советтік социалистік мемлекет орнатты.

В. И. Ленин бір елде социалистік революция жеңіп шыққаннан кейін дүние жүзілік революциялық процестің дамуында екі түрлі кезең болады деп көрсетті. Бірінші кезеңде социалистік мемлекеттің аздықөпті ұзақ уақыт өшпенді капиталистік қоршауда өмір сүруіне тура келеді; пролетариаттың бұл кезеңдегі негізгі міндеті: Совет мемлекетін баянды етіп, оның күш-қуатын арттыру үшін, жаңа социалистік қоғам орнату үшін мейлінше икемді сыртқы саясат жүргізу, сонымен қатар жер жүзінің жұмысшы табымен, барлық революцияшыл күштерімен берік ынтымақ орнату болмақ деді ол.

Екінші кезең — социализмнің дүние жүзілік система ретінде өмір сүретін кезеңі. В. И. Лениннің үйреткеніндей, қай елде болса да жүзеге асырылатын социалистік революцияның ортақ заңдылықтары, негізгі ортақ белгілері бар, сонымен қатар әр елдің нақты тарихи жағдайларына сәйкес социалистік өзгерістерді жүзеге асыру әдістері мен формаларында өзгешеліктер болады.

Лениннің ұлылығы мен кемеңгерлігі мынада: ол әлеуметтік құрылысы әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүру принципін, дүние жүзі пролетариатының интернационалдық байланысы мен достық ынтымағының негіздерін белгілеп берді.

Совет мемлекетінің бейбітшілдік сыртқы саясат жүргізуі, халықаралық жұмысшы табының қолғабыс-көмегі капиталистік қоршау жағдайында Октябрь жеңістерінің аман сақталуын, дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекеттің жан-жақты өркендеп, кемеліне келуін қамтамасыз етті.

Ұлы Октябрдің тікелей әсерімен, СССР-де социализмнің орнауы және реакция мен фашизм күштерін талқандаған Совет Армиясының жеңістері нәтижесінде социализм бір елдің шеңберінен шығып, дүние жүзілік системаға айналды. Халықтардың империализм мен соғысқа қарсы, бейбітшілік пен демократия жолындағы күресінде бұл система шешуші күш болып отыр.

Социалистік революция жайындағы жалпы мәселенің құрамдас бір бөлігі болған ұлт-азаттық қозғалысы лениндік идеялар негізінде дамып, елеулі жеңістерге жетті. Отарлық езгі мен кіріптарлықтан құтылған бір талай елдер еркін даму жолына түсті, сөйтіп империализмнің отарлық системасы біржола күйреуге айналды.

В. И. Ленин пролетариат диктатурасының мемлекеттік формасы туралы мәселені талдап шешті. Мұның өзі ғылыми коммунизм теориясына қосылған үлкен үлес болды. Мемлекет қай талқа қызмет ететініне, оған негіз болып отырған қоғамдық-экономикалық базистің мәніне қарай сипатталады. Буржуазиялық мемлекет буржуазия диктатурасы болғандықтан еңбекшілерді езіп-жаншып отырады. Ал пролетариат диктатурасының тарихи міндеті мүлде өзгеше; оның түпкі мақсаты — адамды адамның қанауын жойып, социализм орнату. Революцияшыл халықтың творчестволық тапқырлығымен Россияда пролетариат диктатурасының мемлекеттік формасы ретінде Советтер дүниеге келді.

Пролетариат диктатурасының формалары сан алуан: Париж Коммунасы пролетариат диктатурасының тұңғыш формасы болды; екінші дүние жүзілік соғыстан кейін бірқатар елдерде халықтық демократия формасында жұмысшы табының диктатурасы қалыптасты.

В. И. Ленин пролетариат диктатурасы мемлекетінің функциялары туралы мәселені талдап шешті. Совет мемлекетінің бірінші функциясы — құлатылған қанаушы таптардың қарсылығын күйрету, революция жеңістерін ішкі және сыртқы жаулардан сақтап қалу. Бұл мәселеде пролетариат диктатурасының қанаушылық мемлекеттерден негізгі айырмашылығы — мұнда күш жұмсау, жаныштау буржуазиялық мемлекеттердегідей басты функция емес, өткінші нәрсе. Совет мемлекетінің негізгі функциясы — жасампаздық функция.

Елімізде қанаушы таптардың жойылуына байланысты оларды жаныштау функциясы қажетсіз болып қалды да, мемлекеттің негізгі функциялары — шаруашылық-ұйымдастыру және мәдени-тәрбие функциялары жан-жақты дамып жетілді.

Пролетариат диктатурасының ең жоғарғы принципі — жұмысшы табының шаруалармен, барлық еңбекшілермен, халықтың басқа да демократияшыл топтарымен жасасатын одағы. Бұл одақта жетекшілік роль атқаратын жұмысшы табы болуға тиіс, өйткені ол — халықтың ортақ мақсаты жолындағы, социализм мен коммунизм жолындағы ең табанды да саналы күрескер. «Тек пролетариат қана, — деп көрсетті Ленин, — өзінің ірі өндірістегі экономикалық роліне байланысты, — барлық еңбекшілер мен қаналғандар бұқарасының көсемі бола алады».

Лениннің ұлылығы мен кемеңгерлігі мынада: ол дүние жүзіндегі тұңғыш советтік социалистік мемлекеттің іргесін қалады, пролетариат диктатурасының мемлекеті туралы және еліміздің тіршілігінде оның атқаратын қызметі мен функциялары туралы, жұмысшы табы мен шаруалардың одағы туралы, жұмысшы табының бұл одақтағы жетекшілік ролі туралы сындарлы ілім жасады.

Ленин шындап өсірген пролетариат диктатурасы, жұмысшы табы мен шаруалар одағы еліміздің басына түскен сан алуан қиыншылықтар мен сұрапыл сынақтардан сүрінбей өтті. Ленинизм идеяларының шарапатымен еліміздің мемлекеттік және қоғамдық құрылысы тас-түйін берік, жеңімпаз күшке айналды.

В. И. Ленин коммунистік формацияның екі фазасы жөніндегі маркстік ілімді нақты жағдайға сәйкес ілгері дамытты. Оның төменгі фазасы социализм тұсында өндіріс құрал-жабдықтарына ортақ меншік орнағанымен, өнім қызметкердің еңбегінің саны мен сапасына қарай бөлінеді, яғни мұнда «әркімнен қабілетіне қарай, әркімге еңбегіне қарай» деген негізгі принцип қолданылады. Коммунизм социализмнен өсіп шығады, яғни ол социализмнің тікелей жалғасы болып табылады. Социалистік өзгерістер толық аяқталып, ағыл-тегіл өнім молшылығы жасалған кезде, еңбек ету қоғам мүшелерінің әрқайсысының өмірлік қажетіне айналған кезде, яғни коммунистік формацияның жоғары фазасында өнім бөлуде «әркімнен қабілетіне қарай, әркімге керегіне қарай» деген негізгі принцип қолданылады.

Капитализмнен социализмге өту дәуірінде Совет Одағының Коммунистік партиясы елімізде социализм орнатудың лениндік жоспарын жүзеге асыру жолында қажырлы күрес жүргізді. Ең алдымен социалистік индустрияландыру міндеті алға қойылды. Елімізді электрлендіру, ірі машиналы өнеркәсіп социализмнің бірден-бір материалдық негізі бола алады, мұның өзі егіншілікті де қайта құруға мүмкіндік береді, деп көрсетті Ленин.

Соғыстан бұрынғы бесжылдықтардың тұсында-ақ совет халқы лениндік социалистік индустрияландыру программасын жүзеге асыруда тамаша табыстарға жетті, өнеркәсіптің қуатты шикізат базалары және мүлде жаңа тараулары пайда болды.

Қарыштап өркендеген индустрияның негізінде Коммунистік партия миллиондаған шаруаларды социализмге тартуды мезгеген лениндік кооперация жоспарын жүзеге асыру жолында қыруар жұмыс жүргізді. Кооперацияның ең жадағай формалары — серіктіктер мен бірлестіктер бірте-бірте ауыл шаруашылық артельдерінің дәрежесіне дейін өсіп жетілді. Ауыл шаруашылығын жаппай коллективтендіру деревняда социалистік құрылысты баянды еткен революциялық өзгеріс болды.

Елімізде жасалған келелі өзгерістер мәдени революция жөніндегі лениндік программаны жүзеге асыруға, сөйтіп ғасырлар бойы адамзат жасаған мәдениет байлықтарын еңбекші халықтың игілігіне айналдыруға мүмкіндік берді.

В. И. Ленин былай дейді: «Бұдан бұрын бүкіл адамзаттың ақылы, оның бүкіл даналығы техника мен мәдениеттің барлық жақсылығын тек біреулерге беріп, басқаларды ең қажетті нәрседен — ағарту ісі мен дамудан мақұрым қалдыру үшін жасайтын еді. Ал енді техниканың барлық кереметтері, мәдениеттің барлық табыстары жалпы халықтың игілігіне айналады, сөйтіп, бұдан былай адамзаттың ақылы мен даналығы ешуақытта да зорлық құралына, қанау құралына айналмайтын болады. Біз мұны білеміз, — сондықтан осы ең ұлы тарихи міндетке бола жұмыс істеуге тұрмай ма, барлық күшті беруге тұрмай ма? Сондықтан еңбекшілер бұл тарихи алып жұмысты істеп шығады, өйткені еңбекшілердің ішінде революцияның, қайта туудың және жанарудың қозғалмай жатқан ұлы күштері бар».

Лениннің ұлылығы мен кемеңгерлігі мынада: ол елімізде социализм орнатудың айқын да нақты жоспарын белгілеп берді; Ленин мезгеген жолмен Коммунистік партия елімізде тарихи қысқа мерзім ішінде социалистік индустрияландыру, ауыл шаруашылығын коллективтендіру, мәдени революция программасын жүзеге асырды.

Большевиктер партиясы бастаған совет халқының тарихта теңдесі жоқ ерен еңбегі нәтижесінде елімізде социализм біржола, түпкілікті жеңіп шықты.

В. И. Ленин марксизмнің ұлт мәселесі жөніндегі қағидаларын асқан данышпандықпен ілгері дамытты, Совет мемлекеті жағдайында ұлт мәселесін дұрыс шешудің жолдарын көрсетіп берді. Ленин Россияны

мекен еткен барлық ұлттар мен халықтардың тең праволылығы мен еріктілігін паш ететін жетекші принциптерді белгіледі, пролетарлық интернационализм идеясын негіздеді. Бұрын артта қалған халықтардың іс жүзіндегі теңсіздігін жоюды көздейтін, олардың капитализмге соқпастан, тікелей социализмге өтуін қамтамасыз ететін программа жасап берді.

В. И. Ленин былай деп үйретеді: «Алдыңғы қатарлы елдердің пролетариаты артта қалған еңбекшілер бұқарасына жәрдемдесе алатындығы, жәрдемдесуге тиіс екендігі туралы және советтік республикалардың жеңімпаз пролетариаты ол бұқараға жәрдем қолын созып, оларға көмектесе алған кезде, артта қалған елдердің дамуы өзінің қазіргі сатысынан шыға алатындығы туралы ешқандай талас болуы мүмкін емес... Егер революцияшыл жеңімпаз пролетариат олардың арасында ұдайы насихат жүргізетін болса, ал советтік үкіметтер өздерінің бүкіл қолда бар құралдарымен оларға жәрдемдесетін болса, ол уақытта артта қалған халықтар үшін дамудың капиталистік сатысы сөзсіз нәрсе деп жорамалдау дұрыс емес... Артта қалған елдер алдыңғы қатарлы елдердің пролетариатының көмегімен дамудың капиталистік сатысына соқпай, советтік құрылысқа және дамудың белгілі сатылары арқылы коммунизмге өте алады».

Ленинизм идеяларының жеңімпаз өмірлік күші мынада: Коммунистік партияның лениндік ұлт саясатының жүзеге асуы нәтижесінде еліміздегі барлық халықтар Совет Одағына өз еріктерімен бірігіп, ынтымағы мен достығы жарасқан, тату-тәтті біртұтас семья құрды. Бұрын саяси, экономикалық және мәдени даму жағынан кенже қалған халықтар, оның ішінде қазақ халқы да, алдыңғы қатарлы орыс жұмысшы табының қолғабыс-көмегімен гүлдене өркендеп, тікелей социализмге өтті.

Бұрын артта қалған шеткері ұлт аймақтарының Совет өкіметі тұсында шырқау биікке көтеріліп, озат республикаларға айналуы дүние жүзін тандандыруда. Қазақ ССР-і жөнінде дәл осыны айтуға болады.

Советтік Қазақстанның жалпы өнеркәсіп өнімі 1913 жылғымен салыстырғанда 102 еседен астам өсті. Бұрын біздің өлкеге шеге мен тағаға дейін сырттан әкелінген болса, осы күні ең күрделі станоктар, машиналар мен жабдықтар республиканың өзінде шығарылады. Қазіргі кезде Қазақстан өнеркәсіп өнімінің 300 түрін шетелге шығарып тұрады.

Қазақстанның кең байлығы ұшан-теңіз. Совет өкіметі жылдарында мұнда алуан түрлі пайдалы заттардың екі мыңнан астам өнеркәсіптік кені табылды. Бізде Менделеев системасындағы элементтердің бәрі түгел бар деуге болады. Қорғасын мен мырыштың анықталған запасы мен бұларды өндіру мөлшері жағынан Қазақ ССР-і Совет Одағында бірінші орында тұр және Австрия, Канада, АҚШ сияқты капиталистік елдерден алда келеді. Жарты ғасыр ішінде республикада мыс өндіру ондаған есе өсті. Сөйтіп, бүгінгі Қазақстан елімізде мыс өндірісінің аса ірі базасы болып отыр. Әуе металы аталып кеткен алюминий өндірісінің шикізаты ретіндегі бокситтің запасы мен мөлшері жағынан Қазақстан СССР-де екінші орын, дүние жүзінде үшінші орын алып отыр.

Көмір өндіру жағынан Қазақстанның елімізде үшінші орын алып отырғаны және телегей-теңіз мұнайлы алқапқа айнала бастағаны мәлім.

Минералдық шикізаттың ұшан-теңіз запасы кенді Алтай мен Үлкен Жезқазғанда, Қарағанды мен Теміртауда, Балқаш пен Ақтөбеде, Павлодар мен Оңтүстік Қазақстанда аса ірі кен-руда комплекстерін жасауға мүмкіндік берді. Қазақстанның кең-байтақ даласында көптеген қалалар мен жұмысшы поселкелері, темір жолдар мен тас жолдар пайда болды. Біздегі 66 қаланың 55-сі революциядан бергі жерде салынды.

Республикамыздың сарқылмас табиғи байлығы республиканың өндіргіш күштерін онан сайын мықтап өркендету үшін берік база болып отыр.

Қазақстанның ауыл шаруашылығы да қарыштап өркендеді. 1913 жылы өлкеде 4,1 миллион гектар жерге егін салынған болса, 1966 жылы республиканың егін көлемі 30 миллион гектарға жетті, астық өнімінің мөлшері 2,1 миллион тоннадан 25,6 миллион тоннаға дейін өсті. Елімізде дайындалатын барлық жүннің 25 процентін, қаракүл елтірісінің 30 процентін Қазақстан береді.

Советтік Қазақстан өзінің мәдени даму дәрежесі жағынан капитализмнің көптеген елдерінен әлдеқайда озып кетті. Жалпы білім беретін 10,5 мың мектепте 3 миллион, 220 жоғары және арнаулы орта дәрежелі оқу орнында 357 мың жас түлек оқып, білім алуда. Қазір халық шаруашылығының түрлі салаларында жоғары және арнаулы орта дәрежелі білімі бар 500 мың маман қызмет етеді.

Қазақстанның және басқа туысқан республикалардың социализм орнатудағы мол тәжірибесі Азия мен Африканың еркін даму жолына түскен жас мемлекеттері үшін үлгі-өнеге болып отыр.

Социализмнің толық, біржолата жеңіп шығуы нәтижесінде еліміздің өмірінде келелі өзгерістер болды. Қазіргі совет қоғамы достығы күшті таптар мен еңбекшілер топтарынан құралған, олардың экономикалық, әлеуметтік-саяси және идеялық мүдделері бір, бәрінің көздейтін ортақ мақсаты — коммунизм орнату.

Жаңа қоғамның жетекші жасампаз күші жұмысшы табының жағдайы мықтап өзгерді. Қазір елдегі еңбекшілердің жартысынан астамы жұмысшылар. Олардың өндірістік мамандығы, техникалық және мәдени дәрежесі үздіксіз өсуде. Қазіргі кезде жұмысшылардың жартысына жуығының орта және орталау білімі бар. Күрделі машиналар мен өндірістік процестерді басқарушы жұмысшының еңбегі инженер мен техниктің еңбегіне барған сайын жақындай түсуде.

Жұмысшы табының сенімді одақтасы шаруалардың жағдайы мықтап өзгерді. Қолхоздар мен совхоздар түрінде ірі социалистік шаруашылықтардың құрылуы, ауыл шаруашылық өндірісінің механикаландырылуы ауыл шаруашылығындағы еңбекті индустриялық еңбекке едәуір жақындатты. Ауыл-село еңбеккерлерінің жалпы білімі мен мәдени-техникалық дәрежесі өсуде. Жұмыс істеуші бір мың адамға шағып есептегенде орта және жоғары білімі бар колхозшылар саны 1939 жылы 18 болса, 1966 жылы 305 адамға жетті. Қала мен деревня арасындағы елеулі айырмашылықтар бірте-бірте азая түсуде.

Коммунизм орнату дәуірінде советтік интеллигенцияның ролі артуда. Оның мүдделері жұмысшылар мен шаруалардың мүдделерінен айырғысыз. Ғылым мен техниканың қаулап өсуіне байланысты интеллигенцияның саны шапшаң өсіп келеді. Егер 1913 жылы елде жоғары және арнаулы орта дәрежелі білімі бар 200 мыңдай маман болған болса, 1966 жылы олардың саны 13 миллионға жетті.

Таптық және әлеуметтік айырмашылықтардың бірден бірге азая түсуі себепті совет қоғамы барған сайын біртектес қоғамға айналып келеді. Бұл қоғамда жұмысшы табы, ең озат және ұйымшыл күш болғандықтан, коммунизм орнату дәуірінде де бұрынғыша жетекші роль атқаруда.

Совет қоғамында терезесі тең ұлттар мен халықтардың туысқандық достығы мен ынтымағы баянды етілді, олардың онан сайын гүлденуі үшін қолайлы жағдайлар жасалды. Коммунизм орнату дәуірінде социалистік ұлттар экономикалық және мәдени қарым-қатынастары барған сайын нығайтып, өзара жақындаса түсуде. Ұлттар арасындағы қатынаста, ғылыми және мәдени байлықтар алмасуда орыс тілі мықты дәнекер болып отыр.

Коммунизм құрылысы дәуірінде социалистік мемлекеттік пен демократия жетіле түсіп, онан сайын өркендеуде. Социализмнің жеңуіне байланысты пролетариат диктатурасының мемлекеті жұмысшы табы басшылық еткен бүкіл халықтың саяси ұйымына айналуда.

Совет қоғамының жетекші және жөн сілтеуші күші болып отырған Коммунистік партия өзінің барлық іс-әрекетінде марксизм-ленинизмнің ұлы ілімін қолдануда, осының негізінде экономикалық, әлеуметтік және рухани өмір саласындағы саясатты белгілеп, жүзеге асыруда. Маркстік-лениндік ілімді творчестволықпен байыта отырып, партия коммунизм орнату үшін күрескен совет халқының жолын нұрландыруда. Ұлы Ленин ұйымдастырып, шыңдап өсірген, заманымыздың ақыл-парасаты, ар-ұжданы болып отырған коммунистер партиясы совет халқын коммунизм орнату жолымен жеңістен жеңіске бастап келеді.

Коммунистік партия совет адамдарына идеялық тәрбие берумен қатар, олардың творчестволық белсенділігін арттырумен қатар, олардың өсе түскен материалдық және мәдени тілектерін барынша қанағаттандырып отыруды өзінің ең ардақты міндеті деп санайды.

Осыған байланысты саяси маңызы зор екі оқиғаны атап өткен жөн. Үстіміздегі жылдың сентябрінде КПСС Орталық Комитетінің Пленумы совет халқының тұрмыс жағдайын онан сайын жақсартуға бағытталған келелі шаралар белгіледі. Бұл шаралардың совет адамдарына беретін мол игілігін мына мысалдан көруге болады: Қазақстанда тек еңбекшілердің жалақысын өсіруге ғана 200 миллион сом қаржы жұмсалады, ал барлық шаралар бойынша төленетін қаржының жалпы сомасы 300 миллион сомнан асады.

СССР Жоғарғы Советінің октябрьде болып өткен сессиясы халық шаруашылығын өркендетудің 1968 жылға арналған Мемлекеттік жоспарын және бесжылдықтың соңғы екі жылының жоспарларын, сонымен қатар СССР-дің 1968 жылға арналған Мемлекеттік бюджетін бекітті. Сессия жалпыға бірдей әскери міндеттілік туралы заң қабылдады. Бұл документтерден де совет адамына деген аталық қамқорлықтың айқын белгілерін көреміз.

Барша совет адамдары сияқты, Қазақстан еңбекшілері де партия мен үкіметтің шешімдерін зор қуанышпен қарсы алып, бұл қамқорлыққа тасқын жігермен, еселі еңбекпен жауап беруде. Өйткені коммунизм молшылығы, материалдық және рухани игілік көздері тек ерен еңбекпен ғана жасалатынын олар жақсы біледі.

Еңбекшілер коллективтері Ұлы Октябрьдің 50 жылдық мерекесіне тамаша табыстармен, татымды тартулармен келді. Бірақ алда асқар асулар, келелі жаңа міндеттер тұр.

Совет мемлекетінің барлық тапсырмаларының ойдағыдай орындалуы жұмысшылардың, шаруалардың және барша еңбекшілердің жан қиярлық шабытты еңбегіне, творчестволық ынта-жігеріне байланысты. Қазақстан партия ұйымдары еңбекшілер коллективтерінің ұлы мереке қарсаңында кең өріс алған патриоттық қозғалысын үдете отырып, әрбір кәсіпорын мен құрылыс, әрбір совхоз бен колхоз бойынша белгіленген жоспардың, қабылданған міндеттеменің абыроймен орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

Марксизм-ленинизм күдіретті ілім, өйткені ол дұрыс ілім. Марксизм-ленинизм идеялары миллиондарды баурап алып, дүниені революциялық жолмен жаңартуда. Бұл идеялардың бүкіл әлемде түпкілікті жеңіп шығатыны, коммунизмнің мерейі үстем болатыны күмәнсіз.

СОВЕТ ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ МЕН ҒЫНТЫМАҒЫ

В. ПЛАТКОВСКИЙ

ҰЛАН-БАЙТАҚ еліміздің халықтары Ұлы Октябрьдің даңқты елу жылдығын өзінің сыннан өткен көсемі — Коммунистік партияның төңірегіне тығыз топтасқан жағдайда салтанатты түрде зор қуанышпен тойлап отыр. Октябрь революциясы жеңісінің нәтижесінде елімізде саяси, экономикалық және әлеуметтік қанау жойылып, ұлттық езгі келмеске кетті. Социалистік құрылыстың арқасында қоғамдағы барлық топтардың әлеуметтік-саяси және идеялық бірлігі, ерікті, тең праволы СССР халықтарының достығы мен туысқандығы орнады.

КПСС Орталық Комитетінің Октябрь революциясының 50 жылдығына арналған Тезистерінде былай делінген: «Совет қоғамының әлеуметтік құрылымының бір ерекшелігі — ол достығы жарасқан таптар мен еңбекшілер топтарынан құралған, олардың экономикалық, әлеуметтік-саяси және идеялық мүдделері бір, олардың бәрі коммунизм орнату мақсатын көздейді».

Бұл бұрын-соңды болып көрмеген мүлде жаңа құбылыс. Алғашқы қауымды қоспағанда, адамзаттың күллі тарихы қоғамды бір-біріне қарама-қарсы таптарға бөлудің, таптардың, ұлттар мен мемлекеттердің арасындағы кескілескен күрестің тарихы болып келді. Қанаушы таптар мен адамды адамның қанауынан құтылған социалистік қоғам әлеуметтік және ұлттық қақтығыстардан дін аман. Экономикалық және саяси мүдделері ортақ, бірыңғай қоғамдық идеал арқылы бір семьяға біріккен барлық ұлттардың жұмысшылары, шаруалары, интеллигенциясы өздерінің барлық күш-жігерін ең басты мақсатқа — коммунизм орнатуға жұмсайды.

Совет қоғамының бұлайша берік топтасуы өзінен өзі келген жоқ: бұл Коммунистік партияның дәйекті де мақсатты саясатының, ғылыми коммунизм идеяларының, Маркс, Энгельс, Ленин идеяларының жүзеге асқандығының тікелей нәтижесі.

Коммунизм — тапсыз қоғам. Бірақ бұған жетер жол ұзақ та қиын. Өйткені бұл жолда тек қанаушы таптардың қарсылығын жою ғана жеткіліксіз, сонымен қатар еңбекші таптар мен топтардың экономикалық жағдайын өзгерту керек, таптық қатынастарда мыңдаған жылдар бойына қалыптасып келген ескі көзқарастар мен дағдылардың күшін жеңу керек, ең ақырында, адамдардың қоғамдық санасы мен мінез-құлқын өзгерту керек.

Қанаушы таптарды жою — тапсыз қоғам орнату жолындағы ең бірінші, батыл қадам. Қанаушы таптар өмір сүріп отырғанда, деген болатын В. И. Ленин, қоғамды тапқа бөлуді жою туралы сөз болуы тіпті де мүмкін емес. Революциялық пролетариаттың бірінші міндеті, деп көрсетті В. И. Ленин, «...қанаушыларды, ең алдымен осылардың экономикалық және саяси басты өкілі ретіндегі буржуазияны құлату; олардың түгін қалдырмай қирату; олардың қарсыласуын басып тастау; капитал тепкісін және жалдама құлдықты қайта орнату жөніндегі олардың қандай да болсын әрекеттерін мүмкін етпей тастау» (Шығармалар, 31-том, 180-бет).

Біздің елімізде белгілібір тарихи жағдайларға байланысты қа-

наушы таптарды жою үшін 20 жылдай уақыт қажет болды және бұл күрес көбінесе қатаң түрде жүргізілді.

Қоғамның әлеуметтік құрылымы өндірістік, экономикалық қатынастардың сипаты бойынша белгіленеді. Таптарды болдырмау үшін өндіріс құралдарына жеке меншікті жою керек. Себебі адамды адамның қанауын туғызатын, қарама-қарсы таптарға бөлетін сол.

Біздің партия қоғамды таптарға бөлетін экономикалық жағдайларды жою жөнінде лениндік саясатты дәйектілікпен жүргізді. Октябрь революциясы жеңісінен кейін іле-шала ірі және орта өнеркәсіп, жер, банк, транспорт национализацияланды. Сөйтіп қанаушы таптардың экономикалық тірегінің тамырына балта шабылды. Алайда елімізде әлі де болса әр түрлі бес экономикалық уклад бар еді.

Елімізді социалистік жолмен индустрияландырудың және ауыл шаруашылығын коллективтендірудің лениндік саясатын жүзеге асырудың нәтижесінде экономикадағы көп укладтық жойылып, социалистік уклад қалада да, деревняда да бірден-бір уклад болды, өндіріс құралдарына жеке меншік түпкілікті жойылды, қоғамдық социалистік меншік үстемдік етті. Сонымен, қанаушы таптардың бас көтеруіне, адамды адамның қанауына, қоғамды дұшпан таптарға бөлуге негіз болып келген себеп біржола құртылды. Революцияның алғашқы жылдарында помещиктер мен ірі буржуазия жойылды, 30-шы жылдардың ортасына таман қалада капиталистер, деревняда кулактар, саудада купецтер мен алыпсатарлар толық құртылды. Елде тек екі дос тап — жұмысшы табы мен шаруалар және олармен тығыз байланысты халықтық интеллигенция ғана қалды.

Сөйтіп, біреудің еңбегімен күн көретін арамтамақ таптарға ешқандай орын қалдырмаған қоғам тұңғыш рет пайда болды. Бұл оқиға буржуазия насихатының таптар мәңгі-бақи өмір сүріп келді және өмір сүретін болады деген тұжырымының тас-талқанын шығарып, барлық елдердің еңбекшілері үшін рухтандырушы өнеге болды.

Осындай әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді жүзеге асырған басқа да социалистік елдердің тәжірибесі буржуазия насихатының ойдан шығарылған тұжырымдарына батыл тойтарыс беріп, қанаушы таптарды жоюдың және тапсыз қоғамға өтудің қажеттігі жалпы заңдылық екенін дәлелдеді. Буржуазия теоретиктері мен олардың пекиндік жаршылары СССР-ден жаңа таптар мен тап күресін табуға қаншама әрекеттесе де фактіні теріске шығара алмайды. Біздің елімізде қанаушы таптар түпкілікті жойылған, енді тапсыз, коммунистік қоғам орнату жолында шешуші қадамдар жасалып отыр.

Қазір біздің қоғамымыз тек еңбекші таптар қоғамы, жаңаша сипаттағы азат еңбекшілердің социалистік қоғамы болып отыр. Біздегі таптар мен басқа да әлеуметтік топтардың арасындағы қатынас та өзгерді. Революция кезеңінде қалыптасқан жұмысшы табы мен шаруалар одағы пролетариаттың басшылығымен барлық демократияшыл, революцияшыл күштерді топтастыруға мүмкіндік туғызды. Мұның өзі буржуазияны құлатудың, пролетариат диктатурасын жеңіп алудың шешуші шарты болды. Жұмысшылар мен шаруалардың одан кейінгі саяси-әскери одағы ақгвардияшыл контрреволюция мен шетел интервенттерін жермен-жексен етіп талқандауға мүмкіндік берді.

Жұмысшы табы мен еңбекші шаруа бостандық және Совет өкіметін қорғау жолындағы революциялық ортақ күресте бір-біріне жақындаса түсті, өзара сенімге ие болды, саяси ортақ мүдде оларды тұтастырып жіберді. Дегенмен шаруалар ұсақ меншікшіл тап болғандықтан және буржуазия әлі түп тамырымен құртылмай тұрған кезде шаруалар буржуазия жаққа қарай оқта-текте ауытқумен болды. Сондықтан да Совет өкіметі шаруалардың материалдық мүдделерін, ұсақ меншікшілдік психологиясын ескере отырып, өте икемді саясат жүргізді. Жұ-

мысшы табы шаруалардың өз ішіндегі әр түрлі топтарды айқын айыра білді, кедейлерге сүйене отырып, орташалармен одағын нығайтты, кулактарға қарсы бітіспес күрес жүргізді. Социализмнің бүкіл мәні осы айыра білушілікте, деді В. И. Ленин.

Бейбіт шаруашылық құрылысы жылдарында жұмысшылар мен шаруалар одағының экономикалық негізі қаланды, ал коллективтендіру мәселесінің жеңісі бұл одақтың берік өндірістік базасын жасады. Еңбекші шаруа жұмысшы табымен бірге қанаушы элементтерге қарсы деревняда да, қалада да күрес жүргізді, жұмысшы табының қолдауымен өзінің ежелгі ата жауы — кулактарға қарсы күресте жеңіп шықты. Сөйтіп шаруалардың ауытқуы аяқталды, ол социализм жолын біржола таңдап алды. Мұның өзі жұмысшылар мен шаруалар одағын, достығын онан сайын нығайта түсті.

Осы жылдардың ішінде интеллигенциямен қатынас ойдағыдай дамытылды. Ескі интеллигенция бірте-бірте Совет өкіметіне қарай бет бұрды, жаңа интеллигенция кадрлары қалыптасты. Ақыр-аяғында ерекше әлеуметтік топ ретінде интеллигенция жұмысшы табымен және шаруалармен жақындасты, олармен бірге социализм құрылысшыларының бірыңғай сапына қосылды.

Ең бастысы — советтік қоғамды құрап отырған осы әлеуметтік топтардың бәрі де түбірлі өзгерістерге ұшырады.

Әуелі жұмысшы табы өзгерді. Саяси билікті жеңіп алғаннан кейін, социалистік мемлекетті орнатқаннан кейін, буржуазия мен помещиктерден тартып алынған негізгі өндіріс құралдарын национализацияланғаннан кейін біздің елде жұмысшы табы сөздің дәл мағнасында пролетариат болудан қалды. Қанаудан құтылып, мемлекет басына келген жұмысшы табы қоғамдағы жетекші күшке айналды.

Революцияға дейін жұмысшы табының ішінде әр түрлі әлеуметтік топтар: ұсақ меншікшіл психологиядан әлі арыла қоймаған ұсақ буржуазия; аристократиялық, буржуазияланған топ; ірі өнеркәсіптің байырғы жұмысшылары болды. Олардың ішіндегі мұндай топтар барлық капиталистік елдерде бүгінде де сақталып отыр. Оның бер жағында бұларда жұмысшылардың аттөбеліндей буржуазияланған тобы өте қауіпті роль атқаруда, өйткені олар реформизмнің әлеуметтік базасы, буржуазияның тірегі, жұмысшы қозғалысына іріткі салатын құралы болып отыр.

Социалистік құрылыстың барысында біздің елімізде жұмысшы табының ішіндегі әр түрлі топтар түпкілікті жойылды. Жұмысшылар саны күрт артты, бұрын артта қалған ұлт республикаларында индустриялық жұмысшылардың жаңа отрядтары қалыптасты. Қазір еліміздегі барлық еңбекшілердің жартысынан көбі жұмысшылар. Социализм жағдайында жұмысшы табының қатары социалистік деревнялардан, социалистік интеллигенциядан және сол жұмысшылардың өз семьяларынан толықтырылып отырады. Сондықтан басқа әлеуметтік топтардың еніп кетуіне жол қалмайды. Біздің елде жұмысшы табы әлеуметтік жағынан біртекті, құрыштай берік, бұл совет қоғамындағы сан жағынан ең көп, ең күшті және ең озат тап болып саналады, сондықтан да оның мемлекетте жетекші жағдайға ие болуы әбден заңды.

Өте-өте шаруалардың ішінде үлкен өзгерістер болды. Революциядан кейін шаруалар ұзақ уақыт бойына ұсақ меншікшіл тап болып қала берді; оның әлеуметтік табиғаты екі жақты болды — шаруа бір мезгілде әрі еңбеккер әрі меншік иесі болды; шаруалардың жіктелу процесі жүргізіліп жатты. Ұсақ шаруашылық, деп атап көрсетті В. И. Ленин, капитализмді күн сайын және сағат сайын жаппай туғызып отырады. Жұмысшы табы өкіметті жеңіп алғаннан соңғы жерде өте қиын міндет: шаруалардың, сондай-ақ қаладағы ұсақ қол өнершілер мен майдагер-

лердің ұсақ буржуазиялық табиғатын өзгерту, оларды социалистік өндірістік қатынастардың иелеріне айналдыру міндеті қойылды.

Коллективтендірудің лениндік саясатының жеңісі шаруалардың экономикалық жағдайын, әлеуметтік және рухани бейнесін түбірімен өзгертті. Шаруалар табы өзінің ұлтарактай жеріне байланып, кулактардың жыртқыштық езгісіне ұшыраған ұсақ өндірісшілер табы болудан қалды. Совет шаруасы коллективтік социалистік шаруашылықта еңбек ететін тапқа айналды.

Социалистік ірі шаруашылықтың құрылуы, ауыл шаруашылық өндірісінің механикаландырылуы ауыл шаруашылығы еңбегін индустриялы еңбекке жақындастыра түсті, колхозшы шаруалардың жалпы білімі мен мәдени-техникалық дәрежесін арттырды. Колхоз құрылысы шаруаны белсенді қоғамдық-саяси жұмысқа тартты, оның санасы мен психологиясын өзгертті.

Колхозшы шаруалар барлық жағынан да жұмысшы табына туыс, жақын, өзінің табиғаты жөнінде мүлде жаңа, социалистік тап болып отыр. Жұмысшы табының сенімді одақтасы — колхозшы шаруалар коммунистік құрылыстың белсенді күшіне айналды.

Социалистік құрылыс жылдарында интеллигенция да түбірімен өзгерді. Ескі интеллигенция өзінің әлеуметтік табиғаты жөнінен буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық интеллигенция еді. Сол себепті де Совет өкіметінің алғашқы жылдарында ауытқумен болды. Ал кейіннен партияның дұрыс саясаты нәтижесінде ескі интеллигенцияның басым көпшілігі өз тағдырын социализммен тығыз байланыстырды. Жұмысшылар мен шаруалар арасынан көптеген интеллигенция кадрлары өсіп шықты. Ғылым мен техниканың қаулап өсуіне байланысты интеллигенцияның қатары да ересен көбеюде. Егер 1913 жылы еліміздің шаруашылығында жоғары және арнаулы орта білімі бар 200 мыңға жуық маман болса, ал 1966 жылы олардың саны 13 миллиондай болды. Біздің интеллигенция өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында жемісті еңбек етуде, олар өздерінің білімдері мен қабілеттерін жаңа техниканы жасауға, коммунизмнің жас құрылысшыларын үйрету және тәрбиелеу, мәдениетті, ғылымды, әдебиет пен өнерді дамыту ісіне арнауда.

СССР-дің әрбір ұлты мен ұлттық топтарының өмірінде де аса зор экономикалық және әлеуметтік өзгерістер болды. Олардың саяси теңправолылығы ғана орнығып қойған жоқ, сонымен қатар экономика мен мәдениеттегі бұрын орын алып келген теңсіздік атымен жойылды. Еліміздің барлық халқы экономикасы мен мәдениетін көркейтіп, шырқау биікке көтеріліп отыр. Мүлде жаңа сипаттағы социалистік ұлттар қалыптасты.

Бұл жайды КПСС Орталық Комитетінің Тезистеріндегі тамаша қорытынды өте әдемі бейнелейді. «Экономикалық және әлеуметтік тұтастық негізінде, — делінген онда, — социалистік ұлттарда интернационалдық белгілер тез дамып, коммунизм құрылысшыларының жалпы советтік дәстүрлері қалыптасуда. Мақсаттары мен маркстік-лениндік идеологиясының бірлігі, коммунизм ісіне берілгендік, терең мағыналы интернационализм мен советтік патриотизм, ұлт намысын құрметтеу, достық пен туысқандық — біртұтас және сонымен бірге көп ұлтты социалистік қоғам еңбеккерлерінің ерекше белгілері осындай».

Социалистік құрылыс жылдарында біздің елде жүзеге асырылған аса зор әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өзгерістердің табиғи нәтижесі қоғам дамуының қозғаушы күші ретіндегі таптық күрестің жойылуы болып саналады.

Қазіргі кезде совет қоғамының таптық күресі бірыңғай күш ретінде өз елімізден тыс жерде әрекет етеді. СССР-дің жалпы халықтық социалистік мемлекеті таптық күресті, социалистік мемлекеттермен бірлесе отырып, халықаралық көлемде империализмге, капитализмге қарсы жүргізеді. Саясат, экономика және идеология салаларында жүргізі-

летін бұл күрес совет халқынан аса мол күш-жігер жұмсауды, жоғары саяси қырағылықты және берік топтасқандықты талап етеді.

Бірақ пекиндік теоретиктердің ойы мүлде басқаша. Олар таптық антагонизмдердің жойылуымен байланысты таптар арасындағы күрес тоқтатылады деушілерге қыр көрсетіп, оларға ревизионистер деп ат қойып, айдар тағуда. Олардың топшылауынша, тап бар жерде (қандай да болсын) олардың арасында күрес те болуға тиіс. Пекиндік теоретиктер бұзақыларды, жуликтерді, арамтамақтарды осындай таптар деп жариялауға дейін барып отыр. Әлбетте, мұндай элементтердің ешбір қоғамда ерекше тап болмағаны және бола да алмайтыны әрбір сауаты бар марксистке аян.

Рас, бізде әлі де жұмысшы табы мен шаруалар табы бар, олардың арасындағы айырмашылық толық жойылып біткен жоқ, сондықтан да біз әзірге совет қоғамын тапсыз қоғам дей алмаймыз. Таптық айырмашылықты жою процесі әлі де жүргізілуде. Бұл — бірте-бірте болатын аса терең, сөзсіз ұзақ әрі заңды процесс. В. И. Ленин: «Коммунизм толық орнатылып болғанша біз таптар арасындағы айырмашылықты жоя алмаймыз» (Шығармалар, 28-том, 207-бет) деп атап көрсеткен болатын.

Алайда жұмысшы табы мен шаруа антагонистер емес, екеуінің арасында ешқандай күрес болмайды. В. И. Ленин қоғамның таптарға бөліну мәнін әрдайым айқын да дәл белгіледі. «...Ал таптар, — деп көрсетті ол, — біреуі екіншісінің еңбегімен өмір сүре алатын, біреуі екіншісінің еңбегін иемденетін топтар» (Шығармалар, 30-том, 242-бет).

Бұл сипаттама сөздің шын мағынасындағы таптар жайлы айтылып отырғаны, біздің елдегі жұмысшылар мен шаруалар табына мүлде жанаспайтыны айқын. Олардың арасындағы айырмашылықтар әлі де қалады, бірақ бұл сөздің шын мағынасындағы таптар емес. Екеуінің арасындағы ең басты, түбірлі айырмашылықтар жойылған — олардың екеуі де табиғаты жағынан социалистік таптар. Олардың арасында және олар мен интеллигенцияның арасында ынтымақ, достық, жолдастық қарым-қатынас, өзара көмек, бірлік қатынастары орныққан. Ол жөнінде Октябрьге арналған Тезистерде былай деп өте айқын айтылды: «Өндіргіш күштер мен социалистік қоғамдық қатынастардың мықтап дамуы, бүкіл халықтың тұрмыс дәрежесі мен мәдениетінің артуы негізінде әлеуметтік айырмашылықтардың бірте-бірте жойылу процесі жүзеге асып келеді. Коммунистік құрылыс қоғамымыздағы таптар мен әлеуметтік топтардың ынтымағын жаңа сатыға көтереді. Олар тұтас бір сапта коммунизмнің материалдық базасын жасауда, қоғамдық қатынастарды жетілдіре түсуде, халықтың моральдық-саяси және идеялық бірлігін нығайтуда».

Совет қоғамының бірлігі мен ынтымағы уақыттың қатал сынынан өтті. Совет халқының мызғымас бірлігі ішкі тап жауларының қарсылығын жоюға, оларды күртуге, социализмнің толық және түпкілікті жеңіске жетуіне мүмкіндік берді. Бұл жөнінде Ұлы Отан соғысы совет халқының мызғымас бірлігін күллі әлемге паш етті. Жұмысшы табы мен шаруалар арасында әлеуметтік қайшылықтар болады, ұлттар өзара қырқысады деп сенген гитлершілдер есебінен қатты жанылысты. Совет халқының ұлы бірлігі негізінде соғыстан кейінгі қысқа мерзімнің ішінде туысқан республикалар бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде көркейді.

Қазір советтік семьяға біріккен еліміздің барлық халықтары бір-бірімен қол ұстаса отырып, өздерінің ұлы мақсаты — коммунизмге қарай батыл алға басуда. Бұл мақсатқа жететінімізге ұлы көсеміміз — Коммунистік партияның сара басшылығы кепіл.



Ұлы идеялар шұғыласы

Т. ЖАНКЕЛДИН,

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ғылым және оқу орындары бөлімінің меңгерушісі

КӨП ҰЛТТЫ Отанымыздың халықтары. Ұлы Октябрь социалистік революциясының елу жылдығын аса зор қуанышпен, мақтанш сезімімен атап өтуде.

Октябрьдің жеңісі маркстік-лениндік ілімнің салтанаты, ғылыми социализм идеялары мен социалистік революция теориясының салтанаты болды, бұл теория қоғам дамуының объективтік заңдарын терең ұғынуға және революциялық жолмен пайдалануға негізделген.

Ұлы Ленин партияны жұмысшы табының ең алдыңғы қатарлы, саналы, ұйымдасқан отряды деп бағалаған еді. Октябрь революциясы партия туралы лениндік ілімнің даналығын толығымен қуаттап берді. В. И. Ленин құрған және соның даналығымен шындалған коммунистер партиясы Россия халықтарын социалистік дамудың даңғыл жолына алып шықты.

Октябрь революциясы адамзат тарихында жаңа дәуірдің — капитализм күйреп, коммунизм орнығатын дәуірдің бастамасы болды. Революция капитализмді оңдырмай мерткітді, оның ірге тасын шайқалтып, таяныш-тірегің әлсіретті, сол арқылы дүние жүзілік пролетариаттың буржуазияға қарсы күресін жеңілдетті. Қазір КПСС Программасында атап көрсетілгеніндей, «социализм Советтер елінде салтанат құрды, халықтық демократия елдерінде шешуші жеңістерге жетті, жүз миллиондаған адамдардың практикалық ісіне, бүкіл дүние жүзіндегі жұмысшы табының революциялық қозғалысының туына айналды». Октябрь революциясының игі ықпалымен отар және тәуелді елдерде ұлт-азаттық қозғалысының қуатты толқыны өріс алды. Бұқараның санасын баурап алған социализм идеялары бүгінде аса қуатты материалдық күшке айналып отыр.

Адамзат тарихында талай-талай ілімдер, алуан түрлі идеялық бағыттар болған. Бірақ солардың басым көпшілігі уақыт сынын көтере алмай, қанаушы таптармен бірге тарих төрінен тайып отырды, өйткені олар қанаушы таптардың жоғын жоқтап, сойылын соққан еді.

Марксизм-ленинизм классиктері дүниедегі ең прогресшіл таптың — жұмысшылар табының, барлық еңбекшілердің мүдделерін көздейтін теория жасап шығарды. Бұл теория — бірден-бір дұрыс, жеңімпаз, нағыз ғылыми теория. Бұл теория практикаға жол салады, езушілерге қарсы күрестің әдістері мен амалдарын нұсқайды, жаңа социалистік қоғам орнатудың жарқын жолын нұрландырады.

Маркстік-лениндік теорияны, ғылыми социализм идеяларын басшылыққа ала отырып, Коммунистік партия еліміздің халықтарын капитализм қамалын шауып алуға бастады, Октябрь революциясының жеңіп шығуын қамтамасыз етті. Партия дүниеге келген күннен бастап социализмнің идеялық сенімді жауынгерлерін даярлау бағытында талмастан жұмыс жүргізді, бұқараны коммунизм идеяларымен қаруландырды. Партияның осы қажырлы қызметі тамаша жемісін берді. Коммунистер партиясы бастаған еліміздің халықтары революция жауларына қарсы азамат соғысында жеңіп шықты, халық шаруашылығын қысқа мерзімде қалпына келтіріп, социализм орнатуға кірісті.

Елімізді индустрияландыру, ауыл шаруашылығын коллективтендіру дәуірінде, соғысқа дейінгі бесжылдық жылдарында ғылыми соци-

ализм идеялары еңбекшілерге дем беріп, жаңа табыстарға жігерлендірді. Адамға қас қанқұйлы идеяны ту еткен гитлершіл фашизмге қарсы Ұлы Отан соғысы жылдарында қаһарман совет халқы Ұлы Октябрьдің жеңістерін, марксизм-ленинизм идеяларының ұлы жеңістерін қорғап қалды, сол арқылы бүкіл адамзатты фашизм апатынан құтқарды.

Соғыстан соңғы жылдарда коммунизм идеялары онан сайын салтанат құрды. Елімізде социализм толық және түпкілікті жеңіп шықты, енді біз кең өріс алған коммунизм құрылысы дәуіріне қадам басып отырмыз.

Коммунистік партия әрқашан да маркстік-лениндік теорияның, дүниеге ғылыми көзқарастың тазалығын қорғап келді. Ол II Интернационалдың оңшыл оппортунистері мен меньшевиктерге қарсы, троцкйшілдер мен бухариншілдерге қарсы, оппортунистер мен реформистер атаулының бәріне қарсы аяусыз күрес жүргізді.

Қазіргі жағдайда марксизм-ленинизмнің мейлінше айқын, мейлінше жүйелі, ғылыми негізделген қағидаларына империализм идеологтарының қарсы қоярлық дәнненесі болмай отыр, олардың бар айналдыратыны — өтірік-өсек, алдау, шындықты бұрмалау және антикоммунизмнің басқа да лас, пасық амалдарына жармасу.

Империализм айқайшылары ақты қара деп көрсетуге, Совет Одағының алып табыстарына, маркстік-лениндік идеялардың өміршең ұлы күші мен шыншылдығына көлеңке түсіруге тырысып, қаншама жанталасқанымен, ол әрекеттерінен ештеңе шықпайды, совет адамдары коммунизмнің түпкілікті жеңетініне кәміл сенеді. КПСС Орталық Комитетінің Октябрьдің елу жылдығына арнаған Тезистеріндегі: «Біз совет қоғамының бүкіл жарты ғасырлық дамуымен әзірленген коммунизм орнату мақсатына жету үшін сенімді жолмен алға басып келеміз... Болашақ жылдар Маркстің, Энгельстің, Лениннің ілімін, коммунизм ісін жаңа жеңістерге жеткізеді» деген пәрменді сөздерге әрбір совет адамы шын жүрегімен қосылады.

Өзінің практикалық қызметінде маркстік-лениндік ілімді басшылыққа алып, оның кіршіксіз тазалығын көздің қарашығындай қорғай отырып, сонымен бірге Коммунистік партия теорияны мәңгі-бақи қатып қалған догма емес, нақты іске басшылық деп қарайды. Партияның коллективтік ақыл-ойы теорияны үздіксіз дамытып, оны жаңа қағидалармен, қорытындылармен байытып отырады. Партияның міндеті, — деп атап көрсетті В. И. Ленин, — халық бұқарасы жүріп өтетін жолды нұрландырып отыру. Біз өзіміздің маркстік шамшырағымызды жоғары ұстаймыз, сөйтіп жеке таптардың әрбір қадамында, саяси және экономикалық әрбір оқиғада біздің ілімімізді өмірдің қуаттайтынын көрсетіп отырамыз.

Коммунистік ұлы өзгерістер жасауда материалдық алғы шарттар шешуші роль атқарады, сонымен бірге совет адамдарының өз қызметінің қоғамдық-тарихи мағынасын терең сезінуінің, қоғамға негіз болған принциптерді айқын түсінуінің орасан зор маңызы бар.

Еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің, үгіт пен насихаттың қазіргі кезеңдегі бағыттары КПСС Программасында, партияның XXIII съезінің шешімдерінде айқын көрсетілген. Ең бастысы — бұқараны марксизм-ленинизм идеялары рухында, жоғары саяси саналылық, еңбекке коммунистік көзқарас рухында, патриотизм мен пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелеу.

«Идеологиялық жұмыстың ең басты міндеті, — делінген Орталық Комитеттің Есепті баяндамасы бойынша XXIII съездің қабылдаған қаулысында, — жұмысшы табының, колхозшы шаруалардың, интеллигенцияның күш-жігерін халық шаруашылығын өркендетудің бесжыл-

дық жоспарын орындау, елімізде коммунистік қоғам орнату жолындағы күреске жұмылдыру болып табылады».

КПСС ХХІІІ съезі буржуазиялық идеологиямен, оның әртүрлі көріністерімен, совет адамдарының, әсіресе жас ұрпақтың санасына буржуазиялық идеологияны жұқтыруға тырысқан империалистік әрекеттермен күресті күшейту қажеттігін атап көрсетті. Бұл мәселеде марксизм-ленинизм идеяларын насихаттау, қоғамдық ғылымдар аса маңызды роль атқарады; қоғамдық ғылымдар коммунистік құрылыстың практикасымен тығыз байланыста экономиканың, саясаттың, философияның, социологияның, тарихтың, правоның маңызды мәселелерін зерттеп, шешуге тиіс.

Орталық Комитеттің КПСС ХХІІІ съезіне жасаған Есепті баяндамасында қоғамдық ғылымдар тек қана практиканы түсіндіруге, ұғындыруға бағытталған дейтін теріс ұғымнан арылу қажеттігі айтылды. Теория, делінген баяндамада, практикаға жол салуға, совет халқының экономикалық және мәдени өміріне қатаң ғылыми басшылық жасалуын қамтамасыз етуге тиіс.

ХХІІІ съезд қойған міндеттерге сүйене отырып, КПСС Орталық Комитеті жуырда «Қоғамдық ғылымдарды одан әрі дамыту және коммунистік құрылыста ғылымның бұл салаларының ролін арттыру жөніндегі шаралар туралы» қаулы қабылдады. Қаулыда былай деп көрсетілген: «СССР-дегі коммунистік құрылыстың қазіргі кезеңі, еңбекшілердің қалың бұқарасының қоғамдық белсенді қызметке тартылуы, біздің заманымызда жүзеге асырылып жатқан капитализмнен социализмге өту процесі, халықтардың қуатты ұлт-азаттық қозғалысы, ғылыми-техникалық революцияның жүзеге асырылуы, идеологиялық күшті күрес және дүние жүзілік дамудың басқа да процестері — осының бәрі марксизм-ленинизм тұрғысынан ұдайы, жан-жақты талдау жасап, теориялық жағынан қорытып отыруды талап етеді. Бұл жағдайда маркстік-лениндік теорияның маңызы бұрынғыдан да күшейіп, қоғамдық ғылымдардың ролі арта түседі.

Марксизм-ленинизм — социалистік қоғам дамуына басшылық етудің негізі, дүниені танудың және революциялық жолмен қайта құрудың қуатты құралы. Теория практикаға жол салып береді, қоғамдық өмірдің барлық саласында партияның саясатын белгілеу үшін ғылыми көзқарас болуын қамтамасыз етеді».

Орталық Комитеттің қаулысында Коммунистік партияның елімізде қоғамдық ғылымдарды дамыту ісіне басшылық етудегі орасан бай тәжірибесі қорытылған, партия ұйымдарының, қоғамдық ғылым қайраткерлерінің, идеология майданындағы барлық қызметкерлердің атқарар ісінің кең программасы белгіленген.

Бұл документ партия ұйымдарына, қоғамдық ғылым өкілдеріне, барлық ғалымдарға совет қоғамының қазіргі жағдайындағы қоғамдық ғылымдардың маңызы мен міндетін айқын түсіндіріп, қоғамдық ғылымдар саласындағы ғалымдардың әрбір тобының, маркстік-лениндік теорияны тарататын әрбір насихатшының творчестволық қызметіне нақты бағыт белгілеп берді. Сондықтан да КПСС Орталық Комитетінің қаулысы баспасөзде жарияланған күннен бастап партия комитеттері мен қоғамдық ғылым өкілдері, барлық насихатшыларымыз бұл документке мұқият зер салып, оны нақты іске басшылық деп қабылдады.

Орталық Комитеттің қаулысы қоғамдық ғылымдар жөніндегі өрісі кең, сонымен бірге мейлінше нақты программалық документ, орасан зор ұйымдастырғыш күші бар документ болып табылады. Бұл қаулы қоғамдық ғылымдардың ролі мен маңызын бағалауда осыдан бірнеше жыл бұрын орын алған күдіктер мен түсінбестіктерді біржола жояды; ал ол кезде кейбір кісілердің теория тек бүгінгі күннің ғана нақты міндеттерін негіздеуге тиіс деп, теорияның ролін тым аяйы түсіндіргені

белгілі. Іс жүзінде мұның өзі марксизм-ленинизм теориясының ролін кемітуге, кадрлардың теориялық даярлығын төмендетуге соқтырар еді.

Жоғарыда айтқанымыздай, соңғы жылдарда қоғамдық ғылымдарды дамыту үшін неғұрлым қолайлы жағдай жасалды: ғылыми зерттеулердің жоспарына елеулі өзгерістер енгізілді, жоғары оқу орындары үшін қоғамдық ғылымдар бойынша жаңа программа жасалды, жүйелі, тиянақты оқу құралдары шығарылуда. КПСС Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының елу жылдығына арнаған Тезистері маркстік-лениндік теорияны дамытуға баға жетпес үлес қосты.

Орталық Комитеттің қоғамдық ғылымдар жөніндегі қаулысында марксизмнің құрамдас үш бөлімінің де маңызы жоғары көтерілген және әрқайсысының нақты міндеті белгіленген. Философтардың алдына басқа міндеттермен қатар маркстік материалистік диалектиканы онан әрі талдап шешу, социалистік қоғам диалектикасы мен осы заманғы капитализмнің қайшылықтарын зерттеу міндеті қойылған. Қоғамдық ғылым өкілдері социализм мен коммунизмнің саяси экономиясын онан сайын дамытуға, социализмнің саяси экономиясының заңдары мен категорияларын, олардың әрекет жасау механизмін жан-жақты ашу мәселелерімен жақынырақ, тереңірек шұғылдануға міндетті. Соның өзінде экономикалық теория мен нақты салалық бағыттарды дамыту мәселелерінде алшақтыққа жол бермеуге айрықша назар аудару керек.

Орталық Комитет ғылыми коммунизм теориясы саласында еңбектеніп жүрген ғалымдардың басты міндеттерін айқындап берді, коммунистік тәрбие жұмысының мазмұны мен формаларын, еңбекшілердің санасы мен тұрмысындағы жеке меншікшілдік, діни, т. б. сарқыншақтарды жою жолдарын талдап зерттеу қажеттігіне назар аударды. Ғалымдардың күш-жігері мемлекеттік құрылыс пен социалистік демократияны жетілдіру процестері мен проблемаларын, жеке және қоғамдық мүддені ұштастыру, совет адамдарын патриотизм мен социалистік интернационализм рухында тәрбиелеу мәселелерін зерттеуге бағытталады.

Тарих ғылымының өкілдері алдына зор міндеттер қойылуда. Тарихшылар ең алдымен біздің партиямыздың орасан бай тәжірибесін қорытумен, оның коммунистік құрылыстағы ролінің артуы туралы мәселемен тереңірек шұғылдануға тиіс.

Орталық Комитет правотану, педагогика және социологиялық зерттеулер саласында да нақты міндеттер қойды.

Теориялық жұмысты барынша күшейтуді өмірдің өзі, бүкіл ішкі және халықаралық жағдай талап етіп отыр. Себебі, қазіргі заманда елдің өз ішінде де, сыртта да болып жатқан барлық процестер жөнінде бірден-бір дұрыс жауапты маркстік-лениндік теория ғана береді.

КПСС Орталық Комитеті барлық партия ұйымдарына ғылыми зерттеулердегі кемшіліктерді жойып, теориялық мәселелерді коммунистік құрылыстың практикасымен тығыз байланыста творчестволықпен шешуді, қоғамдық ғылымдарды оқытудың, кадрлардың маркстік-лениндік даярлығын жақсартуға қатысты бүкіл жұмыстың дәрежесін арттыруды тапсырды.

Осы талаптар тұрғысынан республиканың ғылыми мекемелері мен оқу орындары, ғылыми советтері мен кафедралары КПСС Орталық Комитетінің қаулысын жүзеге асыруға бағытталған нақты шаралар белгіледі. Атап айтқанда, ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттары мен тематикалық жоспарларын онан әрі анықтай түсу, ғылыми кадрларды оқыту және тәрбиелеу жұмысының формалары мен әдістерін жетілдіре беру көзделді.

Оқыту және методика жұмысы жөнінде, студенттер мен оқушыларға идеялық-саяси тәрбие беру ісін жақсарту бағытында бірсыпыра шаралар жүргізу белгіленіп отыр.

КПСС Орталық Комитетінің қаулысы — ұзақ мерзімге арналған аса маңызды программалық документ. Бұл документті басшылыққа ала отырып, республикада қоғамдық ғылымдардың жағдайын жақсартуға көмектесетін мәселелердің бәрін жан-жақты, терең ойластырған мақұл. Ең алдымен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау ісінде тәртіп орнату қажет. Кейде ғылыми мекемелер тақырыптар мен проблемаларды көбірек қамтуға тырысып, күрделі жұмыстармен қатар маңызы шамалы мәселелерді зерттеуге көп уақыт алдырады. Мұндай көп тақырыптылық ғылымдардың күшін бытыратып, зерттеу жұмыстарының көп жылдарға созылуына соқтырады. Көп жағдайда жоспар зерттеушінің жанын қинамайтындай етіп тым жеңіл-желпі жасалады.

Ғылыми зерттеулерде тиісті үйлестірудің жоқтығынан тақырып қайталаушылыққа жол беріліп келеді. Кейбір жұмыстар әлдеқашаннан белгілі шындықтарды сипаттауға бағытталады, ғылымға ешқандай жаңалық қоспайды. Қайсыбір зерттеулер мен монографиялық еңбектердің мазмұны терең емес, баяндау, сипаттау дәрежесінен аспайды. Тарихи фактілерді өз білгенінше қалай болса солай пайдаланушылықтар да кездеседі.

Империализм идеологтарының одақтас республикалардағы социализм құрылысының келелі табыстарын, соның ішінде Қазақстанның табыстарын бұрмалап көрсетуге тырысатыны баршаға аян. Осыған байланысты біздің өміріміздің шындығын терең зерттеп, антикоммунизм идеологтарына лайықты тойтарыс беріп отыру — қоғамдық ғылым өкілдерінің зор міндеті.

Республиканың Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің, Қазақ ССР Ғылым академиясының, жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелер басшыларының қоғамдық ғылымдар саласындағы кадр даярлау мәселесін мейлінше мұқият ойластырғаны дұрыс болар еді. Әзірге бізде бұл істің жайы мәз болмай отыр, белгілі қиыншылықтар мен кемшіліктер бар. Мәселен, республика жоғары оқу орындарының қоғамдық ғылым кафедраларында 800-ге жуық оқытушы қызмет істейді, солардың сегізі ғана ғылым докторы мен профессор, 265-і ғана ғылым кандидаты мен доцент. Бұл небәрі 34-ақ процент деген сөз. Облыстық қалалардағы жоғары оқу орындарының бірқатарында ғылыми дәрежесі мен атағы жоқ адамдар қоғамдық ғылымдардан сабақ береді, тіпті кафедра басқарады. Ал соның бержағында тиісті көмекпен бақылаудың жоғынан көптеген аспиранттар ғылыми мекемелердің немесе жоғары оқу орындарының қабырғасынан кандидаттық диссертациясын қорғамай шығады.

Кейбір ғылыми советтердің жұмысына жасалған талдау соңғы жылдары диссертация қорғайтындарға қойылатын талаптың біршама бәсеңсіп кеткенін көрсетті. Кейбір ғылыми қызметкерлер, диссертация жөніндегі оппоненттер жұмсактыққа, ымырашылдыққа жол береді. Соның салдарынан кей жағдайда нашар еңбек жазған адамдарға да ғылыми дәреже беріліп кетеді. Қайсыбір жерлерде кандидаттық минимум қабылдауға талап аз.

Қоғамдық ғылымдар жоғары оқу орындарының студенттері мен орта дәрежелі оқу орындары оқушыларының маркстік-лениндік дүние танымын қалыптастыруға мейлінше күшті және тікелей ықпал жасайды.

Соңғы жылдары бізде қоғамдық ғылымдардан сабақ беретін оқытушы кадрлар едәуір өсті. Олардың қатарында алуан ұрпақтың өкілдері бар. Студенттер мен оқушылардың арасында лайықты беделге ие болған талантты, қабілетті педагогтардың қатары көбеюде. Олар өздерінің жүрек жалынын жастарды тәрбиелеу ісіне сарқа жұмсап, коммунистше өмір сүруге, еңбек етуге баулиды.

Оқытушылар шын мәнісінде партияның идеологиялық жауынгерлері болған жерлерде қоғамдық ғылымдардың ролі күшейіп, оны оқыту дәрежесі артуда, оқытудың өмірмен, коммунистік құрылыстың практикасымен байланысы нығаюда. Ендігі міндет — бұдан былайғы жерде де студенттер мен оқушылардың санасында маркстік-лениндік теорияның қадір-құрметін, беделін арттыра беру қажет.

Маркстік-лениндік теорияны үйренуге студенттердің ықыласын күшейту үшін оқылатын материалды мейлінше тартымды, қызықты етіп жеткізе білу керек. Қоғамдық ғылымдардың әрбір оқытушысы марксизм-ленинизм идеяларының жалынды насихатшысы, саясат пен идеология мәселелерінде терең білім иесі, моральдық жағынан кіршіксіз таза болуға тиіс.

КПСС Орталық Комитетінің қоғамдық ғылымдар жөніндегі қаулысын жүзеге асырған кезде ескерілуге тиісті кейбір мәселелер міне осындай.

Совет өкіметінің елу жылдық мерекесін қуанышпен тойлап, орасан зор табыстарын қорыта отырып, еліміздің еңбекшілері әлі де шешілмеген міндеттерге назар аударуда, өздерінің күш-жігерін бесжылдық жоспарды абыроймен орындауға жұмылдыруда. КПСС Орталық Комитетінің «Қоғамдық ғылымдарды одан әрі дамыту және коммунистік құрылыста ғылымның бұл салаларының ролін арттыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысын ойдағыдай жүзеге асыруға лайықты үлес қосу қоғамдық ғылым өкілдерінің абыройлы борышы.

Жоғары және орта дәрежелі оқу орындарындағы партия ұйымдарының ең басты міндеті студенттер мен оқушыларды терең біліммен қаруландырып, оларды жоғары идеялылық, Коммунистік партияның ісіне, өзінің социалистік Отанына шексіз берілгендік рухында тәрбиелеуге педагог коллективтерін, комсомол, кәсіподақ ұйымдарын түгел жұмылдыру болмақ.

Торқалы той, үлкен қуаныш

Сырбай МӘУЛЕНОВ

МІНЕ дүние асыға күткен ұлы тойдың табалдырығын аттады. Кең әлемге керемет күн — ноябрь келді. Дәстүрлі мереке — дарқан тойдың жомарт дастарқаны жайылды. Қырмызы тулар ал-қызыл гүлдерге ұқсап көз жанарын үйіріп әкеткендей. Қазір жапырақтары желге ұшқан ну ормандардың өзі де қызыл жалаулардың сабына ұқсайды.

Ел аңсаған елу жылдық мереке бүкіл дүние жүзін асқар бір биікке көтеріп тастағандай. Көкіректі ерекше бір шаттықтың қоңыр желі желпіп өтеді. Әр адамның көңіліне қуаныш ақ қанатты, айқын да ашық үнді құс болып қонақтайды. Октябрь нұры әр адамның ойқиялын шарықтатып, шабыт шұғыласымен сәулелендіреді.

Октябрьдің биылғы торқалы тойы басқа тойлардан ерекше. Бұл күні біз жарты ғасырлық жарқын жолымызды шолып өтеміз.

Мен жақында ғана Ұлы Октябрь революциясының бесігі — Ленинград қаласынан оралдым. Бұл қала — өзінің Октябрьдің астанасы болуымен, өзінің қаһармандық қағидаларымен, жауынгерлік дәстүрлерімен жұрттың бәріне бірдей жақын қала. Бұл қаланың әсіресе мен үшін жүзі ыстық. Осы қаһарман қаланың қасында, Волховтың нулы ормандарының ішінде менің қаным тамған дөңестер жатыр. Осы қала мені бір туған жерімдей құшағына тартады да тұрады. Бұл қалаға барған сайын мен Ұлы Ленин болған жерлерді, Нева бойындағы ескерткіш орындарды аралауға асығамын. Міне Финляндия вокзалы. Вокзалда бір кезде Ленин Финляндиядан оралған атышулы паровоз тұр. Вокзал алаңында, жасыл гүлдердің арасында Октябрьге жол сілтеп броневиктің үстінде Ленин тұр.

Көк күмбездері күнмен шағылысқан Смольныйды араласаң, мәңгі есіңнен кетпейтіндей әсерге бөленесің. Ленин көтерілген баспалдақтар ғасырлардың асулары сияқты. Смольныйдың кең залы көзге ерекше ыстық. Мұнда данышпан Ленин Октябрьдің жеңісін жариялап, дүние жүзіндегі жаңа өкімет — Совет өкіметінің тұңғыш туын көтерген.

Ленинградтың әрбір тасы аяулы. Бұл тастар Ленин іздерін сақтап қалғандай болады да тұрады...

Неваның жағасында атақты «Аврора» крейсері асқақтап тұр. Жаңа дүниенің жаршысы осы крейсерді көруге елдің бәрі ынтық. Ленинградқа барған шетелдіктердің бірде-бірі «Аврора» крейсеріне соқпай кеткен емес. Ленин болған күрке де — бұл қаладағы қасиетті орындардың бірі. Разлив — шалқып жатқан шалқар көл. Оның бергі жағасынан катер қайықтар жүреді. Жел қайықтардың аппақ желкендері көл бетінде шағаладай қалқиды. Сол желкендер көлдің арғы бетіндегі қалың орманның кемеріне барып құйылып жатады. Орман ішінде В. И. Лениннің күркесі тұр. Осы бір күркенің ішінде жат көздерден жасырынып жүріп Владимир Ильич Апрель тезистерін жазды. Осы бір күркеден патша сарайына шабуыл басталды.

Бүгін Ұлы Октябрь социалистік революциясына елу жыл толып отырғанда ұлы Лениннің бейнесі көз алдымызға қайтадан келеді. Ол ұйымдастырып, ол шыңдаған Коммунистік партияның өткен тарихи жолдары көңілге оралады.

Коммунистік партия күз қиялы асуларға, асқар пыңдарға, келешек жылдарға, болашақтың бақытты дүниесіне даңғыл жол салды.

Партия ойының қуатты сәулесі келер күндердің қырларын жайна-тып салды. Мәңгілікке желі тартты. Коммунистік партияның бастауы-мен ержүрек еліміз ұлы сындардан мүдірмей өтті. Азамат соғысы, нәп кезеңдері, индустрияландыру мен коллективтендіру дәуірі, бес-жылдық белестері, Ұлы Отан соғысының отты жылдары еліміз үшін аса бір күрделі шақтар болатын. Ол жылдардың барлығы да тағды-рымыз тартысқа түскен ауыр жылдар еді. Сол жылдардан, апатты асулардан Коммунистік партия елімізді аман-есен алып шықты.

Еліміз өзінің тарихи тойына — Ұлы Октябрьдің даңқты елу жылдығына телегей теңіз табыстармен келді. «Елу жылда — ел жа-ңа» деп халық даналығы айтқандай, өміріміз жаңарып, жасарып, жайнай түсті. Жапан дала егістік алқаптарға айналып, шөлді құм-дарды көк толқынды өзендер, жасыл жапырақты ормандар орады. Советтік ракета көк жүзіне қанат қағып, Ай төсіне барып қонды. Со-вет азаматтары әлемде бірінші болып космос кеңістігіне көтерілді. Адамзат тарихында тұңғыш рет Шолпан арудың омырауына советтік алқа тағылды. Советтік ғылымның алдында бүкіл жер шары басын иді.

Советтік Отанымыз партияның бастауымен бүкіл әлемде бей-бітшілік пен ынтымақтың берік қамалына айналды. Данышпан көсем, Совет мемлекетін орнатушы кемеңгер Ленин Совет өкіметінің алғаш-қы күнінде бейбітшілік декретіне қол қойған болатын. Партия Ленин-нің бұл ой-арманын дәйекті түрде табандылықпен, қажырлылықпен жүзеге асырып келеді. Партияның бейбітшілік жөніндегі ұстаған сая-саты өмір кемесінің маяғындай жарқырап, дүние жүзі еңбекшілері-нің халықаралық ынтымағын, болаттай бірлігін, асқан ұйымшылды-ғын шыңдай береді.

Өзінің тарихи елу жылдық мерекесіне еліміз ерте бастан әзірлен-ді. Совет Одағының әрбір азаматы осы ұлы тойға лайықты тартумен баруды алдына абзал мұрат етіп қойды. Шахталардың терең қойнау-ларында, жасыл өзендей жалын жүзген мартен пештерінде, колхоз-совхоздардың егін далаларында, мал отарларында, көк теңіздің ай-дындарында, асқар таулардың құламалы құздарының ішінде Октябрь алдындағы жарыс жалауы көтеріліп, барған сайын өрши түсті. Қауырт қимыл, қарқынды іс ешбір толастаған жоқ. Отанымыздың барлық түкпір-түкпірінде Октябрь алдындағы вахтаның қуатты тол-қыны бұрқырап ойнады. Октябрьдің елу жылдығына қадам басқан қысымыз бен көктеміміз, жазымыз бен күзіміз елімізге тамаша та-быстар әкелді. Дүбірлі еңбектің, қыруар құрылыстың ұраны тек қана Октябрь болды.

Октябрь біздің Отанымыздың аспанында шабыт құсындай ша-рықтап ұшып жүреді. Балтықта түн көк жібек пердесін түсірсе, Чу-коткада алтын арайлы таң атып, күн шұғыласы советтік қызыл туы-мыздың қырмызы зерлі шашақтарындай төгіліп, көгілдір көлдерге, белес-белдерге, тотының қанатындай мың құлпырған орман-тауларға алтын сәулелерін себелеп еді. Октябрь күндіз де, түнде де қалғуды білмей қауырт еңбек етті. Октябрь сонау қыстан бастап жедел басып жеңістерді арқалап келе жатты. Войында қайрат оты лапылдаған жас жігіттей жаңа істерді жалғастырып әкетті. Октябрь тарихты өз үнімен оятып, жаңа бастамаларға жар салды. Отанымыздың о жағы мен бұ жағына көз салсақ, нелер бір ғажайып көріністерді көреміз. Советтік ғылымның құдіретіне құлшына қараймыз. Бірақ қазір тех-никаның жаңалықтарына көзін жұмып, аузын ашып таңырқайтын адамды таба алмайсың. Өйткені барлық іс өзіміздің кемеңгер пар-тиямыз белгілегендей жоспарлы түрде жүзеге асырылып жатыр.

Енді біз коммунизмнің күн сәулелі күмбезіне бүгінгі таңның биігінен қараймыз. Дүниеде шақырайған шаңқай түстің көзіне тек

қана мұзбалақ қыран жалтармай тура қарай алады екен. Сондықтан да халық қыранның көзін өткір деп қасиет тұтады екен. Біздің де көзіміз сол қыранның көзіндей. Келер күндеріміздің шындығына қыранша тура қарап, жол тартып барамыз. Біз болашаққа Лениннің көзімен қараймыз, біз болашаққа Лениннің адымымен адымдаймыз.

Ауада аппақ мизам шұғылалары ойнайды. Бұл Октябрь шұғылалары. Ақ сақалды асқар тау, айдынды өзен, ақ қайыңды орманның алған демі көкірекке нұр болып құйылып жатқандай. Таудан ұран салып құстардай қиқулап аққан бұлақтардың шуылында, ерте тұрып ел қырларын кезген нәзік желдердің зуылында Октябрьдің үні бар. Тарих бетінде жаңа заманның жарқын үнінің мәңгілік бейнесі болып қалған Октябрь күздің күнінің өзінде адам көңілінде мәңгі көктемдей көгеріп тұрады. Октябрь жаратылыс біткеннің барлық дәулеті мен сәулетін өз бойына жинап алған. Октябрьдің ауасы мәңгі ашық, мөлдір таза. Октябрь нұры дүниенің төрт бұрышына тұтас түсіп тұр.

Октябрьдің қуатты шұғыласының арқасында талай ел, талай халық азаттық алды. Ленин идеясымен қаруланған көптеген елдер социалистік мемлекет құрып, бақытты өмірдің салтанатты сарайының қабырғасын қалап жатыр. Оларды Ленин жолы алға бастайды. Олар біздің өткен даңқты жолдарымыздан үлгі алады. Олар біз өткен баспалдақпенен сатылап шығып, коммунизмнің нұрлы күндеріне құлаш ұрады.

Октябрь Отанымыздың барлық халықтарына бақыт әкелді. Ол ынтымақтаса, қолтықтаса еркін өмір сүрудің сара жолын салды. Совет Одағының барлық ұлттары өздерінің қолы жеткен тамаша табыстарымен Ленинге, Октябрьге борышты. Қазір ұлан-байтақ Отанымыздың халықтары бір семьяда тату-тәтті өмір сүріп, коммунизмнің жемісті бақшасын егіп жатыр.

Совет Одағының барлық еңбекшілері Октябрь күнін, Ленин үнін құшағын мол жайып, қуанышпен қабылдады. Ғасырлар бойы аңсаған азаттыққа тек қана Лениннің асыл ойлары, Октябрь нұрлары жеткізетінін олар айқын сезінді. Сондықтан да олар Октябрь дауылында өзінің бақытты бостандығы үшін үстем таппен кескілескен қанды майданға шықты. Соның бірі — қазақ халқы. Қазақ халқы Октябрь дауылынан оянып, Лениннің соңына ерді. Байтақ далада алғаш рет қызыл жалаулар көтеріліп, ескілік бұғауына қарсы жауынгерлік жорықтар басталды.

Менің алдымда ескі газеттер. Сол газеттердің бірінен өзімнің бұдан он екі жыл бұрын Торғай қаласының салынғанына жүз жыл толуына байланысты жазған мақалама көзім түсті. Онда Аманкелді айқасқан өңірдегі өзгерістерді айтуден бірге Торғай қаласының тарихына тоқталыпшын. Сол тарихтың өзінен Ұлы Октябрьден бұрын қазақ халқының қаншалықты езіліп, қаншалықты қайыршылық хал кешкені айқын аңғарылғандай.

Қостанай облыстық архивы материалдарының ішінде 1898 жылы Орынбор қаласында баспаға басылып шыққан, Торғай облыстық басқармасының аға кеңесшісі И. П. Кравтың жинап, жазған дала облыстарындағы қырғыздар туралы заң жинағы сақталған. Жинақтың «Дала облыстарының қалалары туралы тарихи статистикалық және заң мағлұматтары» деген бөлімі бар. Сол бөлімде біз мынадай жолдарға тап боламыз: «Торғай — Торғай өзенінің оң жақ жағалауында.

Орынбордан 866 шақырым.

Орынбор әскери губернаторы Обручевтің 1845 жылғы 31 майдағы № 462 жазба бұйрығы бойынша, жоғарғы мәртебелі тақсырдың бұйырыуымен 1845 жылы 22 июльде, майор Тамилиннің басқаруымен

Орынбор отряды Торғай өзенінің оң жағынан Жарық құзға қарама-қарсы Бесқопаға жақын жерден орын таңдап алып осы жерге Орынбор бекінісі салынды. Орынбор бекінісі Торғай уездік қаласы болып аталды».

Міне бұдан жүз жылдан астам бұрын патша өкіметі қазақ даласының орталығына бекініс есебінде салған Торғай Ұлы Октябрь социалистік революциясы қарсаңында қазақ халқының патша чиновниктері мен өз байларының қысымына қарсы ұлт-азаттық көтерілісінің орталығына айналды. Торғай қаласындағы көтеріліске, азаттық жолындағы айқасқа даңқты батыр Аманкелді Иманов басшылық етті. Аманкелді Иманов Әліби Жанкелдинмен тізе қоса отырып, Торғай қаласында Совет өкіметін орнату үшін күресті. Ақгвардияшыл бандалармен айқасты, Торғайдың әскери комиссары болды. Контр-революцияшыл алашордашыларға қасқайып қарсы тұрды. Өз халқының бостандығы үшін, Октябрь идеялары үшін Аманкелді құрбан болды.

Торғайда Аманкелдінің партизаны болған Омаров Ахмет дейтін ақсақал бар. Торғай тарихы оның алақанында. Оның әңгімесінен көп жайды білесің. 1845 жылы Торғай өзенінің жағалауына салынған Орынбор бекінісіне бірінші рет бес ағайынды Денисовтар келіпті. 1855 жылы бекіністе бірінші гильдиялық саудагер Гәуішевтің кәсіпорны ашылыпты. Өткен ғасырдың аяғында Торғайда небәрі 81 үй болыпты. Онда 897 адам тұрыпты.

Бір кезде соншалық жұпыны тарихы болған Торғай қаласының аты қазір бүкіл дүние жүзіне мәлім. Ұлы Октябрьден кейін Торғай қаласы да өзгерді. Қазір қалада ескі тапалтақ үйлердің орнына қос қабатты үйлер салынды. Оқу орындары, мәдениет ошақтары бой көтерді.

Бір кезде құлан жортпас құба жон аталған Торғай даласында темір де, көмір де бар екен. Ата-бабамыз айналасында тұнып жатқан асыл байлықты аңғармай, темір етік киіп, темір таяқ қолға алып бақыт іздепті. Темір етігінен теңгедей, темір таяғынан тебендей қалыпты. Ақырында темірге де зәру болыпты. Бірақ бақытты да, темірді де таба алмапты. Енді байқасақ сол темір өзінің аяғының астында жатыр екен. Қазір Соколов-Сарыбай комбинаты салынып, Торғай даласының темірі Оңтүстік Уралдың алып заводтарына жөнелтіліп жатыр. Торғай даласында қазір Лисаковка, Қашар сияқты темір рудасының қоймалары табылып, жаңа заводтар салынып жатыр.

Торғайдың жазық даласына асқар таулар орнап қалған. Ол табиғи таулар емес, жасанды таулар. Экскаваторлар сексен метр тереңдіктен жерді жеміріп, топырақ атқылайды екен. Сол топырақ Соколов-Сарыбай даласына салынған күмбездердей жазда сағыммен ойнап, мұнартып, алыстан қол бұлғайды. Түн болса сол далада көшпелі оттар ойнайды. Ана жерде бір, мына жерде бір жылтылдаған оттар кең жазықта көшіп бара жатқан қала тәрізді. Ол сансыз машиналардың сары далада жүзіп бара жатқан оттары. Сол комбинатта инженер болып істеп жүрген жас жігіттерді көргенде бойыңды бір мақтаншы сезімі билейді. Олар кеше ғана Торғайдың мектептерінде оқып жүретін. Енді олар орталық қалаларда институт бітіріп, өз жерінің асыл кендерін ақтарып жатыр. Осы өзгерістің барлығы өрен күштің, советтік шындықтың куәсі.

Жақын жағалар, алыс толқындар, келер күндердің көктемдері мен жаздары советтік шындықтың құшағына еркін сыйып тұр. Біздің жоспарлар құр қиял, жай жоба емес, жүзеге асырылатын советтік өмірдің асқан шындығы, айқын көрінісі. Бір кезде алғашқы бес-

жылдықтар тұсында еліміздің алып жоспарына сенімсіз қараған жаулар өздерінің жаңсақ басып, жалған ойлағанын кейіннен мықтап сезінді. Өскелең өмір заңы олардың алдына өз ережесін тартты. Қағазға түскен жобалар мұнарасы көкке бойлаған, бурыл ала түтіні бұлтқа ұласқан алып заводтар болып тұра қалды. Әрбір цифр жазда жапырағын жайған нулы ормандар болып гуілдеді, толқын атқан телегей-теңіз өзендер болып сөйледі.

Ғасырлар бойы құлазып жатқан қазақ даласының аз жылда адам танымастай болып, ғажайып түрге енетініне кезінде шүбеләнудің аз болған жоқ. Бірақ жылдар озған сайын қазақ елінің болат қорғаны бекіп, күш-қуаты шыңдалып, бойы биіктеп, тамыры тереңдей түсті. Қазақ республикасында өнбейтін кен тастары жоқ. Қазір біздің республикамыз алдыңғы қатарлы деген капиталистік елдердің қай-қайсысымен болса да бой теңестіріп, күш сынастыра алады. Советтік Қазақстанның қай облысында болсын фабрика-заводтар кенересін кеңге жайып, өмір ұшқынын атып жатыр. Ертіс өңірі, Сыр алқабы зор болашақтың қоймасы секілді. Қазақстан картасы ұлы құрылыстардың белгілерімен жаңадан құлпырып, жасарып сала береді. Асау өзендерге бұғалықтар салынады. Жер астының жаңа кендеріне халқымыз қарық болады.

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін республикамыздың ауыл шаруашылығы да алып адыммен аршындап алға басты. Еліміздің шығыстағы алтын қазынасына айналды. Қазақстан даласы қайнаған еңбектің ұйтқысы болып, Отан қоймасына берекелі даланың мол астығын тынбай жөнелтті. Республикамыздың солтүстік облыстарының диқандары сылбыр бұлтты, жаңбырлы күз күндерінде де Октябрь вахтасына тұрып, астық майданында аянбай еңбек етті. Октябрьдің елу жылдығы құрметіне алтын астықты күндіз-түні толасыз элеваторлар мен станцияларға жөнелтіп жатты. Октябрьден бұрын талай ашаршылықты басынан кешірген Торғай даласы биылғы жылы Октябрь рухымен ерекше жігерленіп, мемлекет қоймасына мол астық құюға жан сала кірісті. Биыл Қостанай диқандарының Отан қоймасына құйған мол астығы соның кепілі.

...Міне байтақ Отанымызда Ұлы Октябрьдің елу жылдық тойы басталды. Ұлы парад дүниені дүрілдетті. Алдыңғы сапта Октябрь ардагерлері, Отан соғысының майдангерлері, озат жұмысшылар, даңқты диқандар өтіп барады. Осы бір ұлы парад коммунистік болашаққа жол тартты. Парад үстінде Октябрь жалаулары желбірейді. Ұлы Лениннің бейнесі мереке күндері төбеде ту болып шалқиды. Ленин бұрынғысынша қолын алға сермейді. Алда аспаған асулы кезеңдер, жаңа шептер тұр. Ленин қолы сол жаңа шептерді мезгейді. Ұлы парад алға өрлеп бара жатыр. Алға өрлеген сайын адамзаттың арманды күні — коммунизм көктемі барлық гүлін жайнатып, барлық бұлбұлын сайратып ашыла түскендей. Адамзат аңсаған асыл көктем — жастық өлкесі жан балқып құшағын ашқандай. Сонау бір кезде «Аврорадан» лап етіп ұшқындаған Октябрьдің жалыны алыс аспанды айқара құшақтап коммунизм жарығына айналып барады.

Ұлы парад өтіп жатыр. Бұл парад тек қана біздің елімізде емес, коммунарлар құрбан болған Париж көшелерінде, Лондонда, дүниенің барлық қалалары мен далаларында асқан бір салтанатпен, ғажайып керемет күшпен алыстағы аймақтарды жаңғыртып кетіп барады. Парад үстінде алқызыл тулар. Осы тулар бірте-бірте ұласып, дүние аспанын сәулелі таңның нұрына бөлеп, бірте-бірте қанатын кең жайып, барлық дүниені қаусырып кеткендей...

Еңбекшіл таптың жолбасшысы Ленин

Сәкен СЕЙФУЛЛИН

АДАМЗАТТЫҢ тарихында бұрынғы өткен пайғамбарлардан, данышпандардан, ерлерден нығы асып туған арыстан, жер үстіндегі жалпы еңбекшіл таптың жолбасшысы Ленин жолдас еді.

Жалпы жер жүзіндегі түрлі сансыз халықтардың ішінде Ленинді білмейтін халық жоқ еді. Жер жүзіндегі барлық әлем Лениннің есімімен жалпы еңбекшіл таптың азаттығы, жалпы адамзаттың теңдігі байланысты екенін білуші еді. Жер жүзіндегі жалпы еңбекшіл таптың азаттығы, бақыты үшін ашылған һәм ашылмақ қанды майдандармен Лениннің есімі байланысты екенін және сол майдандардың қызыл туы, қаһарманы Ленин екенін жер жүзі біліп еді.

Адам баласының тарихында болмаған 1917 жылғы Октябрь революциясының басында Ленин болғанын барлық әлем көзімен көріп еді. Бұл революцияда Маркстің ғылымын, Маркстің қағидаларын ғаламға жайып, түрлі тәсілмен, түрлі саясатпен іске асырған Ленин еді. Жер жүзінде, тарихта болмаған еңбекшілер өкіметін орнатып, ол өкіметті қалың жау қамағанда дұшпандарды жеңіп, бетін қайтарып, еңбекшіл таптың өкіметін, революциясын тар жол, тайғақ кешулерден аман алып өткен Ленин еді. Күллі жер жүзіндегі халықтардың өз бетімен тіршілік қылып жүрген еңбекшілеріне ең бірінші теңдікке жетуге тура жол көрсетіп, ту көтеріп, жарлылар ұранын салған Ленин еді.

Жер дүниені күңіреңтіп салған ұранымен жалпы еңбекшіл тапты бір тудың астына бірлестіре бастаған һәм оларды рухтандырған, жігерлендіріп, рақымсыз жауға қарсы шығарған Ленин еді.

Жер жүзіндегі капиталистерді қаһарлы даусымен ең бірінші қалтыратып шошытқан Ленин еді. Жалпы адам баласының шын теңдігі, шын бақыты үшін қызыл туды қолға алып, сертті майданға шығып, салған ұранын ең бірінші іс жүзінде көрсеткен Ленин еді.

Сөйлесе шешен тілі бар,
Жарыста көсем, жетіп ал.
Қайратты, жігерлі арыстан,
Түпсіз терең данышпан, —

Ленин еді... Лениндей ерді енді тарих ғасырларда ғана туғызар.

Барлық әлемге қанатын жайған, барлық әлемнің еңбекшіл табының жолбасшысы болып отырған Коммунистік партияны құрушы, оны бастаушы, оны үйретуші, тәрбиелеуші және Совет өкіметін орнатып, оны бастаушы һәм жер жүзіндегі бүкіл еңбекшіл тапты байлар табына және олардың үкіметтеріне қарсы ашық майданға шақырушы Ленин еді...

СОВЕТ ӨКІМЕТІ ҮШІН КҮРЕСТЕ

Әліби ЖАНКЕЛДИН

1917 ЖЫЛҒЫ октябрьде Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңіп шықты. Осыдан іле-шала, бірнеше күннен кейін Я. М. Свердловтан Петроградқа шақыртқан телеграмма алдым.

Петроградқа келісімен Я. М. Свердловқа бардым. Ол маған жалпы жағдайды түсіндіріп, менің қызметім жайын әңгімеледі, бұл жөнінде өзінің Ильичпен сөйлесетінін айтты, үш күннен кейін тағы келуімді өтінді.

Уәделі күні Смольныйға жеттім. Мені Владимир Ильичке ертіп апарды. Бірнеше минут өтпей жатып бүйірдегі бөлмеден Ленин шыға келді. Менімен амандасты да:

— Сіз Жанкелдинбісіз? — деп сұрады.

— Ия.

— Мен сізді бір жерде көрген сияқтымын.

— Швейцарияда болар.

— Дұп-дұрыс. Енді есіме түсті.

Владимир Ильич менен Дала өлкесінде соңғы айларда болған оқиғаларды сұрады, Октябрь революциясының сипаты мен өзгешелігі, болашағы туралы айтып берді.

Владимир Ильич менімен ұзақ әңгімелесті.

— Буржуазиялық революцияның, — деді ол, — езілген халыққа түк те берері жоқ. Ал большевиктердің программасында езілген халықтарға азаттық әперу, сөйтіп олардың өз алдына дербес дамуына мүмкіншілік туғызу міндеттері көрсетілген. Біздің тактиканың мақсаты өз жағымызға интеллигенцияны, халықтың мәдени топтарын тарту болуға тиіс. Дұшпанға ешқандай рақым болмасын.

Менімен әңгімесін аяқтай келіп, Ленин былай деді:

— Дала өлкесіне барып жұмыс істеңіз, «Барлық өкімет Советтерге берілсін!» деген ұранды жақтаңыз! Қысылшаң сәттерде үзбей хабарласып тұрыңыз, ұялмай-ақ тікелей менің өзіммен сөйлесе беріңіз. Сіз Торғай облысының уақытша облыстық комиссары болып тағайындаласыз. Мұнда көп бөгелмеңіз. Сіздің мандатыңыз даяр.

Менің міндетім: Совет өкіметін орнату, Дутовпен күресу үшін қызыл гвардия отрядтарын жасақтау еді.

Владимир Ильичтің тапсырмасы бойынша мен Петроградтан жолшыбай Самараға соқтым. Мұнда келісімен губерниялық атқару комитетіне барып, губерниялық атқару комитетінің сол кездегі председателі Куйбышевпен таныстым. Ол Орынбордағы жағдайды баяндап, таяудағы ең шұғыл міндет — Совет өкіметіне қарсы бүліншілік бастаған Дутовпен күрес жүргізу екенін айтты...

Көп ұзамай мен бүкіл Дала (Қазақ) өлкесінің Төтенше комиссары болып тағайындалдым. Біз Советтердің Торғай облыстық съезін өткізуге әзірленіп жаттық...

Бұл съезд 1918 жылы 21 мартта ашылды. Съезді мен аштым да, делегаттарды құттықтап, сөз сөйледім. 24 мартта съезд Москваға, Халық Комиссарлары Советіне, В. И. Ленинге телеграмма жолдады.

Съезд Торғай облысында Совет өкіметін орнату туралы мәселелер қарап, ауылдық, селолық, болыстық, уездік, қалалық, облыстық Советтер туралы Ереже қабылдады. Съезд қаулысының кіріспе бөлімінде былай де-

лінді: «Советтердің Торғай облыстық съезі Россия Федеративтік Республикасын мекендеп отырған жұмысшылардың, солдаттардың, шаруалардың және басқа халықтардың қаны мен тері төгілген пролетариат өкіметін нығайту тек Совет өкіметін енгізу арқылы ғана орындалуға тиіс деп біледі».

Съезд Совет өкіметін нығайту және оның жеңістерін қорғау үшін қарулы күштер құру жөнінде баяндама тыңдап, қазақтың атты әскер дивизиясын құруға қаулы қабылдады. Халық Комиссарлары Советінен бұл қаулыны бекітуді және дивизияны қару-жарақпен, киім-кешекпен қамтамасыз етуге көмектесуді сұрадық.

Съезде бұдан басқа да бірнеше кезек күттірмейтін мәселелер: жер, азық-түлік, финанс, халық ағарту, сауда мәселелері қаралды. Секциялар мен комиссиялар жұмыс істеді.

Съезд үлкен өрлеу үстінде, «Барлық өкімет Советтерге берілсін!» деген ұранмен өтті. Ол өзінің жұмысын 1918 жылы 3 апрельде аяқтап, 25 адамнан атқару комитетін сайлады. Мен облыстық атқару комитетінің председателі болып сайландым...

1919 жылы көктемде Самарада қазақтың атты әскер дивизиясын құру қамымен жүргенімде тағы да Москваға шақырылдым. Владимир Ильичтің қабылдауында болдым. Владимир Ильич мені өте жылы шыраймен қарсы алып, қызмет жайымды сұрады. Мен оған алашордашылар туралы айтып бердім.

Осы әңгіме үстінде В. И. Ленин Қазақстан жағдайына ерекше көңіл бөлді. Қазақстанның бұдан былайғы тағдыры туралы мәселеге тоқталып, Қазақстанның өзін өзі билеуіне право беру керек, деді ол. Совет өкіметі Шығыс халықтарына әрдайым көмек көрсетуге тиіс, сөйтіп олардың өз өкіметі болуға тиіс.

Көп ұзамай Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатында кеңес болды, ол кеңеске мен де қатыстым. Кеңес Қырғыз (Қазақ) Әскери-революциялық комитетін құру туралы маңызды шешім қабылдады және бұл жөніндегі Ережені бекітті.

Қырғыз (Қазақ) Әскери-революциялық комитетіне жеті адам — 3 орыс, 4 қазақ кірдік. Комитет председателі болып Ұлт істері жөніндегі халық комиссарының орынбасары С. С. Пестковский бекітілді. Әскери-революциялық комитеттің құрамында С. С. Пестковский, С. Меңдешев, мен және басқалары бар еді.

Кеңес 1919 жылы майда өткізілді. Біз Москвада үш айдай болып, Қазақстанда Совет өкіметін орнату мен нығайтуға байланысты бірсыпыра мәселе шештік. Біздің қолымызға Халық Комиссарлары Советінің Председателі В. И. Ленин қол қойған куәлік қағаз берілді, онда біздің Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Әскери-революциялық комитеттің мүшелері екеніміз жазылған еді. Сонымен қоса мен Торғай облысының Төтенше әскери комиссары болып қала бердім.

Қазақстанның шаруашылық және саяси өмірінің әрқилы мәселелерін біз Халық Комиссарлары Советіне ұдайы мәлімдеп отырдық. РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси Бюросында Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Революциялық комитет туралы Ереженің жобасы бірнеше рет тыңдалды. Мұның өзі біздің ұлттық республикамыз жөніндегі тұңғыш советтік документ еді. Ереже жасау өте байыпты әрі ыждағатты жұмысты талап етті.

1919 жылы 10 июльде В. И. Ленин Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Революциялық комитет туралы Ережені бекітіп, оған қол қойды. Осы тарихи документті жасасуға мен де ат салысқан едім...

1920 жылы 26 августа Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен РСФСР Халық Комиссарлары Советі Қазақтың Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы туралы декрет қабылдады. Декретке В. И. Ленин мен М. И. Калинин қол қойды.

Советтердің Бүкіл қазақстандық бірінші съезі 1920 жылы 4 октябрьде Орынбор қаласында ашылды. Бұл күн лениндік ұлт саясатының салтанат құрған күні, азат Қазақстанның ақ гвардияшылар мен буржуазияшыл ұлтшылдарды— алашордашыларды жеңген күні болды. Бұл жеңіске қазақ халқы орыс жұмысшы табының көмегі арқасында, В. И. Ленин бастаған Коммунистік партияның басшылығы мен күнделікті қамқорлығы арқасында жетті.

Советтердің осы Құрылтай съезінде мен қазақ халқын бірлікке және талқандалған ақ гвардияшылар мен алашордашылардың қалдықтарын жоюға, олардың контрреволюциялық әрекеттерін әшкерелеуге шақырдым.

Съезд жер, әскери, азық-түлік және басқа мәселелер бойынша шешімдер қабылдады, Қазақстанның бірінші советтік үкіметін сайлады.

Съезд Қазақ АССР еңбекшілері праволарының Декларациясын қабылдады. Онда «Қазақстан жұмысшылар мен еңбекші қазақ шаруалары Советтерінің, казак және қызыл әскер депутаттарының республикасы болып табылады, Қазақ АССР-і РСФСР-ге біріккен Советтік Республикалардың ерікті Федеративтік Одағына автономиялы мүше ретінде кіреді» делінген.

Советтердің Бүкіл қазақстандық бірінші съезінде мен Шығыс халықтарының Бакудегі насихат және қимыл Советіне қазақ халқының өкілі болып сайландым.

Маған Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы Орталық Атқару Комитетінің атынан мандат беріліп, қосымша аманат тапсырылды. Бұл аманатта менің қазақ халқының өкілі ретіндегі міндеттерім көрсетіліпті. Атап айтқанда маған қазақтың еңбекші халқының тап жауларына қарсы революциялық күрес тәжірибесін ортаға салу тапсырылды. Сондай-ақ мен Қазақ АССР басшыларына Шығыс халықтарының насихат және қимыл Советіндегі жаңалықтарды жеткізуге тиісті болдым.

1920 жылғы октябрдің аяқ шенінде мен Бакуге бардым. Онда мені насихат және қимыл Советінің президиумына сайлады. Президиум құрамына 9 адам кірді, олардың ішінде Е. Д. Стасова, Н. Нариманов, Серго Орджоникидзе, мен және басқалары бар еді.

Совет секцияларға бөлініп жұмыс істеді. Мен Шығыс Түркстан секциясын басқардым. Бакуде бір айдай болып, насихат Советінің жұмысымен жақсылап таныстым.

Бұдан кейін 1920 жылы 18 декабрьде Орынборға келдім. Мені сырттан Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезіне делегат етіп сайлаған екен. Барлық делегаттармен бірге Москваға жүріп кеттім. Съезде В. И. Ленин болды. Мені Владимир Ильич тағы қабылдады. Владимир Ильичке өзімнің істеген жұмыстарымды баяндадым.

Қазақстанға қайтып оралған соң мен Қазақ АССР Орталық Атқару Комитеті Председателінің орынбасары және Әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссары болып сайландым. Ол кезде бұл халық комиссариаты үлкен роль атқарды.

1921 жылы Қазақстанда егін шықпай қалып, осының кесірінен аштық жайлады. Мен ауылдарда Совет өкіметін нығайту үшін қызыл керуенмен жолға шықтым. Мен керуен басы едім. Керуенге әрбір халық комиссариатынан өкілдер, халық комиссарлары немесе олардың орынбасарлары еріп жүрді. Небәрі 30-дай қызметкеріміз болды, бұған қоса 60 курсант ерттік, көптеген кездеме, азық-түлік, дәрі-дәрмек тиеп алдық.

1922 жылы 20 майда мен осы керуенмен Орынбордан аттанып, қыр елін түгел аралап шықтым. Орынбордан Семейге дейін сапар шеккен үш ай ішінде жер-жерде Совет өкіметін нығайтып отырдық, соттар құрдық, аштарға жәрдем көрсеттік. Бұл сапардан 1922 жылы сентябрьде ғана оралдым. Содан кейін де Совет өкіметін орнату және нығайту мақсатымен талай уезді аралауға тура келді.

Жастарға айтар сөзіміз

В. МЯГКИЙ,

1917 жылдан КПСС мүшесі

ҚАЗІРДЕ егде тартқан аға ұрпақтың жас шағы бүкіл адамзаттың жасару шағымен — Ұлы Октябрь тудырған ғажайып өзгерістермен тұспа-тұс келді. Жалындай жүріп, олар жаңа қоғамның жақсы істеріне араласты. Оны өз қолдарымен орнатты. Революцияның жеңістерін жаудан қорғап қалды. Өндірдей жастар үлкен жауапкершілік аркалап, зор жұмыс атқарды.

Азаттық таңы атқанда мен жиырма алтыда едім. Одан сегіз ай ғана бұрын большевиктер партиясының қатарына өткенмін. Бізге қисапсыз жұмыс істеуге тура келді. Буржуазиялық мемлекеттік аппаратты қиратып, қоғамдық өмірдің қалың қатпарын төңкердік. Енді оның орнына жаңа, жарқын қоғамның іргетасын қалау керек еді. Міне бұл істе партия тағы да жастарға сенім артты.

Революциялық қызметімнің алғашқы күндерінен бастап-ақ мен жастар арасында жұмыс жүргізуге тиіс болдым. Қазіргі өлшеммен алсақ ол кезде өзім де жас болатынмын. Бірақ едәуір тәжірибем бар-ды, біршама саяси сауатты да едім. Революцияшыл жастардың күш-жігерін шаруашылық құрылысқа жұмылдыруға белсене араластым.

Жастардың жаңа қоғам орнату жолындағы күреске деген ынтасы өлшеусіз еді. Қазір біз «Комитет жабық. Бәрі майданға кетті» деген тас-түйін сөздерді азамат соғысы туралы фильмдерден жиі көреміз ғой. Баз біреу мұны тек әсірелеу үшін қолданылған жел сөз деп те ойлауы мүмкін. Жоқ, тіпті де олай емес. Ол кездегі шындық дәл солай болатын: түп-түгел майданға аттанған комсомол комитеттерін кездестіру ешбір қиын емес-ті.

Шаруашылық құрылыс кең етек алған күндерде де дәл осылай болды. Күрестің от-жалынында шындалған жастар енді қайла мен күректі қару етіп сапқа тұрды. Көбіне аш-жалаңаш жүріп, нағыз ерлікпен еңбек еткен қорчагиндер аз болған жоқ.

Ал «кликбез» деген сөзді кім білмейді? Қысқа мерзім ішінде миллиондаған адамдардың сауатсыздығын жою міндетін де негізінен жастар атқармады ма? Және де қалай атқарды десеңізші! Көп жағдайда олардың өздері де шала сауатты еді. Бірақ білімге деген талабы таудай болатын. Қаранғы жұрттың сауатын аша жүріп, адам айтқысыз ауыр жұмыстан шаршап-шалдыға жүріп, өздері де оқыды. Бәріміз де оқыдық. Біз ұлы Лениннің: «білімсіз коммунизм жоқ» деген сөздерін екі елі естен шығарған емеспіз. Оның комсомолдың III съезінде сөйлеген сөзін жатқа білетін едік.

Алғашқы бесжылдықтар мен Ұлы Отан соғысы жылдарында да комсомол алдығы саптан табылғанын бәріміз білеміз. Қысқасы, еліміздің тарихындағы қандай бір маңызды бел-белесті алсақ та совет жастары оның ең биігінде болып келеді.

Менен: «Бүгінгі жастар туралы не айтасыз?» деп жиі сұрасады. Бұған: жас ұрпақ өзімізге әбден лайық дегеннен басқа не айтуға болады? Біздің революциялық дәстүрімізді ілгері дамыту жолында жастар аға буынның жалынды жастығынан аумайтын алғырлықпен, өскен өркеннің өзіне тән байсалдылықпен күрес жүргізіп келе жатқан жоқ па?!

Бытырғы күзде облысымыздың орталығында Алтын астық мерекесі өткізілді. Табиғат та ерекше бір мейірленіп, тамылжып-ақ тұрды ғой сол күні. Жиналған көп те жайраң. Ал мені алабөтен шаттандырған

тағы бір жай мынау еді. Алтын астық мерекесіне келген дала ардагерлерінің бәрі дерлік жастар екен. Қол шапалақтаған қошемет үстінде қысыла-қымсына келіп сыйлық алып жатқан жігіттер мен қыз-келіншектерді көргенде төбем көкке жеткендей сезімге бөлендім. Мерейін үстем болды деген осындай-ақ болар.

Өзім жетпегенге балам жетсе, менің істей алмағанымды балам жүзеге асырса деу — әке біткеннің ізгі арманы ғой. Алдыңғы толқын ағалар бүгінгі ұрпақтан соны күтеміз. Осы орайда тағы бір жай ойға оралады. Мен сонау 1911 жылдан бастап бірнеше жыл матрос болдым. Офицерлер: «Өй, кір-қожалақ ит-шошқа!» деп тілдесе де: «Дәл солай, мәртебелі тақсыр!» деп құлдық ұратын надан жастарды да көп көргем. Бірен-саранымыз ғана қара танитын едік онда.

Ал енді өткен жылы солдаттар арасында болған бір кездесуді айтайын. Мен жігіттерден:

— Араларыңда хат танымайтындар бар ма? — деп сұрадым. Жауап болмады.

— Қайсының бастауыш білімін бар? — дедім. Тағы да үн жоқ.

— Кімнің жеті кластық білімі бар?

Әр жерден он шақты жігіт қол көтерді.

— Орта білімділерің нешеу?

Жаппай қол көтерілді. Сол сәтте өзімнің не болып кеткенімді білмеймін. Көзіме жас тығылып, қарт жүрегім тулап қоя берді. Бір сәт үнсіз тұрып қалдым. Өзімнің қызығы мен қуанышы жоқ солдаттық шағым көз алдыма келді...

Иә, бүгінгі жастардан мен өзіміздің революциялық жастық шағымыздың жалғасын көремін. Бұл — құр мақтан емес, шындық. Ал кейбір замандастарым: «Қалай десең олай де, қазіргі жастар біртүрлі бос белбеу, сауықшыл болып кеткен» деп жеңістік бергісі келмейді. Оларға мен де болмаймын. «Айналайындар-ау, сендер билемейік, сауық құрмайық дедіндер ме? Жағдай болса біз де әндетіп, думандатып өспес пе едік? Жастардың сауығына шытынбандар. Қажет болса, олар басқаға да жарайды» деймін. Кешегі тың дастаны, Юрий Гагарин мен Владимир Комаровтардың таңғажайып ерлігі осының дәлелі емес пе!

Той үстінде жастарға айтар жалғыз тілек бар: Әкелерің мен ағаларыңның ерлік дәстүрінен айнымандар, әрқашан батыл да сергек күрескер болындар! — деймін.

Күрес пен жеңіс шежіресі

● 1917 жылы 25 октябрьде (7 ноябрьде) Россияда Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңді.

● Жұмысшы және солдат депутаттары Советінің 25—26 октябрьде (7—8 ноябрьде) Петроградта өткен Бүкілроссиялық II съезі бітім туралы, жер туралы декрет қабылдап, В. И. Ленин басшылық еткен тұңғыш Совет үкіметін — Халық Комиссарлары Советін құрды.

● 2 (15) ноябрьде РСФСР Халық Комиссарлары Советі В. И. Ленин қол қойған «Россия халықтары праволарының Декларациясын» бекітті.

● 1920 жылғы 26 августа Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен РСФСР Халық Комиссарлары Советінің В. И. Ленин мен М. И. Калинин қол қойған «Қырғыз (Қазақ) Советтік Социалистік Автономиялы Республикасы туралы» декреті шықты.

● Сол жылғы 4—22 октябрьде Орынборда Қазақстан Советтерінің I құрылтай съезі болды. Ол Қазақ Автономиялы ССР-інің құрылғанын салтанатты түрде жариялап, «Қазақ АССР-ы еңбекшілері праволарының Декларациясын» қабылдады. Қазақстанның тұңғыш Совет үкіметі құрылды.

Бостандық жолында

Ш. ӨТЕПОВ,

1928 жылдан КПСС мүшесі

ҰЛЫ ОҚТЯБРЬ! Сенің торқалы тойыңды жалғыз совет халқы емес, бүкіл социализм елі, дүние жүзінің пролетарлары, бостандық алған ұлттар, қалың бұқара болып тойлап отыр. Совет халқының жаңа өмірі, бостандық жолындағы революциялық күресі, социализм орнатқан тәжірибесі, дүние жүзінің еңбекшілеріне үлгі шам-шырақ болып, оларды империализмге қарсы күреске жігерлендіріп, жаңа өмір орнатуға шақырып, жеңіс жолдарын көрсетуде. Ұлы Октябрь — адамзаттың таны, ол қазірде дүние жүзіне өзінің нұрын шашуда.

Отанымыздың елу жыл ішіндегі ерен табысы оңайлықпен келген жоқ. Бұған жету үшін Ленин партиясы бастаған совет халқы талай сыннан, қия-қиын асулардан өтті.

Екі ғасырдың түйіскен кезінде туған біздер, ескі дүниенің күйреп, жаңа дүниенің — социализм дүниесінің қарыштап алға басқанын көрдік, оның нығаюына қолдан келгенінше ат салыстық.

Бала шағым, әлі есімде. Нағашы әжем Айша момың, мейірбан жан еді. Анда-санда аулына келгенде әжемнің ылғи намаз оқып отырғанын көретінбіз. «Мұныңыз не?» — дегенде, ол кісі: — «Құдайға сыйынып, тәңіріме жалбарынамын, адам баласына бақытты өмір бер деп тілеймін», — дейтін.

— Әже-ау, осы құдай адам баласын шынымен жарылқап, жұртқа бақытты өмір береді деп ойлайсыз ба? — деп сұрағанымызда:

— Е, балам, үміт қой, әйтеуір, — деуші еді.

— Міне осындай үмітпен әжем жетпіс жасқа жетті. Ол кісі аулына алты қадам аттап шықпаған, хат танымайтын, қаланы да көрмеген адам болатын. Сондықтан да ол кісі жақсы тұрмысты, әділ бостандықты тек күреспен ғана жеңіп алуға болатынын әлі түсінбейтін-ді.

Оның үстіне ақырған бай, аллалаған «әулие», жемқор әкім, арам-за атқамінер, жын шақырған бақсы бірінің сойылын бірі соғып, революциядан бұрынғы қаранғы ауылды бүйідей шағып, жуас түйедей жүндейтін.

Ауыл жағдайы осылай бола тұрса да, революция дауылы қазақ даласын толқытпай қойған жоқ. Марксизм-ленинизм идеяларының

● 1922 жылғы 30 декабрьде Советтік Социалистік Республикалар Одағы құрылды.

● 1936 жылғы 5 декабрьде Қазақ АССР-ы Қазақ Советтік Социалистік Республикасы болып қайта құрылды. Келесі жылдың 26 мартында Қазақстан Советтерінің Төтенше X съезі Қазақ ССР-інің Конституциясын қабылдады.

● Совет өкіметі жылдарында Қазақстанның қара металлургиясы ерекше қарқынмен дамыды. Тек жетіжылдық ішінде ғана республикада 1264 ірі өнеркәсіп орындары мен цехтар салынып, іске қосылды. Республикада 1964 жылы 14,1 миллион тонна темір рудасы шығарылып, 1965 жылы 1,1 миллион тонна болат балқытылды.

Қазіргі кезде республиканың қара металлургия кәсіпорындары бір минутта 27 тон-

на темір және көптеген тонна хромит рудасын өндіріп, 3 тонна шойын мен 3 тонна болат балқытады.

Отанымыз бір сағат уақыт ішінде Қазақстанның 1600 тонна темір рудасын, 180 тонна шойынын, 44 тоннадан аса қара металл прокатын алады.

● Қазақстанда шығарылатын әр түрлі 300 бұйым дүние жүзінің 70 еліне жөнелтіледі.

● Қашаннан да Қазақстан жері — түсті металдың қазыналы қоймасы болатын. Сөйте тұрса да осы кең-байтақ өлкеде революцияға дейінгі 200 жыл ішінде бар болғаны 70 мың тонна мыс, 156 мың тонна қорғасын, 920 тонна күміс өндірілген екен.

Қазірде мұндай өнімді бір ғана металлургия заводы жылға жетпейтін мерзімде шығара алады.

Қазақстанда біртіндеп тарай бастауының арқасында қазақ еңбекшілері де қанаудан, қараңғылықтан, правосыздықтан құтылу үшін, жаңа тұрмыс орнату үшін аянбай күресу керек екенін түсіне бастады, олардың таптық сана-сезімі ояна бастады.

Өткен жолға көз жіберсек, оянған өлкемізде большевиктер партиясының басшылығымен, орыс пролетариатының көмегімен өсіп-жетілген, олардың революциялық күрес тәжірибесінен тәлім алып, жаңа тұрмыс орнату жолында жан аямай күрескен талай-талай ер-азаматты көреміз.

Сан алуан оқиғалары қат-қабат келген қилы кезең еді бұл. Осындай қиын-қыстау кезеңде ескі дүниеге қарсы күреске аттанғандар революция ісіне, Ленин идеяларына шын берілген, өз ісінің әділеттігіне, түбінде жеңіп шығатынына кәміл сенген жандар еді.

Жыртық тон, көнетоз етік киген, қабақтарына қырау қатқан, төсегі мұз, жастығы қар болып, қанша қуғын-сүргін көрсе де жасымай, қажымас қайратпен келешек үшін күресіп, Ленин жолынан айнымай алға басқан қарт большевиктер бар бейнесімен көзге елестейді. Сол бір қиын-қыстау кездерде Қостанайдағы Нұрғаз Ералин, Оралдағы Мұхамет Мырзалиев, Петропавлдағы Кәрім Сүтішев революция жолына түскендердің алдыңғы сапында болып, марксизм-ленинизм идеясын таратып отырды.

Әліби Жанкелдин өзінің революциялық ісін Қазаннан бастады. Ол 1915 жылы большевиктер партиясының қатарына өтті. Қазанда РСДРП оқушы жастарының қатарында күреске қатысқан бөкейлік Нұғман Залиев болса, Успенск кеншілері «Орыс-қазақ одағын» ашты. Орыс-қазақ жұмыскерлерінің бұл одағы тап күресіне басшылық етті. 1905 жылдың декабрінде бұлар кеншілердің саяси көтерілісін ұйымдастырды. Бұл көтерілісті П. Топорнин, С. Невзоров, И. Қосқабаевтар басқарды.

Қазақ жұмыскерлері сонау 1912 жылы болған Лена оқиғасында да орыс жұмыскерлерімен бірге болды. Лена қырғыны кезінде жаралы болған қарқаралылық М. Жәнібековті патша соты 12 жыл каторгаға кесті.

Ал 1916 жылғы атақты халық көтерілісін Торғайда Аманкелді Иманов басқарды. Бостандық жолындағы күресте теңіздей буырқанған қазақ өлкесіне патша өкіметі мындаған тұрақты әскер бөлімдерін бірінен соң бірін жіберуге мәжбүр болды. Бұл көтеріліс патшаның отарлық саясатына елеулі соққы бере отырып, бүкіл елдегі революциялық қозғалыспен ұштасты.

Қазақстанда Совет өкіметін орнату жолында күрескен алғашқы революционерлер, ардагер ағалардың ішінде В. Куйбышевтың, М. Фрунзенің, Д. Фурмановтың, С. Сейфуллиннің, А. Асылбековтың, Б. Серікбаевтың, Ж. Нұркиннің, Т. Бокиннің, П. Виноградовтың, О. Жандосовтың, А. Розыбакиевтың, Ә. Майкотовтың, С. Шариповтың, С. Мендешевтің, Н. Нұрмақовтың, Я. Ушановтың, тағы басқа көптеген революционерлердің есімдері халықтың жүрегінде мәңгі сақталмақ.

Сол сұрапыл күндерде Қазақстанның революцияшыл жастары да орыс достарымен бірлесіп, революция жауларына қарсы күресті. Бұлардың ішінде Ғ. Мұратбаев, М. Тәтімов, Б. Жәнікешев, А. Майлыбаев, Ф. Рузаев, Ғ. Әзірбаев, П. Селиверстов, А. Кулеш, М. Масанчи сынды абзал адамдардың есімдері революцияның даңқ кітабына алтын әріппен жазылды.

Көптеген жастар революция үшін, жаңа өмір үшін жанын пидә етті. Гурьевте алғашқы комсомолецтер Мақашев пен Чапигуллинді ақтар атып өлтірді. Қарқаралының алғашқы комсомолецтері Ғ. Мусин мен Нина Иванова революция жеңісі үшін құрбан болды.

Октябрь революциясынан кейін, большевиктер партиясының бас-

шылығымен жер-жерде революцияшыл жастар ұйымы құрыла бастады. Әсіресе 1918 жылғы 29 октябрьде Москвада болған комсомолдың бірінші съезінен кейін жастар арасындағы жұмыс жандана бастады. Орда қаласында 1918 жылы ноябрьде комсомол ұйымы құрылды. Оның ұйымдастырушыларының бірі 1918 жылдан КПСС мүшесі Серікқали Жақыпов болды. Ал 1919—1920 жылдары комсомол ұйымдары Қазақстанның барлық қалаларында, бірқатар ауыл-деревняларында құрылды. Өскемен қаласына жақын жердегі Ахмер аулында комсомол ұйымын біздер 1920 жылы майда ұйымдастырдық. 1920 жылдың аяғында Қазақстанда комсомолға өткен жастардың саны 20 мыңға жетті.

Қазақстан комсомолецтері алғашқы ұйымдасқан күннен бастап-ақ партиямыздың нағыз жауынгер көмекшісі бола білді. Азамат соғысының от-жалынында мыңдаған комсомолец жастар қолына қару алып, қызыл әскер қатарында Қолчактың, Деникиннің, Анненковтың, Дутовтың, алашорданың ақ бандыларымен аянбай күресті.

Еліміздің басына түскен қиын-қыстау кезеңдерде Қазақстан комсомолының жігері бірде-бір жасыған емес, қайта сұрапыл қиыншылықтар жастарды шынықтыра түсті. Кірпік қақпай, нәр татпай жүрген күндердің өзінде де олар шаршадым, шалдықтым деп мұнайып көрген емес.

Комсомолецтер партия ұйымдарына көмектесіп, азық-түлік жинау отрядтарында, арнаулы әскер (ЧОН) бөлімдерінде қызмет істеп, байкулактардың қастық әрекеттеріне қарсы күресті, Қызыл Армияны және жұмысшы орталықтарын астықпен қамтамасыз етіп отырды. Комсомолецтер жергілікті Совет ұйымдарын нығайтуда, Совет өкіметінің заңдарын халыққа түсіндіруде елеулі еңбек сіңірді. Бүлінген шаруашылықты қалпына келтіру ісінде де жастарымыз жан аямай еңбек етті. Сенбілік, жексенбілік ұйымдастырып, тегін еңбек етті, алғашқы коммуналарды, өндірістік артельдер мен ауыл шаруашылық кооперативтерін ұйымдастыруға көмектесті.

Інкі Россия мен Урал өңірінің ашаршылыққа ұшыраған халқына Қазақстан комсомолы жәрдем қолын созды, сол жақтан қоныс аударып келгендерді, жетім балаларды орналастыруға қызу ат салысты. 1921 жылдың жазында Қазақ облыстық комсомол комитеті өлкедегі бүкіл комсомолды ашаршылықпен күресуге шақырды. Осыған үн қосқан комсомолецтер ашыққандарға жедел жәрдем ұйымдастырды.

Көмірлі Қарағандыда, мыс алыбы Балқашта, Шымкент қорғасын зауытында, Ақтөбе химия комбинатында алғаш жұмыс істеуге келген комсомолецтердің ішінде хат танымайтындары да аз емес еді. Ең қарапайым жұмыстан бастаған жастарымыз өндірістің өсуімен бірге өсті, ұстаз ағаларынан үйрене келе, маман жұмысшының, техниктің, инженердің дәрежесіне көтерілді. Құйын ойнап, қаңбақ секірген сар далада салынған Турксиб құрылысында жастарымыздың үлесі қанша десеңізші! Ауыл шаруашылығын жаппай коллективтендіру кезінде комсомол мүшелері колхозға алдымен кіріп, оның негізгі ұйтқысы болды.

Ленин есімімен комсомол Ұлы Октябрьдің жеңістерін жан аямай қорғап, тап жауларын талқандады, Ленин есімімен социалистік құрылыста еселі еңбек етті, Ленин есімімен фашизмді күйретті. Ленин есімі комсомолға өте қымбат, өйткені бұл есім оған жанаша өмір сүруді, жұмыс істеуді, күресуді, жеңіске жетуді үйретті. Бүгінгі жас ұрпақ планета үстінде Ленин туын жоғары көтеріп, Ленин өсиетін бұлжытпай орындай бермек, сөйтіп коммунизм жолындағы ұлы күрестің алдыңғы қатарында болмақ.



Индустриялы Қазақстан

Ә. КӘКІМЖАНОВ,

экономика ғылымының кандидаты

ӨТКЕН ЕЛУ жылға шолу жасап, елімізде жасалған экономикалық және әлеуметтік өзгерістерге көз жіберсек, олардың нәтижесі біз үшін мақтан етерліктей, ал өз елін социалистік жолмен қайта құру міндетін қолға жаңа алған немесе қолға алатын қай халыққа болса да үлгі боларлықтай.

Маркс, Энгельс және Ленин өздерінің еңбектерінде қоғамды социалистік жолмен қайта құрудың саяси және теориялық программасын жасап берді. Ұлы Октябрь социалистік революциясы қанаушы таптардың билігін құлатып, социализм орнатудың басты құралы — пролетариат диктатурасын орнатты. Коммунистік партия бастаған Совет мемлекеті марксизм-ленинизм іліміне сүйене отырып, жаңа қоғам құру ісін, өндірісті қоғамдастыру және шоғырландыру, өндіргіш күштерді өркендету жұмысын қолға алды.

Социализмнің негізін қалау, оның материалдық-техникалық базасын жасау міндеттерін революция жеңген күннің ертеңінде-ақ шешуге кірісу мүмкін емес-ті. Бұл үшін еліміздің техника-экономика жағынан мешеулігін жою керек болды.

Революциядан бұрынғы Россия аграрлық ел еді, оның дүние жүзілік өнеркәсіп өніміндегі үлесі 1913 жылы 4 проценттей-ақ болды. Мұндағы өнеркәсіп өнімін жан басына шаққанда АҚШ пен Англияға қарағанда 13—14 есе, Германияға қарағанда 10 есе кем болды. Мұның үстіне өнеркәсіптің кейбір шешуші салалары мүлде жоқ немесе мандымсыз болатын. Өнеркәсіптің жалпы көлеміндегі машина жасау саласының үлесі 5,7 процент, ал металлургияның үлесі 4,6 процент қана еді.

Ұлт аймақтарының халі мұнан да мүшкіл болатын. Өнеркәсіптің мешеулігі және патша өкіметінің реакциялық ұлт саясаты шеткері аймақтарға қырсығын тигізбей қоймады. Көне замандағы қазақ қоғамы, дамудың осындай сатысында тұрған басқа да халықтар сияқты ұлттық өнеркәсіпті жасай алмады. Байлықтың көзіне ие болған бай-феодалдар оны бағаламады. Қазақ байларының Қарағанды көмірін купец Ушаковқа 250 сомға сатқанын жұрт жақсы біледі. Ушаков және оның мұрагерлері алғашқы отыз жыл ішінде (1857—1887) жылына он мың тонна ғана көмір өндіруге шамасы келді. 1905 жылы Қарағанды француз капиталисі Карноға өтті. Мұның өзі де көмір өнімін жылына орта есеппен 40 мың тоннадан асыра алмады.

Біз революциядан бұрынғы ең ірі өнеркәсіп орны туралы айтып отырмыз. Жалпы алғанда, революциядан бұрынғы Қазақстанда небәрі екі мыңға жетер-жетпес ұсақ кәсіпорын және шеберхана болды, олардың әрқайсысында орта есеппен 3—4 адам ғана жұмыс істеді.

Сөйтіп, революциядан бұрынғы Қазақстан капиталистік даму дәуірін басынан өткізбеді, өнеркәсіп пролетариаты қалыптаспады, патриархтық-рулық құрылыс басым ел болып қалып қойды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңуі қазақ халқы үшін де жаңа заман туғызды. Еліміздің барлық халықтарымен бірге ол саяси бостандыққа ие болды. Коммунистік партия енді экономикалық дамудағы артта қалушылықты жою міндетін қолға алды. Сөйтіп, бұл міндет социализм орнату, социализмнің материалдық-техникалық базасын жасау міндетін орындау ісімен ұштасты. Қай қоғамның болса да даму дәрежесін, күш-қуатын анықтайтын нәрсе өндіріс құрал-жабдықтарының өркендеу дәрежесі екені жұртқа мәлім. Карл Маркс былай деп жазды: «Экономикалық замандар айырмашылығы ненің өндірілетіндігіне қарай емес, қалай өндірілетіндігіне, қандай еңбек құрал жабдықтарымен өндірілетіндігіне қарай анықталады. Еңбек құрал-жабдықтары адамзат жұмыс күші дамуының өлшеуіші ғана емес, сонымен қатар еңбек істелетін қоғамдық қатынастардың да көрсеткіші» («Капитал», I том, қазақшасы, 193-бет).

Ал өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру деген сөз өнеркәсіпті өркендету, оның машина, металл, көмір, мұнай, электр қуатын және басқа шепуші салаларын жасау деген сөз. Қазақстан үшін мұның өзі осы күнгі өнеркәсіпті жаңадан жасау деген сөз, былайша айтқанда, қоғамдық дамудың капиталистік сатысына соқпай өтіп, социализм орнату деген сөз еді. Мұнымен бірге Коммунистік партия Совет мемлекетін ішкі-сыртқы жаулардан қорғап қалу және жеңіл өнеркәсіппен ауыл шаруашылығын өркендету үшін ең алдымен ірі өнеркәсіпті жасау керек деп білді. Жер және оның кен байлықтары, өнеркәсіп орындары, банктер, транспорт және басқалар бүкіл халықтық мемлекеттік меншікке айналдырылуы социалистік өнеркәсіпті жасап, оны өркендетуге мейлінше қолайлы жағдай жасады. Елімізде өнеркәсіпті қалпына келтіру және өркендету зор қиыншылықтарға кездескені мәлім.

Қазақстанды индустрияландыру міндетін біздің республика өз күшімен жүзеге асыра алмайтын еді. Оған өндірістік негіз де, қаржы да, кадрлар да жоқ болатын.

Қазақстанда өнеркәсіпті жаңадан жасаудың тарихи міндеті республика еңбекшілерінің мақсат-мүддесіне сай бүкіл Совет елінде социализм орнатудың, елді социалистік жолмен индустрияландырудың жалпы одақтық міндетінің айырғысыз бір бөлегі ретінде қолға алынды. Демек, Коммунистік партия бұрын артта қалған ұлт өлкелерінің экономикасын көтеру міндетін елімізде социализм орнату ісінің бөлінбес бір бөлегі деп қарады. Қазақстанды индустрияландыру ісін бүкіл Совет Одағы болып қолға алды. Республикамыздың кен байлығы зерттеле бастады. Қазақстан жері бұрын ашылмай жатқан сандық сияқты еді. Осы сандыққа советтік құрылыс тұсында ғана кілт табылды, ұшан-теңіз байлықтың көзі ашылды. Хром мен ванадий қоры жағынан дүние жүзінде Қазақстанға тең келетін бірде-бір ел жоқ. Вольфрам, кадмий, қорғасын, күміс, молибден, мыс, мырыш сияқты бағалы металдар қоры жағынан республикамыз Одақта бірінші орында, алтын мен көмір қоры жағынан екінші, мұнай мен темір қоры жағынан үшінші орында болып отыр. Қазақстан алюминий мен никельге де бай, химия өнеркәсібінің шикізаттары мен құрылыс материалдары да мол. Қысқасы, Менделеев кестесіндегі элементтердің бәрі дерлік Қазақстан жерінен табылады.

Көмір, мұнай және газ қоры жағынан республикамыз Италия мен Франциядан бірнеше есе асып түсті. Міне осы байлықтарды игеру үшін советтік алғашқы бесжылдықтың кезінен бастап-ақ қазақ даласында заводтар мен фабрикалар, шахталар мен рудниктер, темір

жолдар мен тас жолдар салына бастады. Өнеркәсіптің алыптары иін тіресіп өсті. Мұның өзі Қазақстанды іргелі индустриялы елдер қатарына қосты.

Қазақстанда түсті металлургияның бүкіл одақтық маңызы бар негізгі базалары жасалды. Балқаш пен Жезқазғандағы, Оңтүстік Қазақстан мен Шығыс Қазақстандағы түсті металлургия кәсіпорындары — Совет Одағындағы алып кәсіпорындар. Елімізде қара металлургияны өркендетуде Магнитогорск комбинатының маңызы қандай болса, түсті металлургияны өркендетуде Балқаштың маңызы сондай болды. Қазақстанның түсті металлургиясы Одақта жетекші орын алып отыр. Ұлы Отан соғысы кезінде жауға атылған әрбір он оқтың тоғызы Қазақстанда өндірілгені де жұртқа мәлім. Әсіресе өткен жетіжылдық тұсында түсті металдардың атом энергетикасы, авиация және ракета құрылысы, электроника, радиотехника, аспап жасау үшін өте қажетті титан, магний сияқты сирек кездесетін түрлерін өндіретін кәсіпорындар салынып, шапшаң өсті.

Республика түсті металлургиясының озат кәсіпорындары — Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты, Шымкент қорғасын заводы, Балқаш және Жезқазған кен-металлургия комбинаттары Ленин орденімен, Лениногор полиметалл және Зырян қорғасын комбинаттары Еңбек қызыл ту орденімен наградталды. Бұл олардың елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға қосқан үлесіне берілген ең жоғары баға.

Жаңа бесжылдықта түсті металлургия өнеркәсібі мықтап алға басады, мыс және мырыш өндіру 1,9 есе, қорғасын 1,4 есе, титан 6 есе, магний 3,5 есе, глинозем өндіру 1,7 есе артады. Сөйтіп республикамыздың өнеркәсібінің жетекші саласы — түсті металлургия өнеркәсібі өркендей түсіп, оның коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудағы салмағы арта береді.

Қара металл өнеркәсібі де республикамызда мықтап өркендеу жолына түсті. Қара металлургияның маңызы аса зор. Ф. Энгельс тарихта темірдің зор революциялық роль атқарғанын атап айтқан болатын. В. И. Ленин темірді осы заманғы өнеркәсіп өнімдерінің ең бастыларының бірі деп есептеді.

Ұлы Отан соғысының алдында-ақ Ақтөбе облысындағы Донской және Гигант кендерінің іске қосылуы арқасында Совет Одағы хром рудасын шетелдерден тасуды тоқтатты. Қазір Ақтөбе облысы хром және феррохром өндіруде Совет Одағында пәнуші роль атқарып отыр. Қарағанды облысы марганец өндіруде көрнекті орынға ие болды. Мұнан соң Қарағанды, Қостанай облыстарында темір рудасын шығару жұмысы өрістетілді. Соколов пен Сарыбайдан темір рудасын өндіруді қолға алу Қостанай облысының республикамыздағы, бүкіл Совет Одағындағы салмағын мықтап арттырды. Қостанай даласында жүз мың халқы бар Рудный қаласы пайда болды. Сөйтіп Қазақстанда темір рудасын өндіру мықтап алға басты. 1966 жылы Қазақстанда 15,8 миллион тонна темір рудасы шығарылды. Мұның өзі Испания, Италия, Туркия, Батыс Германия сияқты елдердің бәрінің 1965 жылы өндіргендерінен асып түседі.

1970 жылы республикамызда 26 миллион тонна темір рудасы шығарылатын болады. Ал 1940 жылы бүкіл Совет Одағында осы мөлшерде ғана темір рудасы өндірілген болатын.

Республика еңбекшілерінің мақтанышы — Қарағанды металлургия заводының қатарға қосылуымен байланысты Қазақстан болат пен шойын қорытуда Одақта көрнекті орындардың бірін алып отыр.

Үстіміздегі бесжылдықта қара металлургия өнеркәсібінің өркендеуіне айрықша көңіл бөлінеді, бұл мақсатқа жұмсалатын күрделі

қаржы екі еседей артады. 1970 жылы 1965 жылға қарағанда темір рудасын шығару 1,85 есе, шойын құю 2,8 есе, болат қорыту 4 есе, прокат шығару 10 есе артады.

Қазақстанда қара металл өнеркәсібінің өркендеу келешегі зор. Академик Қаныш Сәтбаев айтқандай, республикада жылына 160 миллион тонна темір рудасын шығарып, 45 миллион тонна шойын, 60 миллион тонна болат қорытып отыруға мүмкіндік бар. Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолындағы күресте осы мүмкіндіктер толығынан пайдаға асатыны сөзсіз. Айталық, осы бесжылдықта Қазақстанда салынатын рудниктердің жылына 65 миллион тоннадан астам темір рудасын шығарып отыратын қуаты болмақ. Оның ішінде Лисаковка комбинаты жылына 36 миллион тонна, Қашар комбинаты 21 миллион тонна руда шығарып отырмақ.

Металл өңдеу және машина жасау өнеркәсібін құру және оны өркендету елді социалистік жолмен индустрияландырудың жетекші бір саласы болғаны жұртқа мәлім. Өнеркәсіптің бұл саласы революциядан бұрын жоқтың қасы еді. Қазір бұл салада айтарлықтай қадам жасалды. Алматы ауыр машина жасау зауытының, машина жасайтын басқа да ірі кәсіпорындардың көптеген өнімдері Совет Одағында ғана емес, шет елдерде де кеңінен танылып отыр. М. И. Калинин атындағы электроизоляция материалдары зауытын айтпағанда, электро-техникалық машина жасау саласы іс жүзінде өткен жеті жылдық тұсында қалыптасты. Алматыда төменгі вольтті аппарат, Кентауда трансформатор, Өскеменде конденсатор, Семейде кабель, Шымкентте электроаппарат заводтары салынып, өнім бере бастады.

Шымкент пресс-автомат және Алматыдағы «Октябрьдің ХХ жылдығы» атындағы заводтар — станок және аспап-инструмент өнеркәсібінің қарлығаштары. Сонымен қатар Ақтөбе рентген, Көкшетау механикалық және Өскемен аспап заводтары өсіп келеді.

Республикамызда ауыл шаруашылық машиналарын шығаратын кәсіпорындар да көп. Павлодар трактор зауытынан алғашқы трактор шығатын күн алыс емес. Металл өңдеу және машина жасау өнеркәсібінің басқа да көптеген салалары өркендеп келеді.

Республикамызда кең салалы химия өнеркәсібі жасалды. Революциядан бұрын Шымкенттегі дерменеден сантонин дәрісін шығаратын заводтан басқа ешбір химия кәсіпорны жоқ еді. Бірінші бесжылдықта Ақтөбе химия комбинаты, екінші бесжылдықта Арал сульфат комбинаты іске қосылды. Одан кейін Қаратау химия комбинаты, Жамбыл суперфосфат, Қостанай жасанды торқа зауыты, Ақтөбе хром қосындылар зауыты, Қарағанды синтетикалық каучук зауыты, Гурьев химия зауыты және басқалар бірінен соң бірі салынып бітіп, іске қосылып жатыр. Химия өнеркәсібінің өнімдері жылдам өсуде, ол 1965 жылы 1958 жылмен салыстырғанда 10,3 есе көбейді. Үстіміздегі бесжылдықта республикада химия өнеркәсібінің жалпы өнімі 3,1 есе, фосфор рудасын шығару 6 есе, минералдық тыңайтқыш өндіру 2,8 есе көбейтілмекші.

Индустрияны алға бастыру үшін соған лайық отын-энергетикалық база жасау республикамыздың өнеркәсібін өркендету жолындағы ірі міндеттің бірі ретінде қолға алынды. Көмір өнеркәсібінің революциядан бұрынғы сиқын жоғарыда көрсеттік. Осы заманға лайық көмір өнеркәсібі социалистік құрылыс жылдарында жасалды. 1930—1934 жылдардың өзінде-ақ Қарағандыда осы заманғы 14 көмір шахтасы салынып, іске қосылды. Революциядан бұрынғы 67 жыл бойы Қазақстанда барлығы 1,2 миллион тонна ғана көмір шығарылған болса, 1935 жылы 2,5 миллион тонна көмір шығарылды. Бұл алғашқы қадам еді. 1940 жылы республикада 6,3 миллион тонна кө-

мір шығарылды. Соғыс уақытында партияның, үкіметтің қамқорлығы және жұмысшылардың қажырлы еңбегі арқасында көмір шығару арта түсті, сөйтіп, 1945 жылы шығарылған көмірдің көлемі 9,4 миллион тоннаға жетті.

Көмір өнеркәсібі соғыстан кейінгі дәуірде күшті қарқынмен алға басты. Қарағанды көмір бассейні кеңі түсті. Шерубай — Нұра, Саран көмір шахталары іске қосылып, мұның негізінде Саран және Абай қалалары салынды. 1954 жылдан бастап Екібастұз көмір кені игерілді.

1966 жылы республикада 48,2 миллион тонна көмір шығарылды. Бұл Австрия, Испания, Италия, Канада, Нидерланды және Туркия сияқты алты елдің бір жылда шығарған көмірін қоса алғанда содан асып түседі. Ал 1913 жылы патшалық Россияда 31 миллион тонна ғана көмір шығарылған болатын.

Республикамызда мұнай өнеркәсібі революциядан бұрынғы дәрежесінен әлдеқайда асып түсті. Ембі кәсіпшіліктерін өркендетумен бірге Маңғыстау мұнайын өндіру мықтап қолға алынды. Соның арқасында 1966 жылы республикада 3,1 миллион тонна, 1967 жылдың алғашқы жартысында 2,4 миллион тоннаға жуық мұнай шығарылды. Демек, 1967 жылдың өзінде ғана мұнай шығару 1,5 миллион тонна өсейін деп отыр. Жаңа бесжылдықта бұл қарқын күшейе түспек.

Энергетика — социалистік индустрияның негізі. Қазақстанды электрлендіру Совет өкіметі тұсында ғана қолға алынып, жүзеге асты. Ірі-ірі өнеркәсіп орталықтарында осы заманға лайық электр станциялары салынды. Алтайдың, Қарағандының, Оңтүстік Қазақстанның энергетикалық орталықтары пайда болды. Бұқтарма су электр станциясы — Совет Одағындағы ірі электр станциялардың бірі. Соңғы кезде пайдалануға берілген Екібастұз, Рудный, Петропавл және басқа электр станцияларының өндірістік маңызы үлкен. 1913 жылы Қазақстанда 1,3 миллион киловатт-сағат электр қуаты өндірілген болса, 1940 жылы 632,0 миллион киловатт-сағат, 1958 жылы 8 525,0 миллион киловатт-сағат, 1966 жылы 21,4 миллиард киловатт-сағат электр қуаты өндірілді. Электр қуатын өндірудің республикамыздағы бүгінгі дәрежесі бүкіл Россияның 1913 жылғы дәрежесінен он еседен астам артық. Бұл осы күнгі Австрия немесе Швейцария сияқты капиталистік елдердің дәрежесінен асып түседі.

В. И. Ленин советтік құрылыс негізінде елді электрлендіру коммунизмінің түпкілікті жеңуінің шешуші шарты деп көрсеткен болатын. Қазір электр қуаты өндірісте, тұрмыста кеңінен қолданылуда. Осының негізінде өндіріс технологиясы жақсарып, еңбек өнімділігі артуда. Республикамызда әрбір жұмысшы еңбегінің электр қуатымен қарулануы 1940 жылы 18,8 киловатт-сағат болса, 1955 жылы 73, 1965 жылы 111 киловатт-сағатқа жетті.

Қазақстан Ұлы Октябрь социалистік революциясының елу жылдығына ірі индустриялы республика ретінде келіп отыр. Қол жеткен табыстардың тарихта теңдесі жоқ. Республика өнеркәсібінің қазіргі жалпы өнімі 1913 жылға қарағанда 102 есе, 1940 жылға қарағанда 13 есе, 1958 жылға қарағанда 2,8 есе өсті. Бүгінгі Қазақстан өнеркәсібінің жалпы өнімі бүкіл Россия өнеркәсібінің 1913 жылғы дәрежесінен 1,7 есе асып түсті.

Қазақстанның кәсіпорындары өзінің техникамен қаруланғандығы, қолданылатын технологиясы, жұмысшы, инженер-техниктерінің дәрежесі, шығаратын өнімдерінің сапасы жағынан Одақ бойынша көрнекті орындарда және ол капитализмнің ең озат деген елдерінің дәрежесінен кем түспейді. Мысалы, біздің домна пештеріміз, прокат стандартымыз, мартендеріміз аса қуатты кәсіпорындар болып табы-

лады, олар қазір Америка Құрама Штаттарының және басқа капиталистік елдердің осындай кәсіпорындарынан өнімді 1,5—2 есе артық беруде. Ал түсті металл кендерінде бұрғылау және металл қорытуда оттегін қолдану жөнінде Одақ бойынша да, халықаралық көлемде де алдыңғы қатардамыз. Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының, Шымкент қорғасын заводының, Алматы ауыр машина жасау заводының өнімдері өзінің сапасы жағынан Одақ көлемінде де, дүние жүзілік көлемде де жұртшылыққа кеңінен танылды. Бұл да біздің есейгенімізді, жетілгенімізді көрсетеді.

Осы сияқты озық индустриямен қатар темір жол, әуе, автомобиль және су транспортымыз алға басты. Оның үстіне осы заманғы құрылыс индустриясы жасалып, өсуде. Қазақстанда 1966 жылы 4,5 миллион тонна цемент өндірілді. Капитализмнің маңдай алды елдерінің бірі — Францияда дүние жүзілік екінші соғыс алдында бір жылда 4,3 миллион тонна цемент өндірілген болатын.

Ауыр индустрияның, озат ауыл шаруашылығының негізінде жеңіл және тамақ өнеркәсібі өркендеді. Алматы облысындағы «Алатау» шұға фирмасы, Алматы тоқыма комбинаты, Семейдің ет комбинаты және солар сияқты заманымыздың озық техникасымен толық жабдықталған кәсіпорындар бұл саладағы біздің мақтанышымыз болып отыр.

Біздің елу жыл ішіндегі табыстарымыз таңғажайып, ал келешегіміз мұнан да сәулетті. Қазір Қазақстан — ұлан-байтақ құрылыс алаңы. Біздегі құрылыс жұмыстарының қарқыны сондай, қазір орта есеппен бір күнде 10 миллион сомның күрделі қаржысы игеріледі. Ал социалистік құрылыстың алғашқы кезеңінде мұнша қаржы жылдап игерілетін.

Қазақстан — озат индустриялы ел. Осымен бірге халқы да кеме-ліне келіп өсті, өркен жайды. Республикамызды индустрияландыру жолындағы күрес кезеңдерінде советтік жұмысшы табы туып, қалыптасты, өсіп ер жетті. Қазір ол қазақ социалистік ұлтының жетекші күші ретінде коммунизм құрылысшыларының алдыңғы сапында келеді. Қазіргі жұмысшы саяси және техникалық біліммен мол қаруланған, ол елді, өндірісті басқаруға белсене қатысатын қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілді.

Бүгінгі индустриялы Қазақстанның еңбекшілері совет халықтарының туысқандық семьясында елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға лайықты үлес қосып отырғанын орынды мақтан етеді.

ШАЛҚЫҒАН БАЙЛЫҚ, ЕН ДӘУЛЕТ

Қ. ДИЯРОВ,

*Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті председателінің
орынбасары*

БҰЛ КҮНДЕРІ совет халқымен бірге бүкіл прогресшіл адамзат Ұлы Октябрьдің 50 жылдық торқалы тойын салтанатпен мерекелеуде. Совет халқы бүгін елу жылдың қырқасынан өткен өмірге көз жібереді, экономика мен мәдениетті өркендетуде қол жеткен табыстарын қорытындылайды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының арқасында қазақ халқы да қайта туып, отау тікті, өз мемлекетін құрды. Қысқа тарихи мерзім ішінде совет халықтарының туысқандық семьясында, ең алдымен ұлы орыс халқының қалтқысыз көмегі арқасында феодалдық-патриархтық тұрмыстан бірден бақыт жолына — социализм жолына түсті.

Бүгінгі Қазақстанның терезесі тең іргелі елдігін көрсететін мықты дәлелдің бірі — оның маңдай алды индустриясы, шырқау биікке көтерілген мәдениеті және озат социалистік ауыл шаруашылығы.

Ауыл шаруашылығы Қазақстан еңбекшілерінің ежелден дағдылы кәсібі болатын. Сондықтан советтік дәуірде Қазақстанның ауыл шаруашылығында болған өзгерістерді айқынырақ көру үшін алдымен оның революцияға дейінгі халіне қысқаша болса да шолу жасаған дұрыс.

Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін Қазақстан патшалық Россияның отарлық құлдықтағы мешеу қалған шет аймағы болатын. Мұндағы халықтың басым көпшілігі ауыл шаруашылығымен шұғылданды. Оның халық шаруашылығындағы үлесі 80 процент болды. Ауыл шаруашылығының жетекші саласы мал шаруашылығы еді.

Өлкенің ауыл шаруашылығы мейлінше мешеу еді. Ол атамзаманғы құралдармен жүргізілді. Мал шаруашылығы да, егіншілік те бүтіндей табиғаттың қияпатына тәуелді болды. Әлсін-әлсін қайталап тұратын жұт шаруалардың соры еді. Егін бітік болды деген 1913 жылдың өзінде дәнді дақылдардың шығымы орта есеппен әр гектарына тек 5,6 центнерден айналып, бүкіл Қазақстан бойынша 130 миллион пұт астық алынды. Ауыл шаруашылығы негізінен натуралдық шаруашылық еді, оның ішкі, сыртқы рынокпен байланысы нашар болды, өндірген өнімдері өлкенің өз қажетінен артады.

Мұның үстіне патшалық Россияда ол кезде үстемдік еткен крепостниктік-помещиктік қарым-қатынастың қалдықтары, қазақ аулын езіп-жаншып келген феодалдық-патриархтық салт-сана ауыл шаруашылығының өсуіне тұсау болып, орыс, қазақ және басқа ұлт еңбекшілерін зар қақсатып келді.

Сонымен қатар империалистік және азамат соғыстары ауыл шаруашылығын да қатты күйзелтті. Айталық, мал саны 1922 жылдың басында 1916 жылмен салыстырғанда екі еседен аса кемісе, егіс көлемі де көп азайды. Совет үкіметі азамат соғысы бітісімен ақ халық шаруашылығын қалпына келтіруге қызу кірісті. Партияның X съезінде В. И. Лениннің ұсынысы бойынша қабылданған жаңа экономикалық саясатты жүзеге асыру күйреген шаруашылықты қалпына келтіру міндетін аз жылдардың ішінде ойдағыдай орындап шығуға мүмкіндік берді. Мұнымен қатар Совет үкіметі ауыл-деревняда бірсыпыра әлеуметтік-экономикалық реформа жүргізді. Оның ішінде

Қазақстанда жүргізілген аса маңызды шараларды — кедей ауылдарды жерге орналастыру, осының негізінде көшпелі және жартылай көшпелі шаруаларды отырықшыландыру, шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу, ірі бай-феодалдарды конфискациялау сияқты шараларды атап көрсетуге болады. Бұл реформалар ауыл-деревняда кедей шаруалардың таптық санасының өсуіне, олардың шаруашылықтарының нығаюына, кедейлер мен орта шаруалар ынтымағының күшеюіне үлкен әсер етті.

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің жүзеге асырған әлеуметтік-экономикалық шаралары бүкіл елімізде, оның ішінде Қазақстанда да ауыл шаруашылығын едәуір ілгері бастыруға көмектесті. 1928 жылдың басында Қазақстанда малдың барлық түлігінің саны 30,5 миллионға жетті, яғни 1916 жылмен салыстырғанда 2 миллион артты. Ал егіс көлемі көп артпағанмен, егіннің бітік шығуына байланысты алынған жалпы өнім 1913 жылғыдан 12 процент асып түсті.

Алайда ауыл шаруашылығы әлі де көп артта еді. Егер өнеркәсіпте бұл уақытта өнімнің денін мемлекеттік социалистік сектор өндіретін болса, ауыл шаруашылығында социалистік сектордың үлесі жоқтың қасында еді. Мұнда әлі күнге дейін миллиондаған ұсақ шаруалар мен кулактар өндірісте басым болып келді. Ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасы да революцияға дейінгі дәрежесінен онша асқан жоқты. Сондықтан ауыл шаруашылығын бүтіндей қайта құруды тарихи дамудың объективтік заңы талап етті. Миллиондаған шаруаларға бұл жолды ұлы көсеміміз В. И. Лениннің кооперация жоспарына сүйене отырып, Коммунистік партия көрсетіп берді. Шаруа депутаттарының Бүкіл россиялық 1 съезінде сөйлеген сөзінде: «Егер біз ескіше ұсақ шаруашылық күйімізде отыра берсек, азат елдегі ерікті азаматтар болғанымызбен біз сөзсіз күйреу хаупінен құтылмаймыз» деп көрсетті Владимир Ильич.

Коммунистік партия шаруаларға коллективтік шаруашылықтың артықшылығын кеңінен түсіндіріп, олардың өз тәжірибесі арқылы бұған көзін жеткізді. Сонымен қатар бұл кезде елімізді индустриаландыру саясаты өзінің жемістерін бере бастаған еді, сөйтіп коллективтік ауыл шаруашылығының техникалық базасын жасауға мүмкіндік туды. Міне осымен байланысты 1929 жылдан бастап, бүкіл еліміздегідей, Қазақстанда да ауыл шаруашылығын жаппай коллективтендіру негізінде социалистік қайта құру дәуірі басталды. Өзінің әлеуметтік-саяси маңызы жөнінен бұл 1917 жылғы Октябрь революциясынан кейінгі ең ірі революциялық өзгеріс болды.

Ауыл шаруашылығын коллективтендіру Қазақстанда негізінен 1933 жылдың аяғында бітті. 1934 жылы барлық егіс көлемінің 90 проценттен астамы колхоздар мен совхоздарда болды.

Ұлы Отан соғысының алдында, 1940 жылы Қазақстанда 6 841 колхоз және 194 совхоз болды. Оларға 330 машина-трактор станциясы қызмет көрсетті. 1940 жылы республиканың социалистік егіс далаларында 40 мыңнан астам трактор, 10 мыңнан артық комбайн, мыңдаған автомашина, тағы басқа ауыл шаруашылық машиналары жұмыс істеді. Сөйтіп еліміз ауыл шаруашылық өнімдерін түгел дерлік колхоздар мен совхоздардан алып отырды.

Ауыл шаруашылығының социалистік системасы өзінің өмірлік күшін әсіресе Ұлы Отан соғысы жылдарында айқын көрсетті. Соғыс кезінің қиыншылықтарына қарамастан, Қазақстанның колхозшы шаруалары елімізді, майданды ауыл шаруашылық өнімдерімен үзбей жабдықтап, Отан соғысының жеңіспен аяқталуына аса ірі үлес қосты. Оның үстіне фашист басқыншыларынан азат етілген аудандарда ауыл шаруашылығын қалпына келтіру жөнінде туысқан республикалардың колхоздары мен совхоздарына үлкен көмек көрсетті.

КПСС Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 50 жылдығына арналған Тезистерінде атап көрсетілгендей, еліміздің ауыл шаруашылығын коллективтендірудің мәні мен маңызы аса зор. Ол Октябрь революциясының жеңістерін баянды етіп, ауыл мен деревняны жаңа, социалистік жолға түсірді, жұмысшылар мен шаруалардың одағын мәңгілік етіп, берік нығайтты, дүние жүзінде социализм ісіне қатты қауіп төндірген фашист басқыншыларды талқандап жеңудің аса маңызды тірегінің бірі болды.

Соғыстан кейінгі жылдары да Коммунистік партия мен Совет үкіметі бүкіл еліміздегі сияқты Қазақстанның ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде ерекше қамқорлық жасады. Ал біздің республиканың ауыл шаруашылығында пайдаланылмай жатқан резервтер ұшан-теңіз еді. Жыртуға жарайтын барлық жер 35 миллион гектардай болса, 1953 жылы соның тек үштен біріне ғана егін салынды, басқасы шабындық, жайылым ретінде пайдаланылды. Әрине, кең алқапты игеру үшін көп күш керек еді. Соғыста қираған қалалар мен селолар, өнеркәсіп қалпына келтіріліп, советтік индустрия жаңа қарқынмен дами бастаған кезде елімізде ауыл шаруашылығын өрге бастырудың бұл резервтерін толық пайдалануға мүмкіндік туды.

КПСС Орталық Комитетінің сентябрь (1953 ж.) Пленумы совет халқының, әсіресе қала тұрғындарының өскелең талабын өтеуді жақсартуға беру, өнеркәсіптің шикізат жөніндегі қажеттерін толық қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығын жедел қарқынмен өркендету шараларын белгілеп берді. Бұл үшін алдымен барлық ауыл шаруашылық дақылдарының шығымдылығын және мал шаруашылығының өнімділігін арттырумен бірге ауыл шаруашылық өнімдерін жедел арттырудың жолы — пайдаланылмай жатқан жерлерді игеру арқылы егіс көлемін ұлғайту деп көрсетті Пленум. КПСС Орталық Комитетінің 1954 жылғы февраль-март Пленумы еліміздің шығыс аудандарында, әсіресе Қазақстанда әлі күнге дейін пайдаланылмай жатқан тың жерлерді игеру жөнінде тарихи шешім қабылдады. 1954 жылдың көктемінде басталған тың игеру жорығында біздің республиканың орны ерекше болды. 1954—1962 жылдардың ішінде игерілген жаңа жердің көлемі 25 миллион гектардан асты. Сөйтіп республикада егістік жердің көлемі үш еседен артық ұлғайды.

Тың және тыңайған жерлерді игерудің нәтижесінде Қазақстанның ауыл шаруашылығы бұрын болмаған жаңа сатыға көтерілді. Қазір республикамызда 1 620 ірі совхоз, 442 ауыл шаруашылық артелі, ондаған ғылыми-зерттеу мекемелері, оқу орындары және 84 үлгі-тәжірибе шаруашылығы жұмыс істейді.

Тың игерудің басты нәтижесі — біздің республика еліміздегі ең

Күрес пен жеңіс шежіресі

● Өткен 50 жылда Қазақстан индустриялы республикаға айналды. Осыдан бірнеше жыл бұрын Қазақстанның дақын шығарған металл рудасы мен көмірі, түсті металы болса (Совет Одағында біздің республикамыз қорғасын балқытуда бірінші, мыс пен мырыш өндіруде екінші орын алады), өткен жетіжылдық ішінде Қазақстанның шойыны мен глиноземі, асбесті мен картоны, титаны мен магний, суперфосфаты шығарыла бастады.

● 1929—1932 жылдары республика халық шаруашылығына жұмсалған күрделі қаржы 43,4 миллион сом болса, 1966 жылы оның көлемі 3 363 миллион сомға жетті.

● Егер өнеркәсіп өнімінің өсу қарқыны 1913 жылы 100 процент болды десек, 1966 жылы ол 10 144 процент өсті.

● Қазіргі кезде Қазақстан химия кәсіпорындары шығаратын өнімдердің түрі 100-ге жетті.

● Жаңа бесжылдықтың бірінші жылының жоспары 104 процент орындалды. Республика өнеркәсібі биылғы жылдың 9 айлық тапсырмасын 104 процент етіп орындады.

● 1913 жылы өлкеде бар болғаны 90 мың тонна көмір шығарылса, 1966 жылы 48 222 мың тонна көмір өндірілді.

ірі астық базасына айналды. Товарлы астық өндіру жөнінде ол елімізде Россия федерациясынан соң екінші орында. Соңғы 14 жылдың ішінде республиканың мемлекетке берген астығы тың игеруден бұрынғы 14 жылмен салыстырғанда 6,3 есе көбейді, орта есеппен ол жылына 555 миллион пұттан келеді. Ал тың игергенге дейін Қазақстан орта есеппен жылына мемлекетке 88 миллион пұт қана астық беретін.

Тың жерлерді игеру республика ауыл шаруашылығының басқа салаларына да өзінің игі әсерін тигізді. Әсіресе мал шаруашылығы, оның өнімділігі мықтап артты. Тыңда құрылған жаңа совхоздар алғашқыда астық шаруашылығы ретінде ұйымдастырылған болса, бірекі жылдан соң оларда мал шаруашылығы да өркендеп, мал саны күшті қарқынмен өсе бастады. Тың совхоздары астық фабрикасы болумен бірге ет, сүт фабрикаларына айналды.

КПСС Орталық Комитетінің 1965 жылғы март және сентябрь Пленумдарының, 1966 жылғы май Пленумының шешімдері бүкіл еліміздегі сияқты біздің республикада да социалистік экономиканың, оның ішінде ауыл шаруашылық өндірісінің дамуында жаңа бет бұрыс, жаңа қарқын туғызды.

Міне бұл шараларды жүзеге асырудың нәтижесінде соңғы жылдары ауыл шаруашылығы өндірісінің өсу қарқыны бұрынғыдан едәуір шапшаңдай түсті. Оны мына мысалдардан айқын көруге болады. Республикада ірі қара мал қазір 1954 жылға қарағанда 74 процент, қой-ешкі саны 18,4 миллионнан 32,4 миллионға дейін, яғни 76 процент, шошқа саны 500 мыңнан 2 миллион 135 мыңға дейін, яғни 4 еседен артық өсті. Осымен бірге совхоздар мен колхоздарда әрбір сиырдан сауылған сүт 936 килограмнан 1 900 килограмға дейін артты. Етке өткізілетін малдың тірі салмағы, қойдың жүнділігі, бір тауықтан алатын жұмыртқаның саны да анағұрлым көбейді. Бұл жылдардың ішінде дайындалған еттің мөлшері 2,6 есе, сүт — 3,2 есе, жұмыртқа — 9 есе, жүн — 2,7 есе көбейді.

Қазақстанның ауыл шаруашылығы қазір көп салалы. Ол мемлекетке жоғарыда аталған өнімдермен қатар мақта, қант қызылшасын, күріш, картоп, овощ, майлы дақылдар, жүзім, алма, тағы басқа жемістер береді.

Ауыл шаруашылығының шалқып өсуі нәтижесінде біздің республиканың елімізде ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындаудағы үлес салмағы мықтап өсті. Мысалы, Совет Одағында дайындалатын бидайдың бестен бірі, жүннің төрттен бірінен артығы, қаракүл елтірісінің үштен бірі Қазақстанда дайындалатынын, біздің шопандардың тек бір жылда мемлекетке өткізетін жүнінен 40 миллион костюмдік

● 1913 жылы Ембіде небәрі 117 мың тонна мұнай өндірілген болса, республика бойынша 1966 жылы 3 103 мың тонна мұнай шығарылды.

● 1913 жылы Қазақстанда жалпы қуаты 2 мың киловаттық шағын электр станциялары жұмыс істеді. Бұл станциялардың барлығы жиналып 1,3 миллион киловатт-сағат электр қуатын берді.

Совет өкіметі тұсында Қазақстан ірі-ірі станциялары бар қуатты электрлі республикаға айналды. Жаңадан үлкен-үлкен электр станциялары салынды. 1913 жылы өлкеде бір минутта 2,5 мың киловатт-сағат электр қуаты өндірілсе, 1965 жылы бір минутта

өндірілген электр қуаты шамамен 31,3 мың киловатт-сағат болды.

1966 жылы Қазақстанда барлығы 21 484 миллион киловатт-сағат электр қуаты өндірілді. Бұл Дания, Түркия, Иран, Ауғанстан, Пакистан, Индонезия, Камбоджа, Бирма, Ливан, Оңтүстік Вьетнам сияқты елдердің барлығы өндірген электр қуатына тең.

● 1913 жылы Қазақстанда небәрі 2,08 мың километр темір жол болса, 1966 жылы оның ұзындығы 13,12 мың километрге жетті.

1913 жылы темір жолмен тасылған жүк 0,5 миллион тонна болса, 1965 жылы 130,1 миллион тонна болды.

жоғары сапалы мата тоқуға болатынын, республикамыздың одақтық қорға жыл сайын 200 мың тонна ет, 170 мың тонна сүт, тағы басқа өнімдер беретінін ерекше мақтаныш сезімімен айтуға болады.

Ауыл шаруашылығының жоғары қарқынмен өркендеуі оның мықтап өскен материалдық-техникалық базасының негізінде ғана мүмкін болды. Республиканың ауыл шаруашылығында істейтін тракторлардың саны (15 аттың күшімен есептегенде) 1953 жылы 70 мың болса, 1966 жылы 428 мыңға жетті, яғни 6 есе өсті, астық комбайнның саны 22 мыңнан 97 мыңға жетті, яғни 4,4 есе артты. Жүк машиналарының саны 21 мыңнан 112 мыңға жетті, яғни 5,5 есе көбейді.

Соңғы жылдары ауыл шаруашылығындағы күрделі құрылысқа және оны техникамен жабдықтауға жұмсалған қаржы 9 миллиард 555 миллион сом болды.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін арттырудың негізгі бір көзі — республикамызда қазір суармалы егістің көлемі 1 миллион 276 мың гектарға жетті. Суармалы жерлердің дені республиканың оңтүстік, оңтүстік-шығыс аудандарында орналасқан. Суармалы жерлерге ең алдымен техникалық дақылдар, көп жылдық шөптер, сонымен қатар дәнді дақылдар егіледі. Өткен жылы мақтаның әр гектарынан орта есеппен 19,6 центнерден, қант қызылшасының гектарынан 312 центнерден, күріштің гектарынан 30,5 центнерден, жүгерінің гектарынан 28,8 центнерден өнім алынды.

КПСС Орталық Комитетінің 1966 жылғы май Пленумының шешімдеріне сәйкес республикамызда ирригациялық құрылыс қазір кең көлемде жүргізіліп жатыр. Әсіресе жайылымдарды суландыру ісі кең өріс алды. Қазірдің өзінде 40 миллион гектардай жайылым суландырылды.

Қазақстанның ауыл шаруашылығының гүлденуін сөз еткенде оның өскен маман кадрлары туралы айтпай кетуге болмайды. Қазір республиканың ауыл шаруашылығында жоғары және орта дәрежелі білімі бар 35 мыңнан астам маман қызмет істейді. Оның үстіне миллиондаған майталман механизатор, егінші, малшы және басқа қызметкерлер осы күнгі ғылым мен техниканы, озат тәжірибені меңгеріп, өз ісінің шебері болып алды. Олардың ішінде Социалистік Еңбек Ері деген ең жоғары атаққа ие болған жүздеген басшы қызметкер, маман, өндіріс озаты бар.

Қазақстанның ауыл шаруашылығының таяу жылдарда асатын асуы бұдан да биік. Сүйікті партиямыздың XXIII съезінің шешімдеріне сәйкес 1970 жылы біздің республикада астық өндірісін 21—22 миллион тоннаға жеткізу, жаңадан 300 мың гектар жер суару және басқа шаралар белгіленіп отыр.

Республиканың ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына қойылған бұл міндеттерді толық орындап шығу үшін бізде барлық мүмкіндік бар. Бесжылдықтың алғашқы екі жылының қорытындылары да бұл міндеттердің орындалатынын көрсетті. Республиканың совхоздары мен колхоздары егіншілік мәдениетін көтере отырып, ауыл шаруашылық дақылдарының шығымдылығын едәуір арттырды. Жоспар бойынша екі жылда мемлекетке бір миллиард 196 мың пұт астық сату керек болса, іс жүзінде қазір 1,5 миллиард пұттан аса астық сатылды. Қазақстан ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің Ұлы Октябрьдің 50 жылдық мерекесі күндерінде совет халқының берекелі де дарқан дастарқанына қосқан үлесі міне осындай.



Көркейген халықтың гүлденген мәдениеті

Б. БӨЛТІРІКОВА,

Қазақ ССР Министрлер Советі председателінің орынбасары

БҰДАН елу жыл бұрын, Ұлы Октябрь социалистік революциясының нәтижесінде біздің халқымыздың бүкіл рухани өмірінде түбегейлі төңкеріс басталды. Совет өкіметінің 50 жылдығы — социалистік мәдениет құрылысының да елу жылдығы. Революцияның от-жалынында туған совет өнері адамзат мәдениетінің дамуындағы жаңа белес болды. Ол өз принциптерін белгілеп, капитализмнің ірік-шірік рухани мәдениетіне мүлдем қарама-қарсы өзінің бай мұрасын қалыптастырды. Социалистік реализм өнері — советтік құрылыстың жасампаз күш-қуатынын айқын белгісі.

КПСС Орталық Комитетінің «Ұлы Октябрь социалистік революциясына 50 жыл» деген Тезистерінде: «Совет мәдениетінің ең үздік жетістіктері халқымыздың рухани өміріне мықтап енді, бұл жетістіктер бүкіл адамзаттың прогресшіл мәдениетінің асыл қазынасын байытып, дүние жүзінде қадір-құрметке ие болып отыр. Социалистік мәдениет адамды рухани құлдыққа салатын және дәрменсіз ететін идеологиялық реакцияның барлық түріне қарсы шығады. Совет мәдениеті революциялық гуманизм туын жоғары ұстап келеді» деп атап көрсетілді.

Даңқты елу жылдықтың бүгінгі асқар биігінен көз салсақ, мәдениетіміздің қаншалықты алға кеткенін Советтік Қазақстан мысалынан байқау қиын емес.

Біздің республикамыз Совет өкіметі жылдарында кеменгер Коммунистік партияның басшылығы арқасында, ұлы орыс халқының, Отанымыздағы басқа да халықтардың туыскандық көмегімен дамудың капиталистік жолына соқпай-ақ, феодализмнен социализмге бірден алып адым жасады. Патшалық Россияның артта қалған мешеу шет аймағынан Қазақстан күшті дамыған индустриялы-аграрлы республикаға айналды.

Қазақстан өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемі 1913 жылмен салыстырғанда 102 есе өсті. Республикамызда машина жасау, металл өңдеу, көмір, мұнай, химия, жеңіл, тамақ өнеркәсібі, құрылыс индустриясы шапшаң қарқынмен өркендеуде.

Халық шаруашылығының үстіміздегі бесжылдықтағы даму болашағы бұдан да зор. Мынаны айтсақ та жеткілікті. 1970 жылы республикамыздың индустриялық қуатына тағы бір Қазақстан қосылады десе болғандай. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1,7 есе артады.

Совет өкіметі жылдарында Қазақстанның социалистік ауыл шаруашылығы да алып адыммен алға басты. Біздің республикамыз бидай өндіру жөнінен елімізде жетекші орындардың бірінде.

Октябрьдің ұлы жеңістерінің бірі — мәдени революцияның жүзеге

асырылуы. В. И. Ленин буржуазиялық және социалистік мәдениеттің түбірлі айырмашылығын атап көрсетіп, социалистік қоғамда техниканың барлық кереметі, мәдениеттің барлық жетістігі бүкіл халықтың игілігіне айналады деген еді.

КПСС Орталық Комитетінің Ұлы Октябрьдің 50 жылдығына арнаған Тезистерінде былай делінді: «Мәдени революция — күрделі және ұзақ процесс. Елдің мәдени мешеулігінің, маман кадрлар мен қаржының мейлінше жетіспеуінің қиын жағдайларында мемлекет халыққа білім берудің жаңа жүйесін құрды, бұл жүйе халықтың жаппай сауаттануын қамтамасыз етті, ғылым мен мәдениеттің жедел өрге басуын, жас өспірім ұрпақтың социализм рухында тәрбиеленуін қамтамасыз етті. Бұрынғы интеллигенцияның таңдаулы өкілдері халық қызметіне көшті. Социализм ісіне шын берілген жаңа, жұмысшы-шаруа интеллигенциясы қалыптасты.

Мәдени революцияның барысында социалистік, шын мәнісінде халықтық мәдениет жасалды. Еңбекшілердің миллиондаған бұқарасының социалистік санасының қалыптасуы мәдени революцияның аса зор жетістігі болып табылады».

Совет өкіметі жылдарында Коммунистік партияның басшылығымен Қазақстанда түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениет жасалды. Бұл саладағы қолымыз жеткен үлкен жетістіктің бірі — сауатсыздықтың жойылуы. Бір кезде жаппай надандық, қараңғылық жайлаған өлке енді озық мәдениет пен техниканың республикасына айналып, дүние жүзін таңқалдырып отыр.

Қазір біздің Ғылым академиямыз бар, ол 163 ғылыми зерттеу мекемесін біріктіреді. Қазақстанда 20 мыңнан аса ғылыми қызметкер еңбек етеді, олардың ішінде 64 ғылым докторы мен бір мыңдай ғылым кандидаты — қазақтар.

Республикамыздың 42 жоғары оқу орнында 163 мың студент оқиды, бізде 10 мың адамға 130 студенттен келеді. Бұл Еуропа мен Азияның көптеген жоғары дамыған елдеріндегіден әлдеқайда көп. Ал 179 орта арнаулы оқу орындарында 193 мың жас жігіттер мен қыздар оқиды. Жаңа бесжылдықтың тек соңғы екі жылында ғана жоғары оқу орындарындағы студенттер саны 20 мың адамға, техникумдардағы оқушылар саны 23 мың адамға көбейді. Жаңа бесжылдықта бірсыпыра техникалық жоғары оқу орындары мен техникумдар ашу көзделіп отыр. Сондай-ақ институттар мен техникумдарға адам қабылдау 2,8 есе көбейеді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда 10 мыңнан астам мектеп бар, бұларда үш миллионға жуық бала оқиды. Тек соңғы жеті жыл ішінде ғана мектептердегі оқушылар саны бір миллион балаға көбейді. Тағы да бір салыстырмалы цифр келтірейік. Қазақстан мектептеріне тек жылма-жыл қосылатын оқушылар санының өзі 20 миллионнан астам халқы бар Ирандағы барлық оқушылардың жалпы санына тең.

Егер өткен жетіжылдықта жаппай сегізжылдық білім беру жүзеге асырылса, үстіміздегі бесжылдықта жаппай орта білім беру ісі негізінен аяқталуға тиіс. Осыған байланысты орта мектептер жүйесі көбейтіледі. Мәселен, тек өткен жылы ғана 300 орта мектеп ашылды.

Революцияға дейінгі Қазақстанда небәрі 20 жеке меншік кинематограф, бірнеше дворян және купец клубы, 3 музей, 139 кітапхана болды.

Қазіргі уақытта өнерпаз интеллигенцияның ұлттық кадрлары — жазушылар, композиторлар, суретшілер, артистер, музыканттар, кино қызметкерлері өсіп жетілді. Республика творчестволық одақтарының бір өзі ғана 500 адамды біріктіріп отыр. Бұл күнде Қазақстанда 22 театр бар, оның 7-еуі республикалық, 15-і облыстық театрлар.

Біздің вокальдық және музыкалық мәдениетіміздің орталығы — Қазақтың Абай атындағы Ленин орденді академиялық опера мен балет театры. Оның сахнасында орыс және шетел классиктерінің шығармала-

рымен қоса қазақ композиторларының опералары мен балеттері қойылып жүр. Олардың ішінде Е. Брусиловскийдің «Мұрагерлер», С. Мұхамеджановтың «Айсұлу», Е. Рахмадиевтің «Қамарсұлу» опералары мен Ғ. Жұбанованың «Ақ күс» балеті бар. Театр репертуарының алтын қазынасына М. Төлебаевтың «Біржан мен Сара», А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай», Е. Брусиловскийдің «Дударай», Қ. Қожамияровтың «Назыгум» опералары кірді.

Ендігі бір ірі талантты творчестволық коллектив — Қазақтың М. Әуезов атындағы Енбек Қызыл ту орденді академиялық драма театры. Бұл театрдан Қ. Қуанышбаев, Ш. Айманов, Х. Бөкеева сияқты СССР халық артистері, С. Қожамқұлов, Е. Өмірзақов, Қ. Бадыров, С. Майқанова, С. Телғараев, Ш. Жандарбекова, Б. Римова сияқты Қазақ ССР халық артистері шықты.

Қазақ сахнасында тұңғыш рет Қызылорда қаласында Вс. Вишневскийдің «Оптимистік трагедиясы» қойылды. Жас режиссер М. Байсеркенов пен театр коллективі осы қиын да күрделі спектакльді ойдағыдай шығарды. Облыстық театрлардың конкурсында жеңіп шыққан бұл театр жақында Алматыға гастрольге шақырылып, ойын көрсетіп қайтты. Жамбыл қазақ драма театрының да спектакльдері тәуір. Қарағандының Қ. Станиславский және С. Сейфуллин атындағы театрлары өз көрушілерін тағы бір қуантты: екі театр бірлесіп Ғ. Мүсіреповтың «Аманкелді» пьесасын көрсетті. Сол сияқты Семей театрлары да А. Бектің «Волоколамск тас жолы» пьесасын бірігіп қойды.

Республикалық балалар мен жас өспірімдер театры да тарихи-революциялық тақырыптан бірнеше спектакль даярлады. Бұлардың ішінде Ш. Хұсайыновтың «Алғашқы ұшқындар», Ә. Тәжібаевтың «Қыз бен солдат», Ю. Принцевтің «Тоғызыншы симфония» пьесаларын атаған жөн.

Қазақстанда театр өнерінің өткен жолын шолғанда, М. Лермонтов атындағы республикалық орыс драма театрының сіңірген еңбегін айтпай кетуге болмайды. Бұл театрдың сахнасында В. Шекспирдің «Король Лир», А. Чеховтың «Шие бағы», М. Шатровтың «Алтыншы июль» спектакльдері ойдағыдай қойылып жүр. Мұнда СССР халық артисткасы В. Харламова, Қазақ ССР халық артистері Е. Диордиев, Ю. Померанцев, Л. Майзель, Л. Кюн, еңбек сіңірген артист П. Дубовцев сияқты сахна шеберлері — театр мақтанышы.

Қазақ музыка өнерінің опера жанрынан кейінгі күрделісі симфониялық музыка. Соңғы жылдары республика композиторлары ірі-ірі вокальдық-симфониялық шығармалар жазды. Олардың ішінде Е. Брусиловскийдің симфониясы, Ғ. Жұбанованың «Даладағы шапақ» кантатасы мен балеттік сюитасы, С. Мұхамеджановтың «Ғасырлар үні» ораториясы мен «Көне Түркстанда» симфониялық сюитасы, Е. Рахмадиевтің «Аманкелді» симфониялық поэмасы, Е. Рахмадиев, А. Бычков, Г. Гризбиль үшеуі бірігіп жазған «Дауыл қарсаңында» атты опера, Қ. Қожамияровтың «Шынтемір» балеті бар.

Қазақстанда 12 облыстық филармония мен 3 республикалық концерттік ұйым жұмыс істейді. Бұлардың ішінде Қазақтың Жамбыл атындағы мемлекеттік филармониясы ерекше орын алады. Оның құрамына атағы шартарапқа кеткен Құрманғазы атындағы ұлт аспаптары оркестрі, мемлекеттік симфония оркестрі мен мемлекеттік хор капелласы кіреді.

Қазақтың музыка мәдениетін насихаттау мен дамытуда республикамыздағы ең жас творчестволық коллектив — Қазақ ССР-інің мемлекеттік ән-би ансамблі елеулі еңбек етіп келеді. Бұл ансамбль 1955 жылы сентябрьде құрылды, оны белгілі режиссер, СССР халық артисткасы Лидия Чернышева басқарады.

Театрларымыз бен концерттік ұйымдарда 2 мың творчестволық

қызметкер істейді. Бұлардың ішінде 10 СССР халық артисі, 52 Қазақ ССР халық артисі мен 140 еңбек сіңірген артисі бар. Көптеген өнер шеберлерінің есімдері бүкіл елімізге, қала берді дүние жүзіне мәлім. Мысалы, Канаданың, Индияның, Біріккен Араб Республикасының, Вьетнамның, Польшаның, тағы басқа елдердің ең әсем концерт залдарында СССР халық артистері Б. Төлегенова, Р. Бағланова, Е. Серкебаев, Р. Жаманова және басқалары тамылжыта ән шырқады.

Қазақ совет әдебиеті де қазір шырқау биікке көтерілді. Биыл өткізілген Қазақстан жазушылар одағының V съезі қазақ совет әдебиетінің жарты ғасырлық өсу-өркендеу жолын шолып, алдағы міндеттерін меңзеді. Біз бұл күндері қазақ совет әдебиетінің еліміздегі туысқан халықтар әдебиеттері қатарынан лайықты орын алып, дүние жүзіне танылып отырғанын орынды мақтаныш етеміз.

«Жазушы» баспасы торқалы той алдында қазақ совет поэзиясының екі томдық антологиясын, С. Мұқановтың «Өмір мектебі», Ғ. Мүсіреповтың «Қазақ солдаты», Ғ. Мұстафиннің «Дауылдан кейін», Х. Есенжановтың «Көп жыл өткен соң», Т. Ахтановтың «Қаһарлы күндер», Ә. Нұрпейісовтың «Күткен күн» романдарын басып шығарды.

Қазақстан кинематографистерінің соңғы кездегі творчестволық ізденістеріне бірқатар жаңа фильмдер дәлел бола алады. Сәтті фильмдер қатарына «Қазақстан — жерім менің», «Алматының ертеңгі күні», «Көгілдір Алтай», «Қазақстан миллиарды» деген документті фильмдер мен «Алдар көсе», «Ана туралы аңыз», «Ән қанаты», «Ата мекен» деген көркем суретті картиналарды қосқан мақұл.

Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін тамаша өнер мұрасы, фольклоры, ән-күйлері болған қазақ халқының бейнелеу өнері мүлдем жоқ еді. Өйткені мұсылман діні жүздеген жылдар бойы сурет салуға тыйым салып келді. Бірақ еңбекші халық өнерге өршелене ұмтылды. Бұған халықтың ісмерлік, зергерлік өнері айғақ. Алайда шын мәнісіндегі бейнелеу өнері бізде тек совет заманында ғана пайда болды.

Республика суретшілер одағының қатарында 150-ден аса суретші, мүсінші, график бар. Олардың негізгі тақырыбы — совет халқының қаһармандық істері, бүгінгі Қазақстан мен оның адамдары, халқымыздың өткен өмірі мен ерлік жолы. Мәселен, М. Қенбаевтың «Жанкелдин отряды» деген картинасында азамат соғысының қаһарлы күндері бейнеленсе, Қ. Телжановтың «Ата-бабалар жерінде», «Көкпар» деген шығармалары өзінің кесек эпикалық бояуымен тартымды. С. Мәмбеевтің «Менің қаламда», «Студенткалар», «Көктем» деген еңбектерінде қазіргі қазақ жастарының өр тұлғасы мүсінделген. Ал Н. Нұрмұхамедов — әскери тақырыптағы көптеген полотнолардың, портреттердің, картиналардың авторы. Осы заман тақырыбы қазақтың тұңғыш суретші қыздары А. Ғалымбаеваның, Г. Ысмайылованың суреттерінде де әдемі түйін тапқан.

Қазақ әдебиеті мен өнерінің үздік шығармалары біздің елімізге ғана емес, сонымен бірге шетелдерге де жақсы таныс. Біздің республика жер шарының 80 елімен мәдени, достық байланыс жасайды. Бір ғана 1966 жылы Қазақстанға 40 елден меймандар келді. Қазақ ССР-інің 45 жылдығына байланысты дүние жүзінің 50 мемлекетінде қазақ халқының өмірі мен еңбегі жөнінде материалдар көрсетілді. «Сен Қазақстанды білесің бе?» деген викторина өткізіліп, оған Герман Демократиялық Республикасының, Чехословакияның, Монғолияның ғалымдары, жұмысшылары, инженерлері, ауыл шаруашылық еңбеккерлері — жастар да, қарттар да қатысты.

Біздің республикада қазақ, орыс, ұйғыр, корей тілдерінде шығатын кітаптарға, газеттер мен журналдарға шетел жұртшылығының ынта-ықыласы күшті. Себебі, олар көп ұлтты Советтік Қазақстан туралы үзбей хабардар болғысы келеді. Міне көп жылдардан бері АҚШ-тың Балти-

мор қаласындағы Совет Одағына арналған тұрақты көрмеде «Советтік Қазақстан» деген бөлім жұмыс істейді. «Жаңа Зеландия — СССР» қоғамының президенті профессор Уинстон Роудс өз елінде Қазақстан туралы бірнеше рет лекция оқыды; австриян-совет достығы қоғамының ұлттық секретары Вильям Монтъе Қазақстанға арнап көшпелі көрме ұйымдастырды.

Көптен бергі досымыз, София университетінің профессоры Емил Боев Болгариядан былай деп жазады: «Өткен жылы біздің достығымыз бұрынғыдан да нығая түскен тәрізді. Мен өзімнің арманыма жетіп, қазақ тілі курсың аштым, ең бастысы, біз сіздермен студенттер алмасып отырмыз... Біздің студенттеріміз Софияда және Перник қаласында Қазақстанның кешін өткізді. Қазір қазақ тілі курсының тыңдаушылары балалар газеттері мен журналдары үшін қазақ ертегілерін аудару үстінде».

Дрезденнен оқытушы Гейне Бек Қазақстан туралы неміс тілінде жазылған барлық материалды оқып шыққанын хабарлайды. М. Әуезовтың «Абай» романын және оның шағын әңгімелерін құмарта оқыдым, дейді ол. Басқа да жазушылардың жеке шығармаларын оқып, Қазақстан жайындағы білгендерімді жұртқа айтып жүремін.

Әдебиетіміз бен өнерімізді бұдан былай дамыту, сондай-ақ аса көрнекті шығармалар мен еңбектерді көтермелеу мақсатында Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі 1965 жылы Қазақ ССР-інің жыл сайынғы беріліп тұратын Мемлекеттік сыйлықтарын белгіледі. Бұл сыйлықтар әдебиет пен өнердің жоғары идеялы, көркем шығармалары үшін, аса үздік концерттік-орындаушылық қызмет үшін беріледі.

Қазақ ССР-інің Мемлекеттік сыйлығының тұңғыш лауреаттары болғандар: біздің тамаша әншіміз, СССР халық артисткасы Бибігүл Төлегенова, қазақтың қарт суретшілерінің бірі Әбілхан Қастеев, Қазақ ССР өнерінің еңбек сіңірген қайраткері, режиссер Әзербайжан Мәмбетов, республика халық артисткалары Сәбира Майқанова, Әмина Әмірзақова, Бикен Римова, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисткасы Фаридә Шәріпова мен Қазақ ССР өнерінің еңбек сіңірген қайраткері Анатолий Ненашев, режиссер Александр Карпов пен бас оператор Асхат Ашрапов, көрнекті жазушыларымыз Хамза Есенжанов пен Тахауи Ахтанов.

Совет өкіметі жылдарында Қазақстанның қалалары мен ауыл-селоларында мәдени-ағарту мекемелерінің жүйесі ұлғайды. Қазір республикамызда 5600 клуб пен мәдениет сарайы бар. Мәдени-ағарту мекемелері мәдени-бұқаралық жұмыстың алуан түрлерін мол пайдаланып, Ұлы Октябрьге, В. И. Лениннің өмірі мен қызметіне байланысты революциялық және қаһармандық оқиғаларды кең насихаттау, КПСС XXIII съезінің, Орталық Комитет Пленумдарының шешімдерін, Совет мемлекетінің ішкі және сыртқы саясатын түсіндіру жөнінде қыруар жұмыс жүргізуде.

Кітап, газет пен радио, әдебиет пен өнер бұл күнде Қазақстанның барлық еңбекшілерінің игілігіне айналып отыр. Қазіргі уақытта бізде кітап қоры 70 миллион том болатын 11 мың кітапхана бар. Пушкин атындағы мемлекеттік көпшілік кітапханасы — ұлттық мақтанышымыз; оның кітап қоры 2 миллион 300 мың том. Селолық жерлердің өзінде ғана 5 мыңдай кітапхана жұмыс істейді. Бұларда Пушкиннің, Гогольдің, Толстойдың, Горькийдің шығармаларымен қатар қазақтың белгілі жазушылары Сейфуллиннің, Жансүгіровтың, Майлиннің, Әуезовтың, Мұқановтың, Мүсіреповтың, Мұстафиннің, Тәжібаевтың және басқаларының шығармалары көптеп табылады. Қазір халықтың 47 проценті кітапханалармен пайдаланады; оқушылар жылына 96 миллион кітап, газет пен журнал алып оқиды.

Өнеркәсіп пен құрылыс орындарында, колхоздар мен совхоздарда, мектептер мен оқу орындарында он мыңнан астам өнерпаздар үйірмелері құрылған, бұларға 800 мыңдай адам қатысады. Биыл Алматыда халық театрларының, музыка, хор, би коллективтерінің Ұлы Октябрьдің 50 жылдығына арналған республикалық байқауы өткізілді. Байқауға 20 мың коллективтен 600 мың орындаушы қатысты.

Көптеген халық театрларының, өнерпаздық коллективтерінің творчестволық шеберлігі артып, кейбір коллективтерден тамаша ән-би ансамбльдері, халық хорлары мен театрлары құрылды. Бұлардың ішінен Отанымыздың астанасы Москвада өнер көрсеткен Целиноградтың «Тың игеруші», Рудныйдың «Жастық» ансамбльдерін, Қазақ ССР Қоғамдық тәртіпті қорғау министрлігінің ән-би ансамблін, Павлодар трактор заводының халық хорын, Қызылорда облысының өнерпаздық коллективін атауға болады. Сол сияқты Кремль театрында, Москва алаңдарында Ақжар, Шаян, Абай халық театрларының, Өскемендегі металлургтер мәдениет үйінің драма коллективтері спектакльдер қойды.

Республикамызда 600 мәдениет университеті мен мектебі жұмыс істейді. Бұларға қатысушы 63 мың адам әдебиет пен өнер жөнінде лекциялар, әңгімелер тыңдайды, кинофильмдер көреді, суретшілердің, композиторлардың шығармаларымен танысады.

Біздің өлкетану музейлеріміз зор жаратылас тану-ғылыми насихат жүргізіп отыр. Олар барлық облыс орталықтарында құрылған. Біздегі аса бағалы археологиялық, этнографиялық, тарихи экспонаттардың, сол сияқты тарихи-революциялық документтер мен ескерткіштердің үлкен қоймасы — Орталық республикалық музей.

Бейнелеу және ісмерлік өнердің шығармалары Шевченко атындағы мемлекеттік галереяда шоғырландырылған. Сондай-ақ бізде Абайдың, Жамбылдың, М. Әуезовтың әдеби-мемориалдық музейлері бар. Т. Г. Шевченконың, В. В. Куйбышевтің, В. И. Чапаевтың өмірімен, қызметімен Көкшетаудағы, Форт-Шевченкодағы (Гурьев облысы), Чапаевскідегі (Орал облысы) мемориалдық музейлер таныстырады.

Совет үкіметі Қазақстан мәдениетін гүлдендіруге жылма-жыл орасан көп қаржы бөліп отырады. Тек 1967 жылы ғана ғылымды, әдебиет пен өнерді, мектептер мен мәдени-ағарту мекемелерін қаржыландыруға 831 миллионнан аса сом босатылды.

Мәдениет мекемелерінің материалдық базасын жасауға үлкен қамқорлық көрсетілуде. Бұдан он жыл бұрын Таран ауданы (Қостанай облысы) еңбекшілерінің бастамасы бойынша республикада мәдениет мекемелерін салу жөнінде жұмыс өрістеп, небәрі үш жыл ішінде колхоздар мен совхоздарда бір мыңнан астам клуб пен мәдениет үйі, 590 кітапхана салынған болатын.

Былтыр Жамбыл ауданының (Алматы облысы) еңбекшілері жаңа бастама көтерді. Олар Ұлы Октябрьдің 50 жылдығын лайықты қарсы алуға, сөйтіп даңқты мерекеге дейін 29 клуб пен кітапхана, 12 балалар бақшасын, 7 аурухана және басқа мәдени-тұрмыс объектілерін салып бітіруге міндеттенді. Жамбылдықтардың бастамасы бүкіл республикада қызу қолдау тапты. Өткен жылы 234 клуб, 133 кітапхана пайдалануға берілді.

Ғылым мен мәдениет, әдебиет пен өнер қызметкерлері Ұлы Октябрь социалистік революциясының 50 жылдық торқалы тойын асқан құанышпен мейрамдай отырып, республика мәдениетін онан сайын көркейтуге, совет адамының коммунистік саналылығын арттыруға лайықты үлес қосады; сөйтіп КПСС XXIII съезінің елімізде коммунизм орнату жөніндегі тарихи міндеттерін ойдағыдай орындау жолында аянбай еңбек етеді.

Туған ауылдың кешегісі мен бүгінгісі

Сабыт МҰҚАНОВ

ЕЛУ ЖЫЛДА ел жаңа» дейді қазақ. Осыны тауып айтқан халық даналығына шұба келтірмесем де, оның бұрынғы түсінік шеңберінің тарлығын байқаймын. Ал енді осы мәтелдің совет заманында, қазіргі кезде шалқар шындықтың айрағына айналғанына ешкім де шәк келтірмесе керек. Елу жыл! Бұл қандай елу жыл?

Бұл — кешегі мешеу елдің бүгінде космос кемелері бар озат елге айналуына қол жеткізген елу жыл! Бұл — күні кеше бар халқының 2 проценті ғана жазу-сызуды білетін бүтін бір өлкені ғылым мен мәдениет шыңына көтерген елу жыл!

Совет өкіметі тұсында өткен осы елу жылда еліміз шырқау биікке көтеріліп, социализм орнатты. Теңізге түсетін күн сәулесі оның тамшысынан да көрінетіні секілді, осы жарты ғасырда қол жеткен жеңістеріміз бен жемістеріміздің қорытындысы біздің әрбір қадамымыздан, ісімізден аңғарылуда. Бұл жетістіктер ғажап, бай да мол.

Бұрын Европаның көп мемлекетінің артында кенжелеп қалған мешеу Россия осы елу жылда Коммунистік партияның дана басшылығы арқасында алдыңғы қатарға шықты. Біз экономика байлығы жағынан да, құрылыс байлығы жағынан да, мәдениет байлығы жағынан да өркен жайған елге айналдық. Осы өсудің ғажап бейнелерін Совет Одағының әр түкпірінен де көруге болады. Бұл ретте мен осы шағын мақалада өзім туған ауылдың кешегісі мен бүгінгі оқушыға айта кетсем, елу жылдық ел шежіресінің бір парағындай болып елестер деп білдім.

Қазақта «Өткенді айтпай, ескі еске түспейді» дейтін мәтел бар. Біздің ауылдың «Жаманшұбар» атануына мынандай жай себеп болған: Өткен ғасырдың 90-жылдарында патша өкіметі біздің ауылдың адамдарын қыс ішінде зорлықпен көшіріп, олардың ата мекенін ішкі Россиядан қоныс аударып әкелгендерге тартып әперген. Бұл істе жергілікті феодал Торсан Тілемісов елеулі белсенділік көрсеткен. Қонысынан айрылған біздің ауыл (шамасы 40—50 үй) басқа мекен таба алмай, қыстың көзі қырауда алыстағы жайлауға көшкен. Босқан ауыл қалқан болар орманы жоқ, не ішетін су — өзен, көлі жоқ, айдалаға барып орналасқан. Осында бірер жыл қыстап орныққаннан кейін кенеттен қалың өрт шығып, ауылдың мекені де, мүлкі де, малы да апатқа ұшыраған. Еңіреген ел енді басқа баратын жері болмағандықтан, осы жерге қайтадан қоныстап, атын «Жаманшұбар» қойған.

Ауыл кедейінде алысқа баруға көлік жоқ, әрі шиеттей бала-шағаны, қатын-қалашты от басына тастап кету оңай ма. Ал таяу маңда олар істейтін кәсіп жоқ. Күйзелген кедей өз аулындағы Нұртаза, Аймолда, Әлі сияқты байларға болмашыға жалданып күн кешеді.

Революцияға дейінгі «Жаманшұбардағы» ел мал өсіруден басқа кәсіпті білген емес. Егін егетін жан атымен болған жоқ. Бұл жердің жазы мал бағуға жайлы келгенмен, қысы тым қатал, қаһарлы. Оның үстіне бұл маңда өзен, көл де жоқ. Ел суды тереннен қазылған құдықтан тартатын, оның өзі көбінше ащы болушы еді. Сондықтан жаманшұбарлықтар малын қазанға еріткен қар суымен суаратын.

Осы өңір революцияға дейін шырпыға жарып көрген емес. Алыстағы базарлардан ауқаттылар сатып әкелетін сіреңкелер таусылып қалғанда көршілер ылғи бір-бірінен от сұрасып жүретін. Көңілі қалаған көр-

шіге шок беріп, жаратпағанына жоқ деп зеки салатын шақтар да аз емес-ті.

Алыстағы ауылдың аса зәру нәрсесінің бірі — жарық еді. Керосинге ағаш жаңқасын малып, шыра жағып жарық ететін ел. Бірақ керосинге қол жете бермейтін. Көп үйден сол ағаш жаңқасының өзі де табылмайтын.

Ал оқу деген нәрсе мүлде болған емес. Бар оқу молданың «әліп-биі» болатын. Сол «әліп-биді» білетін жұрт Жаманшұбарда саусақпен санарлық еді. Көпшіліктің хат танымайтынын мына мысалдан да айқын көруге болады. Осы ауылдың байы Нұртазаның малы көп болды. Бірақ Нұртазаның үйінде бірде-бір қара танитын кісі жоқ-ты. Сол Нұртаза малын санағанда әр қойдың төбесіне бір құмалақ қоятын, егер қалтадағы құмалағы артық қалса, қойын жоқтайтын да, жетпей қалса тағы қосып, малым көбейді дер еді.

Революциядан кейін ауылдың күйі өзгерді. Ат арқасына мініп бостандық үшін күрескен ауыл азаматы жиналып, еңіреген елге бұрынғы ата мекенін қайырды. Бұл жер бүгінде Преснов ауданының «Майбалық» совхозына қарайды.

1917 жылдан соң біздің ауылда тұңғыш рет бастауыш мектеп ашылды. Оны ұйымдастырып, көп жыл ұстаздық еткен кісі Шайын Тілегенов болатын. Бұл кісінің есімін ел аса бір құрметпен атайды. Өйткені Тілегеновтен оқып, сауатын ашып, кейін үлкен-үлкен қызметтерде болған ауыл азаматтары көп-ақ. Алғашында арнаулы мекені болмай, үйді-үйді аралап жүріп оқытқан ұстаз еңбегі ерекше. Революцияның алғашқы бөстандық қарлығашымен қоса келген ауыл мектебінен оқыған С. Тайжанов, Қ. Бірімжанов, Ш. Мұстафин, К. Төлеев сияқты азаматтар кейін аудандық партия комитеттерінде, мектепте, колхоздарда басшылық қызметтер атқарды.

Ауыл өмірі мүлде жаңарып, жасарып кетті. Совет өкіметі тұсында болған өзгерістерді айтып жеткізудің өзі қиын. Бұрынғыдай шыра жағып, ыс-ыс болып, жертөледе жүретін жүзі жабынқы жандарды бұл күнде таба алмайсың. Олар жайындағы әңгіме қазіргі жастарға ертек секілді. Бір кезде мал бағудан басқа кәсіп білмеген ауыл жандары қазір шетінен бесаспап. Екінші де, тракторшы да, комбайншы да, шофер де, электрик те өздері. Кейінгі жастар шетінен оқып шығып, жоғары білімді мамандар болуда.

Бір кездегі қарлы соқтаның астында қалып, көрінбей кететін шым үйлердің орнына еңселі, шатырлы шаңқан үйлер сап түзеген. Оқтай түзу көшелерге самаладай жайнаған Ильич шамы нұрын төгуде.

Осы 60—70 үйлі ауылда сегіз жылдық мектеп, зәулім клуб, балалар ясли мен бақшасы, перзентхана, асхана, монша, бірнеше дүкен бар. Осы бөлімшеде өз алдына жеке электр станциясы жұмыс істейді. Ауыл адамдары Москва, Алматы, қала берді әлем жаналықтарын үйінде отырып-ақ біледі. Қазір олар Қорған облысы арқылы берілетін телевизия хабарларын алуға даярлық жасап жатыр.

Ауыл адамдарының тұрмыс-күйі де айтарлықтай. Әр үйде мебель, радиоқабылдағыш, кір жуатын машина бар. Бір кездері нан орнына ірімшік, құрт жейтін ауыл қазір ақ бөлке нанды өздері жабады. Дүкеннен қант, шәй, май, ұн, нан арылып көрген емес. Революцияға дейін соғым сойған үйден бір асым ет дәмететін ауыл адамдары қазір бірден, кейде екіден жылқы сояды.

Менің елден кеткеніме елу жыл болды. Бірақ жылына бір рет соғып тұрамын бұл маңға. Келген сайын ауыл өмірінің құлпырып бара жатқан сәулетіне қызыға да, қуана да қараймын.

Интеллигенцияның мәртебелі мерейі

Ж. ҚАРАҚҰСОВ,

тарих ғылымының кандидаты

КОММУНИСТИК партияның басшылығымен совет халқы дәл жарты ғасыр бойы Маркстің, Энгельстің, Лениннің данышпандық идеяларын жүзеге асырып келеді. Тарихи осы қысқа мерзімнің ішінде еліміз тамаша табыстарға ие болды.

Совет халқының елу жыл ішіндегі әлеуметтік, экономикалық және саяси өмірде қол жеткен бүкіл дүние жүзілік-тарихи жетістіктерінде совет интеллигенциясының қосқан үлесі де зор. Бүгінгі күні бүкіл әлем алдында совет интеллигенциясының, оның өкілдері — инженерлер мен техниктердің, ғалымдар мен оқытушылардың, дәрігерлер мен агрономдардың, мемлекеттік мекеме қызметкерлері мен әдебиет-өнер қайраткерлерінің мерейін үстем етіп отырған осы табыстар.

Қандай мемлекет болсын өз интеллигентсіз өмір сүре алмайтыны тарихтан мәлім. Ал тарихта тұңғыш орнаған социалистік қоғамдық құрылыс, яғни социалистік мемлекет жұмысшылар мен шаруалардың арасынан шыққан интеллигенциясыз тіпті де өмір сүре алмақшы емес.

Пролетариаттың кеменгер ұстаздары К. Маркс пен Ф. Энгельс өздерінің ұлы еңбектерінде интеллигенция жайындағы мәселенің түп негізін ашып көрсетті. Олар интеллигенция ой еңбегі мен дене еңбегінің бөліну дәуірінен бастап пайда болғанын ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. В. И. Ленин интеллигенцияның қоғамдағы орны мен ролін жаңа тарихи заманға сай жан-жақты көрсете отырып, ол жөніндегі марксизмнің теориялық қағидаларын творчестволық жолмен онан әрі дамыта түсті. Социалистік қоғам мен капиталистік қоғам интеллигенциясының арасында жер мен көктей айырма болатынын ол атап көрсетті.

Капиталистік қоғамда интеллигенцияның басым көпшілігі буржуазияға қалтқысыз қызмет етеді, оның еңбекшілерді аяусыз қанауына жан-тәнімен көмектеседі. Капиталға құл болу, жеке басының мүддесін ғана қорғау, сатылғыштық, азғындық, екіжүзділік, тұрақсыздық, бишаралық — буржуазиялық интеллигенцияның сипаты міне осындай.

Дегенмен империалистік топтардың еңбекші халықты аяусыз езуі, адамның ар-намысын аяққа басуы, қайыршылыққа ұшыратуы алдыңғы қатарлы прогресшіл интеллигенцияны капиталистік қоғамға қарсы күреске шығуға, жұмысшы табының азаттық жолындағы күресіне қатысуға итермелейтіні сөзсіз.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы біздің елімізде қанаушы таптарды жойды, сөйтіп совет қоғамының ішіндегі тап қайшылықтарының негізін құртты. Қоғамда жұмысшы табы мен шаруалар табы, сонымен қатар интеллигенция қалды. Әлбетте, Совет өкіметінің бастапқы кезеңінде ескі интеллигенция арасында ауытқушылық болмай қалған жоқ. Сондықтан бұл мәселе жөнінде партия ерекше бағыт ұстады. Кезінде бұрынғы буржуазиялық мамандар социалистік құрылысқа пайдаланылды. Сонымен қатар Коммунистік партия жұмысшылар мен шаруалардың өз ортасынан интеллигенция даярлау мәселесін кезек күттірмейтін айрықша міндет ретінде алға қойды. Бұл мәселенің маңызын көрсете келіп, В. И. Ленин «Оқыған адамдардың, интеллигенттердің, мамандардың кеңесін, жетекшілік нұсқауын пайдаланбай болмайды», деді. Міне сондықтан да СССР-де социализм орнатудың негізгі бір са-

ласы — мәдени революцияны жүзеге асыру барысында халықтық интеллигенцияны даярлау және тәрбиелеу күн тәртібінен түскен емес.

Совет халқы социализм орнату жөніндегі лениндік жоспарды жүзеге асыра отырып, соғыстан бұрынғы бесжылдықтарды ойдағыдай орындап шықты. Соның нәтижесінде елімізде бұрын мүлде болып көрмеген жаңа тұрпатты халықтық интеллигенция қалыптасты. Советтік интеллигенция жұмысшылармен, шаруалармен қол ұстаса отырып, социализм орнату және оның жеңістерін қорғау жолында өздерінің ұшқыр ойларын, ұйымдастырушылық қабілеттері мен күш-жігерін аямай жұмсады. Өйткені совет интеллигенциясы жұмысшылар мен шаруалардың бел баласы болғандықтан олармен мүдделес.

Қазіргі кезде біздің елімізде 40 миллионнан астам интеллигент коммунистік құрылыстың барлық саласына белсене қатысып, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға, коммунистік қоғамдық қатынасты қалыптастыруға, жаңа адамды тәрбиелеуге елеулі үлес қосып отыр.

Совет интеллигенциясы социализм жеңістерін қорғауда, халық шаруашылығын қалпына келтіру дәуірінде, алғашқы бесжылдықтар тұсында, Ұлы Отан соғысының отты жылдарында, одан кейінгі коммунистік құрылыс кезеңінде жұмысшы табымен, колхозшы шаруалармен бірге социалистік саналылықтың, қаһармандық еңбектің өнегесін көрсетті.

Совет интеллигенциясының белсенді отрядтарының бірі — Қазақстан интеллигенциясы да еліміздің коммунистік құрылыста қол жеткен тарихи табыстарына лайықты үлес қосты. Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін халқының дені қараңғылықта өскен Қазақстанда Совет өкіметі жылдарында түбірлі өзгерістер болды. Коммунистік партияның лениндік ұлт саясатын жүзеге асыру арқасында біздің республика өзінің ұлттық интеллигенциясына ие болды. Қазір республиканың шаруашылық, ғылым және мәдени-ағарту салаларында 200 мыңнан астам жоғары дәрежелі, 330 мың орта дәрежелі білімі бар маман жемісті еңбек етуде.

✓ (Револуцияға дейінгі Қазақстанда бірде-бір жоғары оқу орны жоқ еді. Қазір бізде 42 жоғары, 179 арнаулы орта дәрежелі оқу орны бар. Бұларда жүз мыңдаған жастар оқып білім алуда. Осылардың есебінен совет интеллигенциясының қатары жылдан жылға өсіп отырмақ.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі қазіргі заманның ең күрделі ғылыми проблемаларын шеше алатын, коммунизм ісіне шынайы берілген тамаша ғалымдар армиясын өсірді. Қазір советтік ғылымның үздік табыстары бүкіл әлемге аян. Совет инженерлері мен техниктері-

Күрес пен жеңіс шежіресі

● 1913 жылы Қазақстанның территориясында тамақ өнеркәсібінің балық, ет және сүт өндірісі салаларын қоса есептегенде небәрі 60 кәсіпорын болған еді. Ал қазір балық, ет және сүт салаларын қоспағанда 170-тен астам тамақ өнеркәсібі бар. Оларда 70 мыңға жуық жұмысшы қызмет етеді.

● Октябрь революциясына дейін Қазақстанның тұз байлығы көрінгеннің қолында болатын. Сондықтан да 1913 жылы бар болғаны 36 мың тонна тұз өндірілді. Ал қазір республикамызда 880 мың тоннадан астам тұз өндіріледі.

● Революцияға дейінгі Қазақстанда 1912 жылы салынған жалғыз Қарғалы шұға фаб-

рикасы болды. Ол 1913 жылы 140 мың метр тұрпайы шұға шығарды. Қазір республикада осы заманғы аса ірі 70 фабрика мен завод бар.

1913 жылы Қазақстанда небәрі 1,9 мың тонна мақта талшығы, 139 мың метр жүн мата өндірілген болса, 1965 жылы 25 миллиондай метр мақта мата, 3,9 миллион метр жүн мата шығарылды.

● Егер 1913 жылы өлкедегі байланыс мекемелерін саусақпен санарлық болса, 1965 жылы республикада 4 мыңнан аса пошта, телеграф және телефон кәсіпорындары жұмыс істеді.

нің, әр салада істейтін ғалымдардың ерен еңбегімен, шарықтаған ақыл-ойымен дүние жүзін таңдандырған керемет жаңалықтар табылды, космос кеңістігін игеруге жол салынды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бұрын Қазақстанда ғылыми-зерттеу ісі жоқтың қасы еді, қазір 160 ғылыми мекеме бар, онда 20 мыңға жуық ғылыми қызметкер жұмыс істейді. Республикамыздағы 235 ғылым докторы, 3 255 ғылым кандидаттарының ішінде қазақтан шыққан 64 ғылым докторы, бір мыңға жуық ғылым кандидаты бар.

Қазақ ССР Ғылым академиясының институттары мен ғалымдары аса жемісті ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізді. Ғасырлар бойы жер қойнауында жасырынып жатқан қазына байлығын ашып, халық игілігіне жаратқан атақты ғалым Қаныш Сәтбаевтың, аспан әлемін зерттеуші академиктер Г. А. Тихов пен В. Г. Фесенковтың есімдері дүние жүзіне белгілі.

Қазақстан физиктерінің тамаша жетістіктері де дүние жүзіне танылып отыр. Оған биылғы жылы Алматыда өткізілген космос сәулелерін зерттеуге арналған одақтық конференция толық дәлел. Физика ғылымының жан-жақты дамуына Ж. С. Тәкібаев, Л. Н. Неменов, М. И. Корсунский, Д. К. Қаюпов сияқты ғалымдардың қосқан үлесі аз емес. Бүгін таңда республикада медицинаның күрделі мәселелерімен 5 медициналық және 10 ғылыми-зерттеу институты шұғылданады.

Совет ғылымының тамаша бір ерекшелігі оның өндіріспен тығыз байланыстылығында. Ал өндірісте инженер-техниктердің, алдыңғы қатарлы жұмысшы өнер тапқыштардың атқаратын ролі өте зор. Мысалы, республика ғалымдары — техника ғылымының докторы А. Мусин, техника ғылымының кандидаттары В. Береза, А. Жақыпбаев, И. Малкин, С. Кутузов және басқалары руда қазудың жаңа өнімді әдісін Совет Одағында бірінші болып өндіріске енгізді. Соның нәтижесінде еңбек өнімділігі үш есе артты, өнімнің өзіндік құны екі есе кеміді. Біздің геологтарымыз Д. А. Досмұхамбетов, Б. Ф. Дьяков, Ш. Е. Есенов, Е. И. Иванов, Н. У. Имашев, Н. А. Калинин, В. Г. Матвеев, Х. М. Махамбетов, В. П. Токарев, Х. Ө. Өзбекқалиев, Н. Н. Черепанов жолдастар Урал-Волга бойындағы табиғи газ байлығы мен Маңкыстау-Каспий ойпатындағы мұнай-газ кендерін зерттеп, анықтауда үлкен еңбек сіңірді. Осындай творчестволық үздік еңбектері үшін осы екі коллективтің екеуіне де Лениндік сыйлықтың лауреаты деген құрметті атақ берілді.

Қазақстан өнеркәсіптің жалпы өнімі жағынан қазір Одақ көлемінде үшінші орын алады. Республикамыздың өнеркәсіп орындарында өндірілген өнімдер дүние жүзінің 70 мемлекетіне шығарылады. Сөз жоқ, бұл табыстар — жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлердің саналы да қажырлы еңбегінің жемісті нәтижесі.

● 1913 жылы радиосы не телевизоры болмаған Қазақстанда қазір 1,2 миллионнан аса радио нүкте, 11 телевизия орталығы және 600 мыңнан аса телевизор бар.

● Қазақстанда 1913 жылы 845 мың тонна (тірілей салмақ есебімен) ет, 857 мың тонна сүт өндірілсе, 1966 жылы 1.119,4 мың тонна ет, 3.514,8 мың тонна сүт өндірілді.

● Революцияға дейін ең қолайлы деген жылдарда 36,4 мың тонна жүн қырқылса, қазір 80 мың тоннадан астам жүн алынып жүр.

● Революцияға дейін Қазақстанда шаруашылықтың негізгі саласы мал өсіру бола тұра өлкеде мал шаруашылығы мәселелерімен айналысатын бірде-бір ғылыми мекеме болмады. Қазір республикада 3 ғылыми-зерт-

теу институты және тәжірибе жүргізетін 14 мекеме бар. Бұларда 417 ғылыми қызметкер жұмыс істейді, оның ішінде 64 адам ғылым докторы мен кандидаты. Бұл мекемелерде одақтық және республикалық маңызы бар 24 тақырып бойынша зерттеулер жүргізілуде.

● Қазақстанда революциядан бұрын небәрі 4 миллион гектар шамасындай өгіс болса, қазір өгіс көлемі 30 миллион гектарға жетті. Астық өндіру 2.155 мың тоннадан 25 миллион 536 мың тоннаға жетті.

● 1937 жылы республикамызда 287 МТС болды. Оларда 71.280 адам жұмыс істеді. 2.246 инженер-механик, 33.506 тракторист болды.

Советтік интеллигенция социалистік ауыл шаруашылығын өркендету ісіне де қызу ат салысуда. Республикамыздың партия ұйымдары бұл салада ғылым мен өндірісті ойдағыдай ұштастыра білетін маман кадрларды тәрбиелеп өсіруге елеулі күш жұмсады. Қазір совхоз директорлары мен колхоз председателдерінің көпшілігі жоғары білімді маман адамдар. Олардың ішінде Қостанай облысындағы «Пешков» совхозының директоры В. С. Богдановтың, Орал облысындағы «Пермь» совхозының директоры В. Ш. Чимчианның, Алматы облысындағы Партияның XXII съезі атындағы колхоздың председателі, Социалистік Еңбек Ері, экономика ғылымының кандидаты Қ. Асановтың, Мичурин атындағы колхоздың председателі СССР Жоғарғы Советінің депутаты Х. Әбдіқұловтың есімдері жұртшылыққа мәлім.

Коммунизм құрылысшыларын — жана адамды тәрбиелеп өсіруде совет интеллигенциясының үлкен тобы — мұғалімдер, әдебиет пен өнер қайраткерлері елеулі роль атқарады. Советтік Қазақстанда 200 мыңға жуық мұғалім жас өспірімдерді тәрбиелеу, мектепті өмірмен байланыстыру жолында белсенді жұмыс жүргізуде. Бүгінгі мұғалім — тек жас ұрпақты тәрбиелеуші ғана емес, сонымен қатар ол еңбекшілердің жалпы білімін, мәдени дәрежесін көтеруге белсене ат салысып отырады.

Партия творчестволық интеллигенцияның — жазушылардың, суретшілердің, өнер қайраткерлерінің бұқараны коммунистік рухта тәрбиелеудегі ролін әрдайым жоғары бағалап келеді. Творчестволық интеллигенцияның аса көрнекті өкілдері академик жазушы М. Әуезовтың «Абай жолы» мен «Өскен өркені», С. Мұқановтың «Ботакөзі» мен «Сырдариясы», Ғ. Мүсіреповтың «Оянған өлкесі» мен «Қазақ солдаты», Ғ. Мұстафиннің «Дауылдан кейіні» мен Б. Момышұлының «Москва үшін шайқасы» еңбекшілерді советтік патриотизм мен халықтар достығы рухында тәрбиелейтін құнды шығармалар ретінде танылып отыр.

Совет өкіметі жылдарында Қазақстанда көптеген тәжірибелі, іскер, білімді партия қызметкерлері өсіп шықты. Қазір республикамыздағы облыстық партия комитеті секретарьларының бәрі, ал қалалық партия комитеті секретарьларының 97,7 проценті, аудандық партия комитеті секретарьларының 88,2 проценті жоғары білімді кадрлар. Егер біздің республикамызда 1922 жылы небәрі 21 коммунистің ғана жоғары білімі, 233 коммунистің орта білімі болса, ал қазіргі кезде 67 627 коммунистің жоғары дәрежелі, 12 138 коммунистің жоғарыдан төмен, 133 408 коммунистің орта дәрежелі білімі бар.

Еліміздің сан қилы өмірінде интеллигент әйелдер үлкен күш болып отыр. Олар халық шаруашылығы мен мәдени құрылыстың барлық салаларында белсене қызмет етіп, коммунизм орнату ісіне елеулі үлес қосуда. Қазір Қазақстандағы жоғары білімі барлардың тең жартысы, орта білімі барлардың 60 проценті әйелдер.

Біздің Коммунистік партия совет интеллигенттерін аялап өсіріп, оларға шексіз сенім, ерекше қамқорлық көрсетіп келеді. Осыған орай елімізде коммунизм орнату программасын жүзеге асыруға — коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға, коммунистік қоғамдық қатынастарды қалыптастыруға, жана адам тәрбиелеу ісіне аянбай ат салысуды өздерінің ардақты борышы деп біледі.



Жасампаз совет адамы

Т. ҚАТАЕВ,

тарих ғылымының кандидаты

БІЗДІҢ еліміз өзінің жарты ғасырлық ұлы мерекесіне қызу әзірлене отырып, Совет өкіметі тұсында өткен ерлік жолына көз жүгіртеді, социализм мен коммунизм орнату ісінде қол жеткен орасан зор тарихи жетістіктеріне қорытынды жасайды. Осындай ұлы жеңістің, тамаша қорытындының бірі — жоғары идеялы күрескер, жасампаз совет адамын — жаңа адамды тәрбиелеу.

«Елімізде, — делінген КПСС Орталық Комитетінің Тезистерінде, — коммунистік мұраттарға шексіз берілгендік рухында тәрбиеленген, біздің ұлы ісіміздің шындығына кәміл сенген адамдар ұрпақтары өсіп жетілді. Совет адамының — күрескердің, революционердің, саналы еңбеккердің мінез-сипаты шынықты».

В. И. Лениннің бастауымен большевиктер партиясы жүзеге асырған әлеуметтік төңкеріс жаңа заманның, адам баласы тарихындағы жаңа дәуірдің басын бастады. Қанаушылыққа, езушілікке, әлеуметтік және ұлттық теңсіздікке негізделген буржуазиялық құрылыс талқандалып, еліміздің өндiргiш күштерiнiң қаулап дамуына қажеттi алғы шарттар жасалды. Октябрь революциясы еңбекші бұқараның ішінде бұйығып жатқан революциялық ұлы күштерді, жаңару мен жасару күштерін оятып, қозғау салды.

Біздің еліміздегі түбірлі өзгерістер бұрын-соңды болып көрмеген қарқынмен жүргізілді, адам баласының ақыл-ойын билеп, көкейтесті ізгі арманы болып келген қоғамдық құрылыс — социализм толық және түпкілікті орнатылды. Жаңа қоғам орнатудың барысында жаңа дүние есігін тұңғыш ашқан совет адамы күрестер мен жасампаздықтың ұлы мектебінен өтіп, өзі де өзгерді, оның сана-сезімі мен психологиясы қайтадан түледі. Ол Октябрінің жеңістерін қорғау жолындағы күресте, қисапсыз қиындықтарды жеңу жолындағы таңғажайып еңбек үстінде идеялық және саяси жағынан шыңдала түсті, рухани жағынан өзгерді, ішкі дүниесі байыды.

Өмір шындығының ізгі әсері мен партияның орасан зор идеялық-саяси жұмысының нәтижесінде коммунизм идеяларына, Советтік Отанға шексіз берілген жаңа адам тәрбиеленді. Оларға табандылық, еңбектегі жанкиярлық, көздеген мақсатқа жету жолындағы дәйектілік сияқты қасиеттер тән.

К. Маркс адамның бойындағы барлық мүмкіндіктерді барынша кемеліне келтіре дамытуға өріс ашатын қоғамдық құрылыс бәрінен де мәртебелі деп атап көрсеткен болатын. Октябрь революциясы мен социалистік құрылыс қанаушылық пен езушіліктің, жұмыссыздықтың, қайыршылықтың, қараңғылықтың барлық түрлерін жойып, адамдардың қабілеті мен талантын дамыту үшін, творчество мен жасампаздық үшін қолайлы жағдай туғызды.

Совет халқы елімізді индустрияландырып, ауыл шаруашылығын коллективтендірді, еліміздің ғасырлар бойғы артта қалушылығын қысқа мерзімнің ішінде жойып, бұрын болмаған әлеуметтік прогреске жетті. Еліміздегі өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемі 1913 жылғымен салыстырғанда 66

есе, ал Қазақстанда 102 есе өсті. Ұлттық табыс әлдеқайда көбейді, еңбекшілердің тұрмыс дәрежесі едәуір артты.

Елімізде мәдени революцияны жүзеге асырудың нәтижесінде сауатсыздық атымен жойылды, халықтың білімі артты, марксизм-ленинизм миллиондардың ақыл-ойын билеп алды. Октябрь революциясы көп ұлтты еліміздің басқа халықтары сияқты қазақ халқын да жарыққа шығарды, әлеуметтік және ұлттық дамудың даңғыл жолына түсірді, ол өзінің жазушызуына ие болды, өзінің әдебиеті мен өнерін жасады; түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті шырқау биікке көтерілді. Республикада Ғылым Академиясы, ғылыми мекемелердің, жоғары және арнаулы орта білім беретін оқу орындарының, мектептер мен мәдениет мекемелерінің кең жүйесі құрылды. Мәселен, 1913 жылмен салыстырғанда көпшілік кітапханаларының саны 50 есе артты, олардың кітап қоры 42 миллион томнан асып отыр. Бізде қазір 6 мыңға жуық клуб, мәдениет үйлері мен сарайлары, 8 мың киноқондырғы бар.

Совет адамдарының білім мен мәдениетке деген ынтасы мен талабы шексіз артты. Қазір бізде әр үш адамның біреуі оқиды. Ондаған миллион адам өздерінің жалпы білімі мен идеялық дәрежесін, мамандығын жоғары оқу орындары мен мектептерде, партия оқуы мен комсомол оқуының жүйелерінде, халықтық университеттерде, коммунистік еңбек мектептері мен озат тәжірибе мектептерінде арттырумен шұғылданады. Советтік интеллигенция, қазіргі өндірісті басқаруға қабілетті инженер-техник кадрлары өсіп шықты. Республикамыздың халық шаруашылығының түрлі салаларында жоғары және орта дәрежелі білімі бар 200 мың маман жұмыс істейді. Ұлт кадрларын даярлауда, қазақ жастарын озат мәдениеттің қазынасын игеруге тартуда ұлы орыс халқы баға жеткісіз көмек көрсетіп келеді.

Селода да ұланғайыр өзгерістер болды. Қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылық жойылды, енді қала халқы мен село халқының мәдени дәрежесіндегі айырмашылықтар жойылып келеді. Бізде мәдениеті мен көркі жағынан қаладан еш кем соқпайтын селолар аз емес. Мәселен, Қостанай облысындағы «Красная Пресня» селосын алайық. Мұндағы ересек тұрғындардың 60 проценті жоғары және орта дәрежелі білімі барлар, 90 адам интеллигенттік еңбекпен шұғылданады: селода орта мектеп, мәдениет үйі, кітапхана, киноқондырғы, аурухана, асхана, магазиндер бар. Поселке түгелдей электр нұрына бөленген, село тұрғындарының үйінде газ жанады, көпшілігі телевизия хабарларын көреді.

Сондай-ақ село тұрғындарының тұрмысы да өзгерді. Бұрынғыдай жеке меншікшіл психологияға берілген шаруаны таба алмайсың. Социалистік ұлы өзгерістердің барысында коллектившіл, ой-өрісі кең, шаруашылықты жүргізудің ғылыми әдісін, қазіргі заман техникасының тетігін жете меңгерген еңбеккер адам өсіп шықты.

Ұлттар арасында жаңа типті қарым-қатынастың дамуы, совет халықтарының достығы мен туысқандығының нығаюы социализм жеңістерінің бірі болып саналады. Ұлттық езгі мен кемсітушілік атаулы түпкілікті жойылды. Біздің еліміздің барлық социалистік ұлттары бір семьяның адамдарындай тату-тәтті, ынтымақты өмір сүреді. Олардың барлық праволары тең. Совет адамы — жалынды патриот, интернационалист. Олардың мақсат-мүдделері бір, ойы ортақ. Сондықтан да халықтар достығын нығайту, басқа ұлттардың мәдениетін, әдет-ғұрпын, озық дәстүрлерін қадірлеу әрбір ұлттың абзал борышы болып табылады.

Экономикалық және әлеуметтік тұтастық пен идеялық-саяси бірліктің негізінде түрлі ұлт өкілдерінің бойында, мінез-құлқында интернационалдық белгілер өрістеп келеді, жалпы советтік дәстүрлер мен коммунистік қоғамның мүшесіне тән ортақ қасиеттер қалыптасуда.

Социалистік қоғамның қол жеткен елеулі табысы — әйел теңдігі. Революцияға дейін әйелдер, атап айтқанда, қазақ әйелі күң болып келді, басында билігі болмады, зәбір-жапа көріп отырды.

Тек социализм әйелдердің қоғамдық өмірдегі ролін биік сатыға көтерді. Қазір әйелдер — коммунистік құрылыста үлкен күш. Олар халық шаруашылығының барлық саласында қажырлы еңбек етіп, болашақ ұрпақты тәрбиелеу ісіне баға жеткізсіз үлкен үлес қосуда. Әйелдер материалдық және мәдени игіліктердің бәрімен түгелдей пайдаланады. Совет өкіметі жылдарында қазақ әйелдерінің арасынан мәдениеттің сан алуан қайраткерлері, талантты ғалымдар, мамандар шықты. Солардың бірі — техника ғылымының докторы Жамал Қаңлыбаева. Қарапайым жұмысшы қызы жоғары дәрежелі білім алып, беделді ғалым атанды. Қазір бір ғылыми мекемені басқарып отыр. Ол — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты.

Социализм еңбекті қанаудан азат етті, мұның өзі — жеке адам бостандығының негізгі шарты. Еңбектің жалпыға бірдей міндеттілігі орнықты, оның жемісін еңбеккер мен қоғам бірдей көреді. Социалистік қоғамда еңбек аброй әперетін, даңққа бөлейтін іске айналды, ол адамның қадір-қасиетін, әлеуметтік бейнесін белгілейді. Еңбекке және қоғамдық меншікке адал қарау жоғары саналылықтың негізгі өлшемі болып отыр.

Бізде еңбектің шын мәні мен маңызын жете түсініп, творчестволық белсенділіктің, жаңашылдықтың өнегесін көрсетуші озаттар аз емес. Мысалға Қарағандының даңқты шахтері Қыдыралы Омаровты алайық. Ол табандатқан 30 жыл бойы шахтада істеп келеді, жаңашыл рационализатор. Ол техника тілін жете біліп, еңбек өнімділігін үнемі арттырып, рекордтық көрсеткіштерге жетуде. Коммунист Қ. Омаров комплексті бригаданы басқарады. Осындай жемісті еңбегі үшін оған Социалистік Еңбек Ері деген құрметті атақ берілді. Социалистік Еңбек Ері П. А. Лисовенко да еңбекке жаңаша көзқарастың үлгісін көрсетіп келеді. Ол — Балқаш кен металлургия комбинатын, Қарағанды металлургия заводуын, Қазақстан Магниткасын салуға белсене қатысқан білгір маман. Жетіжылдық тапсырманы үш жарым жылда орындап шықты. П. А. Лисовенконың творчестволық еңбегі өзінің терең мәні жағынан инженер-техник қызметкердің еңбегіне тең бағаланады.

Бізде еңбекке творчестволықпен қарайтын, оны қасиетті борыш ретінде аса жоғары бағалайтын адамдар аз емес. Социалистік Еңбек Ері атағын екі рет алған шопан Жазылбек Қуанышбаевтың, атақты күрішші Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаевтың және басқалардың есімдері бүкіл елімізге аян. Республика бойынша мұндай жоғары атаққа 1321 адам ие болды. Бұқараның творчестволық белсенділігінің өскенін бейнелейтін социалистік жарыстың әр түрлі формалары барлық жерде бірдей кең өрістеп отыр. Коммунистік еңбек жолындағы қозғалысқа бір миллионнан астам адам қатысып отыр.

Еңбек аса маңызды қоғамдық қызметке айналды. Социализм адамның қабілеті мен дарынын жан жақты көркейтуге қажетті жағдай туғызды. Совет өкіметі тұсында партия миллиондаған саналы еңбеккерлерді, коммунизмнің белсенді құрылысшыларын тәрбиелеп өсірді.

Алайда айта кететін бір жайт, еңбек тәрбиесі әлі де болса толық шешілмеген проблема. Еңбек тәртібін бұзатын, жұмыста брак жіберетін, өз міндеттеріне самарқау қарайтын қызметкер біржола арылып біткен жоқ. Жекелеген жастар арасында еңбекке селқос қарау фактілері кездеседі. Алдағы уақытта да ұйымшылдықты және еңбек тәртібін нығайтуға көңіл бөлген жөн. Саналы еңбек пен қоғамдық қызметтен тыс коммунистік тәрбиенің мүмкін еместігін есте ұстау керек. Коммунистік құрылыс міндеттерінің көлемділігі мен күрделілігі оны ойдағыдай шешу үшін қоғамның әрбір мүшесінен жоғары жауапкершілік пен саналылықты, қажырлылық пен бесаспап мамандықты талап етеді.

Біздің партия коммунистік құрылыс ісін бағыттай отырып, коммунизмнің рухани алғы шарттарын жасау, жоғары идеялылықты, еңбек сүйгіштікті, моральдық тазалық пен дене бітімінің толысуын жарасымды үйлестіретін жаңа адам тәрбиелеу міндетін алға қойды. Бұл орасан зор міндетті орындауда коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау түйінді мәселе болып

саналады. Өйткені онсыз қоғамның барлық мүшелерінің өсіп отырған материалдық және рухани қажеттерін толық өтеу мүмкін емес.

Марксизм дұшпандарының сойылын соғушы маоцзэдундық топтың насихатшылары адамның әл-ауқаты мен мәдениетінің өсуі оларды «буржуазияландыру» болып шығады деп мәлімдейді. Бұл — біздің идеалдарымызды, еңбекшілердің бақытты өмір жолындағы күресінің мәнін өрескел бұрмалағандық.

Біздің программалық принципіміз, коммунистік партияның ұраны: «Барлығы адам үшін, адамның игілігі үшін». Бұл принцип бұлжымастан іске асырылып, совет адамын жан-жақты жетілдіру үшін барған сайын қолайлы жағдай жасалып келеді.

Жұмысшылар мен шаруалардың санасында елдің қожасы деген сезім берік ұялауда. Еңбекші бұқара мемлекетті басқару ісіне кеңінен тартылған, қоғамдық-саяси өмірге белсене араласуда. Мәселен, біздің республикамызда 106 мыңнан астам жұмысшы мен колхозшы, ғылым мен мәдениет қайраткері, партия және шаруашылық қызметкері — жоғарғы және жергілікті Советтердің депутаттары.

Жан-жақты жетілген адам дегеніміз — білімді, қоғамның даму заңдарымен қаруланған, қазіргі заманғы ғылым мен техниканың, рухани мәдениет байлықтарының жетістіктерін игерген, жоғары моральдық қасиеті бар адамдар. В. И. Ленин: «Адам баласы жасап шығарған байлықтың бәрін білумен ой-өрісінді байытқанда ғана коммунист болуға болады» деген болатын.

Партияның күллі идеологиялық жұмысы жан-жақты жетілген адамды, белсенді құрылысшыны, коммунистік қоғамның лайықты мүшесін тәрбиелеуге бағытталған. Бұқараға идеялық, адамгершілік және эстетикалық тәрбие берудің қуатты құралы — әдебиет пен өнер, баспасөз, радио мен телевизия осы мақсатқа қызмет етеді. Біздің республикамызда 280-ге жуық газет, 20 журнал шығарылады, олардың жалпы тиражы 5 миллионға жетеді, сондай-ақ 12 телевизиялық орталық және 22 ретрансляциялық станция жұмыс істейді. Қазіргі кезеңде біздің елімізде аса маңызды әлеуметтік проблемалар шешілуде: қала мен деревня арасындағы, ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықтар бірте-бірте жойылуда, дүниеге ғылыми көзқарас пен коммунистік мораль орнығуда.

Қоғам ішінде коммунистік мораль принциптері мен нормалары, социалистік тұрмыс ережелері қалыптасуда, ескі әдеттер мен капитализм сарқыншақтары ойдағыдай жойылуда. Біздің партия тарихта тұңғыш рет өз Программасына коммунизм құрылысшысының моральдық кодексін енгізді, қазір оларды барлық адамдардың санасы мен тұрмысына сіңіру жолында күресуде, совет адамдарын идеялық сенімділік, принциптілік, әділеттілік, жалпы мүдде жөнінде қамқорлық, жолдастық өзара көмек рухында тәрбиелеуде.

Елімізде жұмысшылар мен қызметкерлерді екі демалыс күні болатын бескүндік жұмыс аптасына көшіру аяқталып келеді. Бос уақыттың көбеюі адамдардың мәдени және кәсіптік дәрежесін арттырудың, олардың қабілеті мен талантын жан-жақты дамытудың шешуші факторы болмақ. Болашақта бос уақыт қоғам байлығының өлшеміне айналмақ.

Совет мемлекетінің өмір сүргеніне биыл 50 жыл толды. Тарих деңгейінен қарағанда бұл ұзақ мерзім емес. Біздің халқымыз осы мерзімнің ішінде Коммунистік партияның басшылығымен ұлы әлеуметтік өзгерістерді жүзеге асырды, жаңа қоғамдық-экономикалық формацияны орнатуда бүкіл дүние жүзілік-тарихи жеңіске жетті. Тарихты жасаушы революционер адамды тәрбиелеу аса ірі жеңіс болды. Бұл — Октябрь идеяларының, марксизм-ленинизм идеяларының жарқын салтанаты.

КОММУНАРЛАР МҰРАСЫ

М. ӘБУҒАЛИЕВ

КҰН НҰРЫН аямай төккен жайдары жаз. Көк толқынды қақ айырған қайсар кеме оқтай зымырап келеді. Кеменің кербез кеудесінде «Василий Грибакин» деген өрнекті жазу алыстан көзге шалынады. Бұл — тұңғыш коммунаны ұйымдастырған, ақ бандылардың қолынан қаза тапқан ержүрек коммунистің есімі.

Кеме үстінде — қадірлі де құрметті қонақтар, жергілікті партия, совет қызметкерлері, коммунарлардың бүгінгі ұрпақтары. Бұлар — сонау он сегізінші жылдарда Владимир Ильич Лениннің оң тілегімен Шығыс Қазақстанның Бұқтырма өңірінде тұңғыш ауыл шаруашылығы коммуналабын құрған Дмитрий Васильевич Грибакин, Петр Ильич Косенков, Федор Дмитриевич Абашев; азамат соғысының қиын-қыстау жылдарында кенді Алтайда Совет өкіметін нығайтуға, коммуналар құруға көмектесу үшін өз өкілдерін жіберген Ленинградтың «Большевик» заводының (бұрынғы Обухов заводы) делегация мүшелері: цех партия ұйымының секретары, ұста Алексей Петрович Митрофанов, бригадир Степан Васильевич Новиков, құрастырушы слесарь, Социалистік Еңбек Ері, РСФСР Жоғарғы Советінің депутаты Петр Николаевич Иванов, цех бастығы Генрих Вячеславович Головня. Олардың қасында — Қазақстан Компартиясы Серебрянка қалалық комитетінің бірінші секретары Наталья Николаевна Озерова, қалалық Совет атқару комитетінің председатели Сейілхан Рақышев, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының озаттары.

Құрметті қонақтар төңіректегі табиғат көркінен көз айырмай тамашалап келеді. Тау алқабындағы қойнау-қойнауға сұғына кіріп жатқан айшықты шығанақтар мен теңізге қарай ұмсына түскен биік жартасты жасыл түбектер бір-бірімен астасып, тамылжыған сән-салтанатымен Ертіс бойына ерекше көрік береді, кәрі жартастың құзар кеудесіне жармаса біткен қалың қарағайлар мен сұлу қайыңдар, жасыл бұталар өңір келбетін құлпырта түседі.

— Неткен тамаша! Не деген ғажайып! — деді ерекше сезіммен Дмитрий Васильевич. Содан ол қасында тұрған Наталья Николаевнаға бұрылып ойын жалғастырды. — Менің әкем Василий Грибакин колчакшыл жендеттердің қолынан қаза табардың алдында: «Егер біз жазатайым болып кетсек, біз үшін кек алыңдар, Совет өкіметін көздің қарашығындай қорғандар» деп тапсырған еді. Біз ант бердік, осы тұрған сіздердің аттарыңыздан да ант бердік. Өйткені біз сендік, Коммунистік партияға, Ильичтің өшпес ісіне сендік. Енді міне, коммунарлар шашқан асыл дәннің қаулап өскенін, олар бастаған игілікті істің жалғасып, жасап, құлпыра түскенін көріп тұрмыз бүгін. Рахмет, мың рахмет сіздерге!

Дмитрий Васильевичтің даусы дірілдеп шықты. Ал Петр Ильич Косенков үнсіз тұр. Бұл жерге ол 49 жыл өткеннен кейін оралды. Коммуна алғаш құрылған жылы он сегіз жастағы Петяның бүгінде шашын күміс қырау шалған, құрметті Петр Ильич атанған... Федор Дмитриевич Абашев та қырық жылдан кейін көріп тұр бұл өлкені. Он бір адамнан құралған Абашевтардың бүкіл семьясы коммунаның түп қазыры болып еді. Ол да үнсіз. Тек ақ орамалын қайта-қайта көзіне төсей береді.

Кеме қарт коммунистер үшін аса бір қымбатты, қадірлі, қасиетті жерлерден жүзіп өтті.

— Мына жерде суға түсіп, қайықпен серуендеп едік. Бұл арада екі жүзге жуық шатыр тігілген-ді. Өзенге жақын жерде ұста дүкені бар еді, — деді әлден уақытта Петр Ильич.

Кемедегілер бұрынғы «Первороссийск» коммунасының орталығы осы арада ғой деп шамалаған жерде суға венюк түсіріп, қаза тапқан коммуналарға құрмет көрсетті...

Биылғы мүшелді жылдың июль айында болған осы бір сағынышты кездесу кімнің болса да жүрегін тебіrentкендей еді. Кенді Алтайға келген қадірмен қонақтар өздері бастаған игілікті істің тамаша жемістерін, бүгінгі ірі жетістіктер мен жаңалықтарды көрсе, олардың қазіргі ұрпақтары алғашқы коммуналардың ерлік күрестерін көз алдына елестетіп өтті.

...1918 жылғы январь айы болатын. Революцияшыл Питер ауыр күндерді бастан кешіріп жатыр. Суық. Аштық-жалаңаштық. Фабрикалар мен заводтар тоқтап қалған. Жұмыссыздық. Дәл осы қытымыр қатал күндерде Обухов заводының жұмысшылары В. И. Ленинге барып, еліміздің шығысында, Алтайда ауыл шаруашылығы коммунасын ұйымдастырғысы келетіндіктерін айтты. Ленинге барған делегацияның құрамында Василий Грибакин, Андрей Климкевич, Филипп Анисимов, Константин Михалкович, Гаврил Курбанов болды.

Владимир Ильич обуховшыларды жылы шыраймен қарсы алды. Заводтың жағдайын, адамдардың көңіл-күйін ыждаһаттап сұрады да, орнынан тұрып, жұмысшылардың қасына келіп күлімсірей тіл қатты: «Алтайға баруды жақсы ойлап тапқансыздар, жолдастар. Бұл бастамаларыңыз тамаша. Алтайда қазір жұмысшы адам керек-ақ. Сіздердің бұл сапарларыңыз — алдыңғы қатарлы жұмысшылардың кулақтық контрреволюцияға қарсы жорығы болып табылады».

— Бұдан соң Ленин коммунаның кімдерден құралатынын сұрады. Оның көпшілігі жұмысшылар болатынын, ішінара агрономдар, механиктер, мұғалімдер мен дәрігерлер бар екенін білгесін Владимир Ильич тіпті қуанып кетті. «Сіздердің коммуналарыңыз, — деді ол, — нағыз жұмысшы коммуна. Бұл коммунаның өмір сүріп, дами беруіне барлық негіз бар».

В. И. Ленин коммуналарға арнап 200 әскери шатыр, наубайхана, кулактардан қорғану үшін 50 винтовка мен тиісті мөлшерде патрон және 28 вагон бергізді.

Жол-жөнекей талай қиыншылықтарды жеңе отырып, обуховшылар Бұқтырма өзенінің сол жағасына қоныс тепті. Көп кешікпей олардан 25 километр жерде, Снегиревка селосының жанында егінші-коммунистердің россиялық екінші қоғамы орналасты. Обухов шатқалында «Солнечная» коммунасы шаңырақ көтерді.

Шатырларын тіге салысымен, коммуналар тың жерді игеруге кірісті. Ұста дүкендерін, механикалық шағын шеберханалар салды, токарьлық станоктарын іске қосты. Алғашқы күннен-ақ жергілікті халықпен тығыз байланыс орнатты. Олардан мал, тұқым сатып алды. Сөйтіп, Ертіс пен Бұқтырма өзендерінің жағасында «Обухов», «Первороссийск», «Солнечная» коммуналары ұйымдастырылды. «Первороссийск» қоғамының тұңғыш председателі В. С. Грибакин, партия жетекшісі К. Я. Михалкович болды.

Бірақ коммуналар өздері екен, бітік шыққан алғашқы өнімді жинай алмады. Ақ казактар мен кулактар коммуналарға тұтқиылдан шабуыл жасап, талқандап, мүліктерін тонап кетті. Колчакшылар 28 коммуналды қолға түсіріп, азаптап өлтірді. Питер жұмысшылары ұйымдастырған коммуналар таратылды. Бірақ алғашқы коммуналардың ісі өлген жоқ, өмір сүрді және өмір сүріп келеді де.

Кенді Алтайда алғашқы ұйымдастырылған коммуналар бүкіл шаруашын, тіршілігін социалистік принципте құрды. Коллективтік еңбек жүзеге асырылды, табыс еңбекке қарай берілді. Бөлінбейтін қор құралып, балалар мен қарттарға жәрдем жасалды, диқандарға демалыс беру, мектеп оқушыларына арнап қаржы бөлу көзделді.

Коммуналардың өз уставы болды. Ол пролетарлық интернационализмнің лениндік идеяларына негізделді. Онда былай делінген: «Коммуна

барлық ұлттар еңбекшілерінің шын туысқандығының нағыз үлгісі болып саналады, сондықтан еңбекшілердің ұлты орыс болмай, басқа ұлтқа, басқа дінге жататындығы коммунаға кіру үшін кедергі болмайды». Устав еңбекшілерді тәртіптілікке, еңбек сүйгіштікке, коллективизмге тәрбиелеу рухында жазылған.

Жаңа өмір, жаңа тұрмыс туын тіккен алғашқы коммунарлардың бүкіл өмірі мен қызметі қарапайым халықтың көкейтесті ой-арманын бейнеледі. Олардың идеяларының өміршең болуы, олардың ісінің гүлденіп ілгері басуы міне сондықтан.

Елімізде ауыл шаруашылығын коллективтендіру нәтижесінде Бұқтырма ауданында (қазіргі Серебрянка) шағын 41 колхоз құрылған еді. 1956 жылдың ноябрь айында осы колхоздардың негізінде іріленген үш шаруашылық — «Первороссийск», «Обухов» және «Бұқтырма» совхоздары ұйымдас-тырылды.

«Первороссийск» совхозы — ет пен сүт өндіру бағытындағы ірі шаруашылық. Оның өрісінде жеті мыңға жуық ірі қара, үш мың шошқа өріп жүр. Совхоз кенді Алтай еңбекшілеріне жыл сайын елу мың центнер ет, алты мың центнерден аса сүт береді. Астық өндіреді, құс өсіріп, балық аулайды.

— Торқалы тойдың берекелі дастарқанына шашар шашуымыз өз алдына, — дейді совхоз директоры Павел Тимофеевич Полянский. — Совхоз мемлекетке ет, сүт тапсырудың сегіз айлық жоспарын асырып орындады. Жоспардан тыс 800 центнер ет, екі мың центнер сүт өткізілді.

Директордың сөзін совхоз парткомының секретары К. А. Феклистов жолдас қостап, толықтыра түседі.

— Коммунаның алғашқы дәрігері Лидия Алексеевна Грибакина тірі болса, совхоздың қазіргі тамаша емханасын көріп, қандай қуанар еді! Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан тұңғыш мұғаліміміз Николай Филиппович Анисимов совхоз балаларының сәулетті мектебін, селоның гүлденген мәдениетін көрсе, төбесі көкке жетер еді-ау!

— Сөз арасында айта кетейік, бір кезде алғашқы үш коммуна социалистік тұрмыстың іргесін қалаған ауданда қазір 29 мектеп, медицина училищесі жұмыс істейді, екі дәрігерлік емдеу орталығы, 15 фельдшерлік-акушерлік пункт еңбекшілерге қызмет етеді.

«Обухов» совхозы да кенді Алтайдағы көп салалы ірі шаруашылықтардың біріне айналған. Тамаша адамдар еңбек етеді бұл совхозда. Солардың бірі — қарапайым шопан, коммунист Қамза Ақжолов. Ол бұл араға алғашқы коммунарлар сияқты Лениннің жолдамасымен келген жоқ. Қамза Совет өкіметі орнағаннан кейін осы жерде туып өсті. Аға ұрпақтың — тұңғыш коммунарлардың ерлік ісін жалғастырды.

Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдарында, Ростов қаласы үшін болған кескілескен ұрыста қазақ жігіті Қамза Ақжолов ауыр жараланды. Туған жері Бұқтырмаға екі аяғынан бірдей айырылып, қос балдақпен келді. Бірақ қайсар жігіт қажыған жоқ. Сапқа қайтадан тұрып, ел бақыты үшін күреске қайта араласты.

Әрине, Ақжолов самолетке отырып, аспанға самғаған жоқ. Шөп шапты, мая салды. Бұған қанағаттанбай, шопан таяғын қолға алды. Еңбегі жанды, абыройы артты. Жыл сайын қойы семіз, төлі егіз. Кеудесінде Еңбек Қызыл Ту ордені жарқырайды. Облыстық Советтің депутаты. Қазір обуховшылар Ақжоловты қазақтың Маресьеві деп атайды.

Бұрынғы коммунарлар бастаған қасиетті істің игі жалғасы бұл өңірде осы үш совхозбен шектелмейді.

Өскемен ГЭС-інде соңғы турбиналар монтаждалып жатқан кезде құрылысшылар жаңа алып салынатын жерге — Бұқтырманың мөлдір суы Ертіске құйылатын жерге көшті. Жаңа қала — Серебрянканың негізі қаланды, гараждар мен бетон заводтары үшін алаңдар әзірленді, бригадалар, учаскелер құрылды.

Бұқтырма станциясын салу әрі оңай, әрі қиын болды. Оңай дейтіміз, асау Ертісті адам ырқына бағындырудың бай тәжірибесі жинақталды, ұйымшыл коллектив қалыптасып, нығайды, отандық өнеркәсіп құрылысшыларды қуатты техникамен мол жабдықтады. Ал қиын дейтіміз, Өскемен ГЭС-іне қарағанда орындайтын жұмыс көлемі әлдеқайда көп болды. Биіктігі тоқсан метрден аса бетон плотинасын қалау қажет еді. Оның бір қанатын Құлама тауына тіреп, Жаншықпас тауын мүлде жойып, оның орнына төрт камерлі шлюз орнату көзделді. Құрылысты ақылына батылдығы сай білікті инженер Михаил Васильевич Инюшин басқарды. Осы құрылыста ол Социалистік Еңбек Ері атағын алды, демінің ақырына дейін еңбек етті.

Алып құрылыста талай адамдардың таланты ашылып, шеберлігі, іскерлігі шыңдала түсті. Ақпекті, Фархад ГЭС-терінің құрылыстарында ерен еңбегімен атағы шыққан Михаил Маркович Соболев негізгі құрылыс учаскесін басқарды. Құрылыстың бас энергетигі Рақымбек Сабатаев болды. Оның еңбек десе жанып кететін, оттан да, судан да тайынбайтын ер жүрек жігіттеріне электр желісін уақтылы тарту тапсырылған еді. Құрылысшы-электриктер өте қиын жағдайда жұмыс істеді. Жолда ит тұмсығы батпайтын ормандар, асу бермес шатқалдар кездесті. Соған қарамастан, Бұқтырма ГЭС-інде жұмыс қызғанша трасса толық дайын болды.

Ленинградтың политехникалық институтын бітірген Рақымбек Сабатаев Ульба мен Риддерде, Алматы мен Өскеменде алып электр, жылу станцияларын салуға белсене қатысты. Қазір ол Ертіс — Қарағанды каналында бұрынғысынша білек сыбанып, қайнаған еңбектің қақ ортасында жүр.

Бұқтырма ГЭС-і құрылысында талай еңбек адамдарының даңқы шықты. Соның бірі коммунист Ақыш Ермеков. Құрыш білек, қайсар мінез монтажшы. Оның омырауында Совет Одағының, Біріккен Араб Республикасының ордендері жарқырайды. Бұқтырма су электр станциясының құрылысы аяқталысымен Асуан плотинасын салуға барды. Шетелде де совет маманының абыройын асырып, даңқын шығарды.

Кәрімбаев пен Сләмовтардың, Хлапцев пен Ермековтердің қолымен салынған Бұқтырма су электр станциясының қуатты тоғыз агрегаты бірдей жұмыс істеп, арзан электр қуатын өндіріп, Шығыс Қазақстан, Семей, Павлодар облыстарының, Алтай өлкесінің өнеркәсіп орындарын, колхоздары мен совхоздарын, мәдениет орталықтарын, тұрғын үйлерді Ильич нұрымен кенелтті.

Коммунарлар бастаған істің игі шарапаты жайлы айтқан кезде бұл өңірдегі екінші алып — цемент заводына тоқталмасқа болмайды. Оның бірінші кезегі 1965 жылы пайдалануға берілді. Содан бері завод 359 176 тонна, соның ішінде жоспардан тыс 13 432 тонна цемент өндірді. Заводтың болашағы өте зор. 1968 жылы екінші кезегі іске қосылған кезде ол жылына 1 миллион 400 мың тонна цемент өндіреді, яғни Шығыс Қазақстанның құрылыс ұйымдарын цемент материалымен толық қамтамасыз ететін болады.

Коммунарлар сепкен асыл тұқым осылай қаулап, осылай өркен жайып келеді. Бүгінгі ұрпақ халық бақыты үшін күрескен ардагер азаматтарға мәңгі жасар ұлы ескерткіш орнатты. Ол ескерткіш — өркені өскен, көркейген қалалар мен селолар, қарыштап дамыған өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы, дәулетіне сәулеті, достығына ынтымағы жарасқан озық ойлы, биік мәдениетті жаңа адамдар, коммунизм орнатып жатқан қаһарман халқымыздың ұлы істері.

Ежелгі Ертіс алқабының еңбеккерлері Ұлы Октябрьдің жарты ғасырға толған мүшелді мерекесіне еңбек табыстарынан мол тарту алып келді. Бұл да — коммунарлар бастаған ерлік істердің игі жемісі, ерен жалғасы.

ДИҚАН АТА

Ұ. БАҒАЕВ

ҚОҢЫР КҮЗ. Түн. Көксүр «Волга» айнадай асфальтпен зымырап келеді. Машинада үш адам отыр: жалпақ жауырынды, қияқ мұрт, келбетті қария, бұл — Ыбырай Жақаев, оның қатарындағы сұңғақ денелі, қараторы, өткір көз жігіт күрішші Зақыман Өткелбаев және жұқалтаң, аққұба бала — шофер. Беталыс — Қызылорда. Совхоз орталығынан кештете шыққан машина түн түңлігін түре жұлдыздай ағады. Астық тиеген сарқасқа, көкқасқа «маздар» «зу-зу» етіп етіп жатыр. Бәрі де асығыс. Қымқиғаш қызу тірлік.

— Сырдың күзін айтсайшы, шіркін! — деп қояды Ыбекең төңіректі барлай шолып.

— Қазандай қайнап жатқан қызық шақ қой, — дейді Зақыман да оны құптап.

— Күз тынысынан қазандай қайнаған қауырт істі ғана емес, керемет бір күшті, серпінді көргендей болам, балалар.

Бұл сөзге Зақыман да, шофер да ойлана құлақ түреді.

Әудем жер өткенде Ыбекең сәл алға ұмсынып, «аялдашы бала» дегендей ишарат жасап еді. Ұстараның жүзіндегі ылпылдап тұрған шофер бала лезде тоқтай қалды.

Бәрі сыртқа шықты. Түнгі қоңыр салқын ауада бой жазды. Айнала самсаған жұлдыз секілді электр жарығы.

— Мынау біздің совхоздың комбайндары, анау көрінген бірінші совхоздікі, одан әрі «Шіркейлі»... — деп Зақыман маржандай шашыраған оттарды нұсқайды.

— Ия, шамалап тұрмын. Жақсылық қой бұл, егіншінің ырысы жанды деген осы да. Әнеубір жылдары қандай едік?

Ыбекеңнің бұл пікірі алыстағы бір ақиқатты ойға оралтады.

— Адамға орындалған істің бәрі оңай да, атқарылар жұмыстың бәрі қиын көрініп тұратыны бар, — деді ол. — Жылдар сағасынан көз салсаң, кейде олай бола бермейді екен. Қалайша дейсіңдер ғой? Айтайын. Жол қысқарсын...

Әдетте көп сөйлеп кетпейтін Ыбекең машинаға отыра ұзақ бір әңгіме бастады. Қасындағы екеуі де ұйып тыңдай берді.

Бұл әңгіме даңқты диқанның өзі өткен жолдың, өзі ғана емес-ау, ауылы, ауданы, тіпті Сыр бойы шаруалары өткен жемісті, бақытты жолдың шежіресі сияқты еді...

I

Ыбекең күрішпен алғаш рет 1930 жылдың көктемінде белдесті. Бұдан аз ғана бұрын артель болған жүз жеті үйлік ауыл сол көктемде жүз гектардай егін салды.

Алғашқы көп егін. Бұрын мұншама егісті көз көріп, құлақ естімеген. Артельдің бар байлығы — төрт темір соқа. Күш көліктен он шақты түйе мен есек бар.

Кішкентайынан бейнетпен суарылған жас жігіт Ыбырай да қолына кетпен алып, көппен бірге егіс даласына шықты. Әкесі Жақайдың мынадай бір сөзі жастайынан жүрегінде тоқулы еді. «Әрбір топырақ аяласаң иеді, әрбір жапырақ сипағанды сүйеді». Сол пікір ойында сан қайталанды.

Білек біріктіріп өткен еңбек құдіретті екен. Бұрын басы бірікпей бытырап жүргендер алғашқы жылы-ақ мол астыққа кенеліп қалды.

Сол күздің өзінде қайратты жігіттер көзге іліге бастады. Ауыртпалық

арқаға, салмақ білекке түсіп тұрған шақта қайратты жігіт, қадірлі жігіт болып шыға келді. Солардың бірі осы Ыбырай еді.

Осылайша жылды жыл ауыстырып, табыстан табыс арта берді. Ауыл адамдарының да, өмірге жаңа келген жас артель — «Қызылтудың» да қабырғасы қатайып келе жатты. Бір жылдан бір жыл биіктеп, ұшқан сайын қанат та қатая түсті. Ел, ауыл өміріне жақсы жаңалықтар ене бастады. Бір жолы қызылтулықтар тұңғыш тракторды тамашалай көрді. Ыбекең де осы топтың ішінде.

— Бұ не гажап?

— Темір тұлпар деген осы!

— Жансызға жан біткені ғой!

— Құлақ естігенді көз көрді.

— Бәрекелде!

Көп аузынан осындай сөздер естілді. Ауылдың әр адамы жеке сыйлық алғандай қарқ боп қалды. Әр үйде жарқын әңгіме, күмбірлеген күлкі естілді. Бәрінің тоғысар жері — трактор!

Әрбір жаңалық ауылды елең еткізіп жатты. Енді бірде орылған күрішті молотилкамен бастыратын болды жұрт. Бұл да қуаныш отын тағы бір лап еткізді.

Өмір деген қызық екен. Тракторға да, молотилкаға да бой үйрене бергенде зымырап автомобиль кірді ауылға. Ал ендеше! Құстан да, қиялдан да жүйрік қой мынауың!

Өстіп жүргенде бір күні Шиелі аспанынан аэроплан дүрілдеп өтті. Халық көзі аспанға қадалды. Әуедегі керемет жердегі жүректі тулатты. Аспаннан ай мен күнді, түнгі жұлдызды, ұшқан құсты ғана көріп үйренген көз мынадай кереметке таңырқай қарап еді. Аздан соң ол да жаңалық болмай қалды.

Ауыл іші еңбекке өріс ашылған думанды сәттерді бастан өткізіп жатты. 1940 жылы ұзындығы 105 километр келетін Шиелі каналы іске қосылды. Бұл бүкіл облыс өміріндегі үлкен оқиға болды. Халықтық әдіспен, барша қауым қолмен қазған бұл су жолы — байлық жолы, береке арнасы еді. Әр адам еңбекте өнер көрсетуге құлшынып, күш-қайратын ауылдан, ауданнан асыруға бел алып тұрған шақта елге суық хабар тарады. Жау бейбіт елге оқ атты. Соғыс басталды.

II

Соғыс! Шалқыған көңіл су сепкендей басылды. Ер-азамат майданға топ-тобымен аттанды. Алғашында ауылдағы өмір осымен тынып қалардай көрінді.

Жоқ, олай емес екен. Тіршілік жалғаса берді. Еңбек те толастамады. Қайта кімнің білекті, кімнің жүректі екені осындайда танылады екен. Қатын-қалаш, бала-шаға арасында топты жарып, көпті бастау ердің ерінің ғана қолынан келетін заман туды. Ойпырмау, адам бәріне де үйренеді екен, бәріне де көнеді екен. Кеше алпамсадай азамат арқалаған жүкті бүгін алты жасар бала иығына көтерді. Кеше құстай ұшқан автомобильдің жұмысын енді өгіз арба атқарды. Бәрі бір, қарқын кемігенімен, қаһармандық қайтпады, күрес толастамады.

Жуан жіңішкеріп, жіңішке үзілгелі тұрған осындай шақта ауылда мынадай бір қуанышты хабар тарады. Соғыстың қызып тұрған кезінде бір өзі бірнеше адамның жұмысын атқарып жүрген Ыбырай қария бүкіл елге әйгілі үлкен жеңіске жетті. Ол күріштің әр гектарынан 170 центнерден өнім жинап, рекорд жасады! Атақты дикан өз жерлесі Ким Ман Самнан да асып кетті.

...Қазір Шиелі ауданындағы «Қызылту» колхозында «Ыбырай түбегі» деп аталатын күріш алқабы бар. Түбектің бұлай аталуының сыры көп.

Отыз жыл бойы осы түбекте еңбек кереметін жасаған қария күні бүгінге дейін сол түбекті ерекше қастерлейді, аялайды. Осы түбекте ол ре-

корд жасады, осы түбекте даңққа бөленді, осы жерде ақ күріштің атасы атанды. Бүгінде «Ыбырай түбегі» колхоздың картасында тұр. Ертең ауданның, облыстың, республиканың картасында да «Ыбырай түбегі» өз белгісін түсірмек. Ол — тарих.

Осы түбек орналасқан алқап туралы колхоздың байырғы тұрғындарынан ұзақ әңгіме естігенім бар. Оның мазмұны мынадай:

— Ит тұмсығы өтпес жыныс еді. Тек қана қаз қонып, құс ұшатын. Бұл маңда егін өседі деп кім ойлаған. Су ағатын арық та жырақта. Атты кісі емес, жаяу адам да қасынан өтпейтін қара орман еді. Бір күні жиналыста Ыбекең сол түбек жайында мәселе қойды. «Ағаш та, қамыс та құнарлы жерге өседі, сол қалың орманның түбі қыртысы қалың топырақ, қыртысты жерде құнар көп, құнарлы жерде шығар көп, ендеше сол жерді игеру керек» деді ол.

Жұрт қостамады. Бәріміз де құптамадық. Қазіргідей күш қайда ол кезде? Жиналыс қарсы болды. Ешкім қол көтермеді. Тек Ыбырай ғана қалыс қалды.

— Айтқанымнан қайтпан, — деді ол жиналыс тарап бара жатқанда. Қойшы, бір күні «Ыбырай түбекті аршуға кірісіпті» дегенді естідік. Енді бірде ұңғысы оқпандай қара кетпенмен жиде, шенгелді, бұта, томарды түбімен қопарып жатқанын көзіміз көрді. Ала жаздай жеке айқасты-ау батырың. Ақыры жеңді. Күзге қарай өткен бір жиналыста сол түбекке арық қазу жөнінде қаулы қабылданды.

Он бес километр келетін арықты жабыла қаздық. Ыбырайдың өзі бастады. Күштілігінен бе, құдыреттілігінен бе, кім білсін, қай жұмыста да оның шоқтығы бәрімізден биік тұратын еді.

Келер жылы жаңағы түбекте қамыстай қаулап өскен күрішке таңдайымызды қақтық.

III

Я, таңдай қағатындай бар еді. Бұл түбекте жаңағы айтылған рекордтар туды. Ыбырайдың құдыреті танылды. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Социалистік Еңбек Ері деген жаңа атауларды «Қызылтуға» жеткізді бұл түбек. Ендеше «Ыбырай түбегі» деп ат қойып, айдар тақпасқа не!

Сол түбек бүгінде жылдар шежіресіне, тарих шежіресіне «Ыбырай түбегі» деген қастерлі атпен сапар шегіп барады. Қазір бұл жер кәдімгі табиғаттың өзі туа берген атақ сияқты санаға еніп кеткен. Ыбекеңнің өзі де сөз арасында «Ыбырай түбегі» деп жиі қайталайды.

Ыбекең еңбек ететін «Қызылту» колхозында Мұстафа Тәжіков деген білікті агроном бар. Ыбекеңнің үлкен досы, сырласы. Диқан жайында әңгіме болғанда алдымен оның өзі таңқалады, одан кейін өзгені таңдандырады. Ал Ыбекең де сол Мұстафа десе ішкен асын жерге қояды. Осы колхозда Заһира Ержанова дейтін күрішші әйел және бар. Ыбекеңнің шәкірті. Бір ауылда біте қайнап өскен қызы. Қазір Социалистік Еңбек Ері.

Өткен жылдың күзінде осы екі кісімен бірге «Ыбырай түбегіне» бардық. Сол жылы Ыбекеңнің жетпіс бес жылдығы тойланбақ еді. Жасы келді, енді заңды демалыс күтіп тұр. Ендеше осы күз Ыбекеңнің егін даласына соңғы шығуы болса керек.

Түбекке келдік. Ыбекең атыз басында жүр екен. Анадайдан жаяулап келе жатырмыз. Агроном сөйлеп келеді.

— Не деген әулие кісі, — деп әзілдеді ол, — қорғасындай салмақты болуды кімнен үйренді екен. Қиналса да қабағын шытпайды, қуанса да асыптаспайды. Қанша жыл бірге еңбек етіп келе жатсам да Ыбекеңнің қытығына бір рет тие алмадым.

— Өмірде керемет жасауға арналып әдейі туған адам секілді, — деді Заһира да Мұстафаны құптап.

Мұстафаның соңғы сөзін алдымыздан қарсы шыққан Ыбекең де естіп қалған болу керек, жымыды.

— Оу, Мұстафа, сөйлей бергенше, істі де есіңе алсаң қайтер еді?

«Әне, бұл кісінің жата бермесі бар» деп Мұстафа құшағын ашып сәлем берді. Бәріміз де амандасып жатырмыз.

— Күріштен қол үземін деп қорықпай-ақ қойыңыз, Ыбеке, — деді Мұстафа әзілдей сөйлеп, — қаласаңыз күріш жетеді, еге бересіз. Әйтпесе кәрілік табиғат заңы, тынығып жата беруден неге қашасыз?

Ыбекең жақтырмай қарады.

— Ей Мұстафа, қызғанғаның ба, қуанғаның ба бұл?

— Екеуі де бар, Ыбеке.

Осы сәт Ыбекең сәл кідіріп қалды. Ойлы жүзбен айналасын шолып, аспанға, жерге, күрішке көз тастап тұр. Ыбекеңнің ішінде арыстан мертігіп жатса да жүзінен өзгеріс біліну жоқ. Мұстафа тағы да тіл қатты.

— Ыбеке, сіздей диқанның егіннен қол үзетінін ойлау жүрегімізді сыздататынын несіне жасырайық. Ал қуанатыным — еңбегіңіз сіңді, шәкірттеріңізге сан жетпейді, енді кең кәсіліп тынығыңыз.

Әлден уақыттан соң Ыбекең де сөйлеп кетті.

— Жақсы әзілдіңді, жарқын лебіңді ұнататын едім, Мұстафа. Құрбымдай әзіл айтсам да, қол баламдай ұрыссам да мыңқ етпейтін сендерден қол үзсем, қалай болғаны?..

Ыбекеңнің соңғы сөзі айтылғанда дауысы сәл дірілдеп шықты.

Біз аздан соң қош айтыстық. Мұстафа Ыбекеңмен бірге плантацияның арғы басына барып қайтты. Жолай әңгіме арқауы да Ыбекең. Көпке дейін машинаға отырмай, жаяулай бердік. Бір кезде Мұстафа таяу арада Ыбекең айтқан мынадай бір сөзді ортаға салды.

«Табиғат заңына қарсы тұрар кім бар? Жүгіріп жүріп жетпістен асып кеткенімді де байқамаппын. Енді қарашы. Ең жақын досымнан, аяулы достарымнан алыстатқалы тұрғанын. Буыны құрғыр шыдатпайды, әйтпесе бәріңді де тыңдамас едім...»

— Осылай деді. Шешен екен. Ойшыл екен. Осы жерде менің көзім де бұлдырап кетті.

Қалай дегенмен Ыбекеңдей берік адам аз. Аудандық Мәдениет үйінде салтанатты мәжіліс өтіп жатыр. Ине шаншар бос орын жоқ. Сахна төрінде жан-жақтан келген қонақтар. Ортада зайыбы Бибіажар мен Ыбекең отыр. Кино операторлар. Айқыш-ұйқыш ойқастаған электр жарығы. Осы көріністің өзі адамның жүрегін тербейді. Бұл Ыбекеңнің жетпіс бес жасқа толуына арналған салтанат.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің құттықтауы оқылды. Үлкен егіншіге арналған жылы сөздер. Одан әрі есепсіз құттықтаулар... Ыстық құшақтар... Бәрі де Ыбекеңге арналып жатыр. Ыбекеңнің жүзі баяғы қалпы.

Бір кезде Ыбекең мінбеге көтерілді. Баяу бастап, сөйлеп тұр.

Күрес пен жеңіс шежіресі

● Коммунистік партия Қазақстан МТС-терінің саяси бөлімдерінде қызмет атқару үшін өзінің таңдаулы өкілдерінен 290 адам жіберді. Олардың жартысынан астамы лениндік шақырулар кезінде партияға алынған, партиялық стажы көп жұмысшы, шаруалар.

● 1933 жылы Москва жұмысшылары Оңтүстік Қазақстан облысында 500 адам даярлайтын оқу комбинатын салып берді. Мұнда жергілікті ұлт кадрлары оқып мамандық алды. Комбинат мұқтажына астана жұмысшылары өз қаражатынан 90 мың сом берді.

● Революцияға дейін ешқандай коллективтік шаруашылығы болмаған Қазақстан жерінде қазір 1 620 совхоз, 442 колхоз

ұйымдастырылып отыр. Оларда 190 мың трактор, 100 мыңдай комбайн және 100 мыңнан астам жүк автомашиналары бар. Ал бесжылдықтың аяғына дейін қазіргі қолда барға тағы да 191 мың трактор, 81 мың комбайн, 90 мың жүк автомашинасы және басқа жаңа техника қосылады.

● Республикада 9 082 адам колхоз басшылары мен мамандары болып істейді. Олардың ішінде 1 238 адамның жоғары білімі, 3 246 адамның орта арнаулы білімі бар. 437 адам жоғары және орта арнаулы білім беретін оқу орындарында оқып жүр. 4 161 адам — ауыл шаруашылығында көп жыл істеген үлкен тәжірибе иелері.

Ыбекеңнің аз сөзінде үлкен мән бар. Әр айтқанында ар жатады, адамдық жатады. Бұл сыр қызылордалықтарға ежелден таныс. Өне диқан тағы да күріш жайын айтып кетті. Ақ күріші — сарқылмас ырысы, атағы, даңқы. Сондықтан да болар, Ыбекең шаршы топ алдында сөз сөйледі. дегенше, ақ күрішін жырлады дей беріңіз.

— Халқыма рахмет, партияға рахмет! Баршаңа рахмет! — Бұл оның соңғы түйіні.

Қазір Сыр бойында күріш десе ең алдымен ауызға Ыбекең ілінеді, Ыбекең десе маржандай мөлдіреген ақ күріш ойға оралады. Ыбекең бір адам. Біреу болғанмен артында мыңдаған шәкірттері бар. «Жақаевшылар» деген атпен елге танылған үлкен толқын бар.

Ыбырай қарияның почтасы бай. Ақтарған сайын көп нәрсеге қанығасың. Ыбекеңнің альбомында корей шаруаларының арасында түскен суреттер, жапон мен вьетнам диқандары жазған хаттар, Кубаның жас егіншілері жолдаған телеграммалар, атақты ғалымдардың лебіздері, құттықтаулары...

Еңбекті құдырет дәрежесіне көтерген Ыбекеңнің есімі бүкіл елге танымал. Украин шаруалары, Өзбекстан мен Тәжікстан мақташылары, Алтайдың малшылары, Қарағанды шахтерлері, Москваның ғалымдары, қысқасы, бәрі оның есімін ардақтайды!

Советтік 50 жыл түлеткен қырандардың бірі Ыбекең мемлекет қайраткері дәрежесіне көтерілген адам. Ол бірнеше рет республика Жоғарғы Советіне депутат болып сайланды. Ондаған жылдар бойы облыстық, аудандық, ауылдық Советтердің депутаты. Төсінде Алтын Жұлдыз жарқырайды. Үш Ленин ордені оның қиын да, қастерлі де еңбегінің жарқын куәсі.

Ыбекең жайында көп жазылады, көп айтылады. Оның нұрлы бейнесі киноленталарынан да сан рет көрініп жүр. Осының бәрінде де әңгімеге өзек болатын, тілге тиек болатын бір ғана нәрсе бар. Ол — Ыбырай қарияның еңбекшілдігі.

Ыбекең Октябрь күндерінде жиырма беске жаңа келген жігіт екен. Еңбекпен көзін ашып келе жатқан қырғи қанат жастың бақытына жол ашқан — Октябрь!

Өткен жылы Москвада КПСС XXIII съезіне қатысып қайтқан бойда Ыбекеңнің өз ауылдастарына айтқан мынадай бір пікірі бар.

— Мен сендермен Ыбыраймын, атақ, даңққа ие болғаным ең алдымен сендердің арқаларың, сендердің қошемет-құрметтерің. Осының бәрі үшін мен ең алдымен Коммунистік партияға, Совет өкіметіне қарыздар болсам, одан кейін туған жерге, ауылдастарыма қарыздармын. Кеше қандай едік, бүгін қандай болдық!

Мен ауылдың бұдан отыз-отыз бес жыл бұрынғы бейнесін көз алдыма елестетемін. Жапырайған үй. Шаңғыт көше. Темір кетпен. Атыздай арық.

● СССР Жоғарғы Советінің Указы бойынша Жамбыл облысының Қордай ауданындағы «Трудовик» колхозы, Гурьев облысының Индер ауданындағы «Передовик» колхозы, Шығыс Қазақстан облысындағы Лемонаиха ауданының Жданов атындағы колхозы Ленин орденімен наградталды.

Алматы облысы, Талдықорған ауданының XII партсъезд атындағы, Қызылорда облысы, Шиелі ауданының «Гигант», Ақтөбе облысы, Алға ауданының «Красный колос» колхоздары Еңбек Қызыл Ту орденіне ие болды.

● Соңғы 14 жылдың ішінде республика мемлекетке берген астықтың игеруінен бұрынғы жылдармен салыстырғанда 6,3 есе көбейді, орта есеппен ол жылына 555

миллион пұттан келеді. Тың игергенге дейін Қазақстан жылына мемлекетке 88 миллион пұт қана астық беретін.

● 1966 жылы астықтың жалпы өнімі елімізде 1913 жылмен салыстырғанда 2,2 есе, ал негізгі азық-түліктік дақыл — бидай өндіру 5 еседен астам артты. Біздің республикамыз астық, соның ішінде бидай дайындау жөнінде елімізде РСФСР-ден кейінгі екінші орынға шықты.

● Бұрын қазақ халқы жаппай сауатсыздық жайлаған ел еді. Бүкіл халықтың тек 2 проценттейі ғана қара танытын.

Бүгінгі Қазақстан — жаппай сауаттылар елі. Республикада жалпы білім беретін 10 мыңнан астам мектеп бар. Онда 3 миллиондай бала оқиды.

Беріректе тракторды көрдік, автомашинаны көрдік, комбайнды көрдік. Бәрі де көз алдымыздан өтті. Көкке самғаған кереметтің куәсі болдық. Осының бәрі ауылымыздың өскенін, еліміздің өскенін, өзіміздің өскенімізді дәлелдейтін шындық емес пе?

«Елу жылда ел жаңа» дейді халқымыз. Елу жылда байтақ даламызға құт дарыды, бейнесі өзгерді. Шалқыған егін, жасыл бау, өріс толы мал береке емей ме!

Ең бастысы — адам өсті, сана өсті. Кешегі шаруа — бүгінгі білімді азамат. Мынау Ыбекеңдер Октябрь түлеткен, Октябрь жасартқан, Октябрь шыңдаған миллиондардың бірі. Октябрге дейін Сыр бойы қандай еді? Реңсіз еді, сұрықсыз еді.

Ал енді ше? Өзіндік тарихы, өзіндік шежіресі бар бай өлке. Үлкен құрылыс алаңы. Октябрь Сыр өңіріне жарқын өмір, жасампаз ілім әкелді.

Сыр бойы түрленіп, гүлденіп келеді. Экономика мен мәдениет көркейе түсуде. 1928 жылы облыста үш мың гектардай күріш егілсе, биыл 47 мың гектардан асты. Осы жылдары күріш өндіру 35 есе артты.

Өлкеміз жаңарып келеді, жасарып келеді. Былтырдың өзінде ғана күріш беретін алты совхоз отау тікті. Жаңа совхоз — жаңа адамдар, жаңа коллектив, жаңа байлық!

Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаев бастаған 70 адамға осындай жоғары атақ берілген. Партия мен үкіметіміздің наградаларына ие болған озаттар қанша!

Қасым Бөдеев, Қасымтай Ізтілеуов, Пак Чен Ир, Айша Меңлібаева, Нартай Көкиев, Заһира Ержанова, Әділбек Хайруллаев, Цой Ги Хва сияқты ондаған, жүздеген өрендер Ыбекеңмен еңбектес, тағдырлас майталмандар.

Мерекелі жылы облысымыз ерекше бір зор қуанышқа бөленді. Экономика мен мәдениетті дамытуда қол жеткен табыстары үшін Ленин орденімен наградталды. Мұндай жоғары награда облыс еңбекшілерін жаңа жеңістерге жігерлендіруде. Торқалы тойға лайықты тарту — 7 миллион пұт Сыр күріші!

* * *

Машина үлкен көпір үстінде тоқтады. Бұл Сырдария үстіне орнаған плотина. Дария тізгіні осында.

— Осылай, балаларым, осындай жолдар артта қалды. Қиын еді. Мынау кереметтер оп-оңай келген олжа емес екеніне көздерің жетсін.

Ыбекең жолай өмір белестерінен көп әңгіме айтты. Оның еңбек жолы облыстың өсу, өрлеу, жолымен бірдей еді. Облыста жүзеге асқан қандай бір шаралар болса да Ыбекеңнің көз алдында, әрі тікелей қатысуымен өтіп келеді. Ыбекең өткен жол — мыңдаған, миллиондаған шаруалардың жолы.

Осы жерде кейінгі жақтан совхоз «газигімен» Зақыманның достары қуып жетті. Зақымандар қош айтысып кері қайтуға рұқсат сұрады. Ыбекең № 2 Тереңөзек күріш совхозына барып, озаттарға еңбек аттестатын тапсырған еді.

— Сіз Жақаев, біз жақаевшылар, Ыбеке, — деді оны шығарып сала келген жастар.

— Жолдарың болсын, жас достарым!

Ыбекең осылай деді де қоштасып, машинаға отырды. Желдей ескен «Волга» үлкен жолмен зымырай жөнелді. Үлкен жол. Өмір жолы, бақыт жолы.



Баянды бауырластық

Ә. ЖҰМАБАЕВ

ҚЫР ҚАЗЫНАСЫН ата-бабасынан қалған мұрадай еркін сорған ағылшын жыртқыштары елден аласталып, 1920 жылы Қарағанды кені Совет үкіметінің қаулысымен халық меншігіне алынған кезде оның бар байлығын саусақпен санауға болады екен: динамит жарып қиратылған «Джимми» шахтасы, сумен көмілген «Герберт» шахтасы, төбесі құлаған үй мен үш жертөле, ескі екі қазан — ағылшындардан қалған бар мұраның сиқы міне осындай еді. Шахта төңірегінде шашылған тезектей болып жапырайған жеркепелер, күркелер қоныс тепкен-ді. Мұнда қан мен терін төгіп, тірлік талшығын әзер табатын жүз шақты кембағал кенші тұратын...

Ал бүгін қарасаң осы бір көңілсіз көріністің ізі де қалмаған. Кісі қиялына сыя бермейтін қысқа мерзім ішінде, ертегі-аңыздарда айтылатын ғажайып сияқты, Қазақстан шахтерлерінің ордасы өсіп жетілді. Қарағанды еліміздің ірі өнеркәсіп, мәдени орталығына айналды. Қазір кеншілер қаласы жалпақ дала төсінде жетпіс шаршы километр аумақты алып еркін көсіліп жатыр. Оның халқы баяғыда-ақ жарты миллионнан асып кетті.

Қазақстанның қатпар-қатпар қыратты аймағы атанған ұланғайыр даланың дәл кіндігі Қарағанды. Ол тоғыз жолдың торабында. Бұрын көмір қаласында болмаған кісі оның сырт бейнесіне қайран қалар еді. Қарағанды республиканың басқа қалаларының біріне де ұқсамайды. Күндіз қаланың қай тұсынан қарасаң да бұлдыр тұман арасынан жарысып жатқан шок-шок тауларды-террикондарды көресің. Бұл таулар тізбегі ондаған шақырымға созылады. Шығыс тарихынан мәлім көне Мысырдың пирамидалары сияқты осынау қоңыр шоқылар төбесінен будақтаған түтін мен шаң-тозаң бір сәл үзілмейді. Бірақ қала ауасы таза. Құба жонда еркін ескен тентек жел көлеңке-саясы мол әсем қаланы тынымсыз желпіп, шаң-тозанды қуалап кетіп жатады.

Ал қаланың түнгі суреті қандай ғажайып! Керемет бір күш аспан жұлдыздарын қаптап-қанарлап әкеліп, Сарыарқаның сары беліне жомарт қолмен оңды-солды шашып кеткен сияқты. Әсіресе өзге қалалардан әуе кемесімен келген жолаушылар алыстан-ақ шалқып-тасып жатқан жарық шұғыланы көреді. Осы телегей-теңіз от дариясы қара барқыт аспанды самаладай нұрландырып тұрады.

Күн батып, қас қарайысымен әлгіде айтылған көмір тауларының төбесінен қызыл жұлдыздар жанады. Бұл — жер астындағы ерен еңбектің хабаршысы. Шахта көмір шығарудың тәуліктік жоспарын орындаса, мұнара үстінде қызыл жұлдыздар жайнап шыға келеді.

Қарағанды көмір бассейнінде отандық техниканың ең жаңа, озық үлгілерімен жабдықталған қырықтан аса шахта бар. Олардың басым көпшілігі еңбек өнімділігін еселеп арттыратын озат шахталар. Бұлар ай сайын, жыл сайын халық игілігіне деп эшелон-эшелон көмірді жоспардан тыс жөнелтіп жатады. Түннің мақпал қара аспаны астында, қара-

уытқан найза шоқы басында кел мұңдалап жымыңдап тұратын қызыл жұлдыздар міне осының айғағы.

Революцияға дейін Қарағанды шахталарында жылына он мың тоннадай көмір өндірілген екен. Ал бассейн кеншілері былтыр қырық сегіз миллион тоннадан астам көмір өндірді. Сонда Совет өкіметі жылдарында көмір өндіру төрт мың есе артқан болып шығады. Аңыздан да асқан шындық деген осы да!

Ал осы ерлік дастаны қалай басталды? Үшінші көмір алыбы дүниеге қалай келді?

Жиырмамыншы жылдардың аяқ кезінде ел тағдырын, жер тағдырын қолына алған азат халық Арқаның мол байлығын игеруге шұғыл бет бұрды. Алғашқы сәтті қадам Қарағандыдан жасалмақ еді. Өйткені қазына кілті Қарағандыда еді. Оның қойнауында қат-қабат болып тұтасып жатқан көмірін қажетке жаратпай тұрып, Кенгір бойындағы Жезқазған-Қарсақпай мысын, Балқаш жағалауындағы Қоңырат мысын және басқа қаймағы ашылмай жатқан мол байлықты кең көлемде игеру мүмкін емес еді. Сол себепті де Қарағандыны қатарға қосуға күллі ел болып ат салысты. Партия мен үкімет Қарағанды құрылысын айрықша қамқорлығына алды.

— Қазір біз, — деп жазды В. В. Куйбышев, — бұрын патшалық тәртіп өлмесінің күнін көргізіп, мүшкіл халге түсірген шет аймақтарды индустрияландыруға кірістік. Бұрын ешкімге белгісіз болып артта қалған аймақтан көп ұзамай аса ірі өнеркәсіп орталығына айналатын аудандар қатарында Қарағанды да бар.

Қарағанды көмір бассейні түсті және қара металдар шығатын жерлердің тап іргесінде. Бірақ оның маңызы географиялық межеден әлдеқайда асып жатыр. Қарағанды Бүкіл одақтық роль атқаруға тиіс, ол Қазақстанның өзімен қапталдас жатқан солтүстік-шығыстағы кенді аудандармен бірге бүкіл СССР-дің халық шаруашылығын, әсіресе Оңтүстік Уралдың, Орта Азияның, Орта Волганың шаруашылығын өркендетудің ошағына айналуы керек. Қарағандыны Совет Одағының шығысындағы социалистік кен ордасына айналдыруға кедергі болып отырған қиындықтарды жедел жою қажет.

Қарағанды алғашқы бесжылдықтардың екпінді құрылыстарының бірі болды. Мұнда ұлы Ленин негізін салған Совет Одағы халықтарының достық ынтымағы мол жемісін берді. Бірақ бұл жерде жүрек тебіренерлік бір достық тарихын айрықша атап өткен жөн. Бұл — Донбасс пен Қарағанды кеншілерінің достығы, олардың еңбекте шыныққан ынтымағы, қырық жыл бойына әбден қалыптасқан баянды бауырмалдығы. Еліміздің үшінші көмір ошағын салуға күллі совет халқы көмектесті. Бірақ украин шахтерлерінің көмегі өзгеше. Қарағандының іргесі қаланған күннен бастап арайындас екі елдің білекке білегі, жүрекке жүрегі жалғасты.

1929 жылы Халық Шаруашылығы Жоғары Советінің Президиумы Қазақстанда «Казстройуголь» («Қазақ көмір құрылысы») тресін ұйымдастыру жөнінде шешім қабылдады. Жаңа көмір тресі Қарағанды кеніне берілген тұңғыш жолдама іспеттес еді. Осы трестің бастығы болып революция жолындағы күресте шыныққан, қарт коммунист, Донбасс шахтері Корней Осипович Горбачев тағайындалды. Тұрмыс талқысын көп көрген, шахта ісінің бүге-шігесіне дейін білетін осынау сабырлы, салқын қанды жұмысшы Қарағандының іргесін қалауға көп еңбек сіңірді.

Отызыншы жылдың қысында, түтеген боранға қарамастан болашақ қаланың орнына тұңғыш түйе керуені келгенде, алғашқы құрылысшылар арасында Корней Осипович те бар еді. Бұдан кейін із суытпай лек-легімен құрылысшылардың екінші, үшінші, төртінші, бесінші керуені келді. Бұлардың арасында Донбастан, Москва мен Ленинградтан,

еліміздің басқа да қалаларынан шыққан мамандар, құрылысшылар бар еді.

Болашақ көмір алыбы салынып жатыр деген хабар далаға тез тарайды. Құрылысқа қазақ аулынан аттылы-жаяулы адамдар ағылып келіп жатты. Жұмысшылардың жағдайы әуелгі кезде өте қиын болды. 1931 жылы орталық журналдардың бірінде шыққан очеркте Қарағанды жағдайы дәл суреттелді:

«Жалтаң дала. Бау-бақша, тіпті бұта дегенің атымен жоқ... Қарағанды маңынан кәукиген-кәукиген қоңыр киіз үйлер көзге шалынады. Қайнаған жұмыс. Әйелдер носилкамен, түйемен, атпен қиыршық құм, тас, ылай тасып жүр. Олармен қабаттасып ауыр тракторлар жылжып келеді, бу машиналары түрсілдейді. Шым үйлердің дуалына жұрттың мүлік-дүниесі сүйеліп қойылған. Жаңа тұрғын үйлер біткенше жұмысшылар жертөлелерде тұрып жатыр. Осында, ашық аспан астында, қыштан салынған пештер мен ошақтарда жұрт нан пісіріп, шай қайнатуда. Қызметкерлер мен жұмысшылардың көбі әзірше жер кепелерді, вагондарды, киіз үйлерді баспана етіп отыр...».

Міне осындай қиын кезеңде үшінші көмір ошағын салуға байланысты мың сан зәру мәселелерді шешу керек болды. Әсіресе негізгі жұмысшы күші — қазақтарды техникаға үйрету, құрылыс ісіне мамандандыру басты міндеттердің біріне айналды.

Сол себепті де 1931 жылдың 15 августында ВКП(б) Орталық Комитетінің Қарағанды көмір кені негізінде еліміздің аса қуатты үшінші көмір базасын жасау жөніндегі тарихи қаулысы шыққаннан кейін көп ұзамай қазақ кеншілері Донбасс шахтерлеріне арнап үндеу жариялады.

«Бізге сіздердің тәжірибеңіз керек, бізге сіздердің көмегіңіз керек, — деп жазды қарағандылықтар украин бауырларына. — Донбасс пролетарлары, сөзімізді сіздерге арнаймыз. Көмір өндіру жолындағы күресте өздеріңіздің қаһармандық тәжірибеңізді игеруге көмектесіңіздер. Бұрынғы көшпелі қазақтарды қазіргі заманның механикалық тәсілімен көмір өндіруге үйрететін екпінділеріңізді жіберіңіздер. Көмірлі бесжылдықты жүзеге асыру жолындағы, советтің шет аймақтарын индустрияландыру, туысқан ұлт республикаларының күш-қуатын арттыру, патша өкіметінің отаршылдық саясаты салдарынан бұрын езіліп-жаншылып қалған ұлттың пролетариат кадрларын даярлау жолындағы партиямыз бастаған ұлы істі аяқтап шығуға көмектесіңіздер».

Бұл үндеу Донбасты дүр сілкінтті. Жұмысшылар жиналысында, жатақханаларда, шахтерлердің үйлерінде сөз тек осы үндеу төңірегінде болды. Үгітшілер үшінші көмір ошағының болашағы жайлы, Орталық Комитеттің қаулысы жайлы әңгімелер өткізді. Макеевқадан, Горловқадан, Артемовқадан, Қадиевқадан, Донбастың басқа да қалалары мен поселкелерінен он саусағынан өнері тамған білікті кеншілер Қарағандыға жіберу үшін арнайы іріктеп алынды. Сонымен бірге жаңа құрылысқа керекті құрал-жабдықтар: котелдар, токарлық станоктар, насостар, лебедкалар дайындалды.

Донбасс Қарағандыға төрт жүзден аса кенші жіберді. Ағайын аулына көмекке бара жатқан патриоттарды аттандыру нағыз мерекеге айналды. Қарт шахтерлер шығысқа бара жатқан кеншілерге Донбасс абыройын жоғары ұстауға, жаңа жерде еңбек үлгісін көрсетуге шақырды.

Паровоздың маңдайшасына: «Коммунистік партияның аманатын орындаймыз — үшінші көмір базасын орнатамыз!» — деген ұран жазылған эшелон Қазақстанға сапарға шықты. Ол екі аптадан кейін Қарағандыға келіп жетті...

Тап осы кезде екінші поезбен Донбасқа қазақтың 117 жұмысшысы бара жатты. Олар забойщик, машинист, проходчик мамандығын игер-мекші еді. Донбасс шахтерлері оларды құшақ жая қарсы алды. Ең тандаулы шеберлер қазақ жастарына қамқорлық жасап, оларды кен өнерінің «сырына» қанықтырды. Даланың байырғы тұрғындарынан маман шахтерлер даярлаудың алғашқы қадамы осылай басталды.

1932 жылдың бас кезінде Қарағандыдан Днепропетровскінің кен-металлургия институтында оқу үшін жиырма бес жас қазақ жігіті жіберілді (бұл институт Қазақстанға көмір мамандарын даярлап беруді міндетіне алған-ды). Олардың көбі кейін кен ісінің білікті мамандары болып шықты. Осы жастардың арасында алыстағы Қарқаралыдан келген талапты жас Әбілқас Сағынов бар еді. Институтты бітіргеннен кейін ол ұзақ жыл бойы учаске бастығы, бас инженер, шахта бастығы, Қарағанды көмір резерві тресінің бас инженері болып істеді. Кейін ғылыми жұмысқа көшті. Көмір институтының директоры болды. Қазір Ә. Сағынов Қарағанды политехника институтының ректоры, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, СССР Жоғарғы Советінің депутаты. Сөйтіп еліміздің үшінші көмір ошағын жасасуға белсене араласқан азамат қазір халық құрметіне бөленіп отыр.

Донбасс пен Қарағанды кеншілерінің отызыншы жылдары басталған ынтымағы осы ұзақ жылдар ішінде ешбір толастап көрген емес. Ұлы Отан соғысы жылдарында Донбасс өңірі уақытша фашистер тепкісінде қалған кезде украин шахтерлері мен олардың семьялары Қарағандыдан жанашыр туыс тапты. Қазақтар соғыс зардабын шеккен бауырларына барын беріп, құрметтеп күтті.

«Сыйға — сый, сыраға — бал» деген емес пе. 1943 жылдың сентябрінде, Донбасс өңірі гитлершіл басқыншылардан азат етілген кезде, Қарағанды кеншілері оларға қолма-қол көмек көрсетті. Донецк бассейнін қалпына келтіруге қажетті құрал-жабдық: насостар, отбойный балғалар, көтергіш машиналар, врубкалар тұтас эшелонға тиеліп жөнелтілді. Осы составпен екі жүз инженер-техник, екі жүз елу маман шахтер аттанды. Ұзамай Донецк облыстық партия комитетінен Қарағандыға телеграмма келді: «15 вагон құрал-жабдық әкелген Қарағанды делегациясы Сталиноға келді. Олар Донбасс пен Қарағанды шахтерлерінің достығын нығайта беру ұранымен шахталарда қажырлы еңбек етіп жүр. Қайтадан қаз тұрып келе жатқан Донбасқа жәрдемдескен Қарағанды бассейнінің кеншілері мен басшыларына қызу алғыс айтамыз» деп жазылған еді бұл телеграммада.

Сол жылдары Қарағанды кеншілері арасында Донбасқа жәрдем беру маңызды міндет саналатын. Ұзамай Киров көмір тресінің шахтерлері Донбастың мәдени-ағарту мекемелерін қалпына келтіру үшін 300 мың сом ақша жинап жіберді. Ал Киров шахтасының әйелдері Донбаста балалар бақшаларын салуға қор жинау жөнінде үндеу қабылдады. Қарағанды әйелдері бұл қорға бір миллион жүз елу мың сом өткізді. Қарағанды кеншілері Донбасқа тағы бір эшелон жөнелтті.

Бұл — мақсат-мүддесі бір екі елдің тарихи қалыптасқан достығының бірен-саран фактілері ғана. Егер біз бұл бірліктің түп-тамырын қазбалап, тереңдей берсек, әріге кетеміз. Өткен ғасырдың орта шенінде қатыгез патша әмірімен Маңқыстау түбегіне келген «айдаудағы солдат», украин халқының данышпан ақыны Тарас Шевченконы еске аламыз. Оның қазақ халқын кастерлеп сүйгенін, осы халықтың қайғылы өмірінен суреттер салғанын, шерлі өлеңдер жазғанын білеміз. Осыдан жетпіс-сексен жыл бұрын жер ауып келген украин шаруаларының Қарағандының иен даласынан қоныс тауып, тұрақтап қалғанын білеміз.

Ал кешегі Ұлы Отан соғысының қаһарлы күндерінде жауды ығыстырып, Днепрді көктей өткен қазақ солдаттарының Украина топырағын

күшып сүйгенін Александр Довженко тебірене жазған болатын. Сол сияқты Қарағанды кеншісі, Совет Одағының Батыры Мартбек Мамыраев Днепрден өткесін пулеметтен оқты қарша боратып, үш күн бойы жауды бір елі жылжытпай, ғажайып ерлік жасады. Айта берсек, мұндай фактілер көп-ақ.

Коммунистік партияның дана басшылығы арқасында, бауырлас жұрттың достық көмегімен Қарағанды қайта туды. Ол еліміздегі алдыңғы қатарлы көмір бассейніне айналды. Отызыншы жылдары Донбаста Никита Изотов, Алексей Стаханов сияқты шахтерлердің атағы күллі елге жайылған кезде, Қарағандыда еңбек өнімділігін еселеп арттыру жарысын кәнігі шахтерлер Мағауия Рақышев пен Түсіп Күзембаев бастады.

Қазақ жұмысшысына Октябрь әперген бақыт Түсіп Күзембаев тартырынан айқын көрінеді. Оның күллі өмірі Қарағандымен байланысты. 1907 жылы бала жігіт Түсіп шахтаға түсті. Қабырғадан көрдей қысқан қараңғы қуыстан қайламен көмір шапты. Зембілмен көмір тасыды. Талай ауыр азап тартты. Тек Совет өкіметі жылдарында ғана ол ел қатарына қосылды. Қарапайым шахтерден өндіріс командиріне дейін өсті. Ол стахановшылар қозғалысының алдыңғы шебінде болды. Партия мен үкімет әйгілі шахтерді СССР Ауыр өнеркәсіп комиссариаты жанындағы Советтің мүшелігіне өткізді. Ол Совет мәжілісінде талай рет Серго Орджоникидzenің жалынды сөздерін тындады. Мұның бәрі қарт шахтердің ой-өрісін кеңейтті. Кейін жаңашыл шахтер шахта бастығының қызметіне жоғарылатылды. Қырқыншы жылдардың аяғында оған Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Бұл тек Түсіптің ғана тарихы емес, Совет өкіметі жылдарында өмірден орнын тапқан, құрметке бөленген талай адамдардың тарихы. Қарағандыда кен ісінің көптеген шеберлері өсіп жетілді. Атақты еңбек озаттары, Социалистік Еңбек Ерлері Бәшір Нұрмағамбетов, Ғалиулла Хайруллин, Петр Акулов, Алексей Бабаков, Қыдырәлі Омаров, Есенжол Зәлиев сияқты кеншілер — күллі бассейн мақтанышы. Кеншілер арасында құрметті шахтерлер, Социалистік Еңбек Ерлері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары жүздеп саналады.

Еңбек өнімділігін арттыру, техникалық прогресс жолындағы күресте Қарағанды ұдайы алдыңғы сапта келеді. Мұнда көмір өндірудің дүние жүзілік талай рекорды жасалды. Әлемдегі тұңғыш көмір комбайны 1945 жылы Қарағандыда сыналды. Бұл № 31 шахтаның бас механигі, ілгеріде Донбастан келген маман Семен Макаров жасаған комбайн еді.

Бұл комбайнның жасалу тарихының өзі — екі ел достығының жарқын бір беті. 1942 жылдың күзінде, ата қоныс уақытша жау қолында қалғасын, Донбастан Қарағандыға бір топ шахтер келді. Олардың ішінде атақты кенші Алексей Стаханов пен Донбастағы № 38 шахтаның бас механигі Семен Макаров бар еді. Бұлар келісімен қазақ ағайындармен бауыр басып, достасып кетті. А. Стаханов № 31 шахтаның бастығы, С. Макаров сол шахтаның бас механигі болып тағайындалды.

Міне осы кезден өнер тапқыштың кенші жұмысын жеңілдету жөніндегі жемісті қызметі басталды. Ол көмірді әрі шауып, әрі құлататын кен комбайнын жасаумен шұғылданып жүргенін қимас досы, сол шахтаның навалоотбойщигі, құрметті шахтер Бекбосын Сикымбаевқа айтты. Ал 1944 жылдың жазында № 9 учаске лавасында комбайн тұңғыш сынақтан өтті. Бұдан кейін жұмыс үстінде оған талай өңдеу-жөндеу жүргізілді. Ақырында кен комбайны шахтердің таптырмас серігіне айналды.

1946 жылдың бас кезінде «Советтік Қарағанды» газетінің бетінде бір қызық хабар басылды: «№ 31 шахтадағы Макаров жасаған кен

комбайнымен учаске 1945 жылдың жоспарынан тыс он мың тонна көмір өндірді. Машина жүз кісінің жұмысын атқарады... Шахтерлердің еңбек акысы айдан-айға көбеюлі. Машинист Балыков өткен айда он мың сом ақша қаратты». Әрине, Макаров комбайны өндіріске кеңінен енгізілді. Оның негізінде кейін «Донбасс» комбайны сияқты тамаша машиналар жасалды.

Халық өнерпаз ұлын құрметке бөледі. С. Макаров кезінде СССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды, Ленин орденімен наградталды. Семен Семенович Қарағанды жастарын жаңа техниканың тіліне үйретті. Нұрмағамбетов, Сусяков, Величкин, Омаров, Тауешкин сияқты кен комбайнерлері — атакты өнер тапқыштың шәкірттері. Қазір С. Макаров Қарағандыда тұрады, дербес пенсионер. Дегенмен шахта өміріне белсене араласып жүреді.

Донбасс пен Қарағанды кеншілері арасындағы достық байланыс, туысқандық ынтымақ жыл санап нығайып келеді. Бұл достық әсіресе биыл, ұлы той жылында жемісті болып отыр. Бір мысал келтірейік. Қарағанды бассейніндегі Михаил Бондалетов бастаған тұңғыш коммунистік еңбек бригадасының жігіттері Донбастың атакты шахтері, Социалистік Еңбек Ері Николай Мамайдан хат алды. Ол өз бригадасының торқалы тойға қызу әзірленіп жатқанын, оны мол табыстармен қарсы алатынын жазыпты. Сөйтіп жарыстас достарының хал-жағдайын сұрапты. Әрине, №1 шахтаның Михаил Бондалетов бастаған бригадасының да мерекеге тартуы мол. Оның есебінде жоспардан тыс екі мың тоннаға тарта көмір бар. Бұл табыс мейрамға дейін молая түспек. Бригада жігіттері үнемі іздену, үйрену үстінде. Сырттан оқып кешкі орта мектепті бітіргендер, кен техникумына түскендер саны көбейіп келеді. Донбасқа, Н. Мамайға жазған хатында Қарағанды жігіттері міне осындай жаңалықтарды жазды...

Қазіргі Қарағанды сарбаздарын ерткен колбасшы батыр сияқты. Олай дейтініміз, қаланы білезіктей орап жататын Шерубай-Нұра, Саран, Шахтинск, Абай сияқты поселкелер қазір өз алдына отау тігіп, қала болып бөлінді. Одан әрі Теміртау, Қаражал, Жезқазған, Қарсақпай, Балқаш, Атасу, Қонырат сияқты кен көздері жатыр. Мұның бәрі — Ұлы Октябрь бақытқа кенелткен халықтар достығының болаттан да берік екенін дәлелдейді, сол достықтың берекелі жемістерін бейнелейді.

Күрес пен жеңіс шежіресі

● Бұрын Қазақстанда бірде жоғары оқу орны болмаған. Ал қазіргі биігімізге көз салыңызшы: тек өткен жылдың өзінде ғана республика көлеміндегі 179 орта дәрежелі арнаулы оқу орнында 193 мың оқушы, 42 жоғары оқу орнында 163 мың студент оқыды. Республикада әрбір 10 мың адамға шаққанда студенттер саны 130-дан келеді. Бұл Англиядағыдан екі есе, Батыс Германия мен Италиядағыдан үш еседей, Индия, Пәкістан, Иран үшеуіндегіден 5—13 есе артық.

● Республикамыздың халық шаруашылығы мен мәдениетінің барлық саласында қызмет істейтін қазақ кадрлардың саны 100 мыңнан астам.

● 1946 жылғы 1 июньде Қазақ ССР Ғылым академиясы өз алдына шаңырақ көтерді. Қазір республикада 163 ғылыми-зерттеу мекемесі бар. Бұл мекемелер мен жоғары оқу орындарында 20 300 ғылыми қызметкер жемісті еңбек етіп жүр. Олардың

арасында 250 ғылым докторы, 3 300 ғылым кандидаты бар, соның ішіндегі 64 ғылым докторы мен 1 мыңдай ғылым кандидаты — қазақтар.

● Бұрын халқымыздың профессионалдык театры болмағаны мәлім. Ал бүгінде 7 республикалық, 15 облыстық театр еңбекшілердің қажетін өтеп, эстетикалық талғамын шыңдауға қызмет етеді. Оның үстіне ірі қалалардың бәрінде концерт ұйымдары, 56 халық театры, мыңдаған көркемөнерпаздар үйірмесі жұмыс істейді. Қалалар мен селоларда 5 600 клуб пен мәдениет сарайы бар.

● Октябрге дейін ірі қалаларда ғана ілуде бір кітапхана болатын. Қазір республика еңбекшілеріне 11 мың кітапхана қызмет көрсетеді. Олардағы кітап саны 70 миллион том. Тек селолық жерлерде ғана 5 мыңдай кітапхана бар.

Бұрын жұрттың бас қосатын бірден-бір орны толып жатқан мешіт пен шіркеу еді.

Туында Ленин ордені

Е. МЫРЗАХМЕТОВ

БҰЛ КҮНДЕ абыройы асып, шаруашылығы шалқыған «Победа Ильича» совхозына әдейі барған сапарымызда алдымен оның бірінші және бесінші бригадаларында болуды дұрыс көрдік. Совхозда жүлделі орынды ешкімге бермей келе жатқан бұл екі бригаданың арасында жарыс бар. Ол — еңбек жарысы. Бірінші бригада осыдан жеті жыл бұрын Көкшетауда алғашқылардың бірі болып коммунистік еңбек бригадасы атағын алған еді. Онда еңбек ететін 32 адамның бәрі де бесаспап механизаторлар. Трактор, комбайн, автомашинаны кез келгені жүргізіп кете береді.

Бесінші бригададағылар да бұдан қалысқан жоқ. Өткен жылы бригада өрендері 3 600 гектар жердің әр гектарынан 22,1 центнерден алтын дән жинаған. Жиналған өнім 32 механизатордың әрқайсысына шаққанда 210 тоннадан келген. Бұл тамаша табыс. Тек осы бригада өндірген астықтың құны ғана 837 мың сомға жетіпті.

Биылғы табыс та осы деңгейді шамалап қалатын ынғайы танылады. Екі жүз гектардан шаршылап-шаршылап бөлген алқаптардың ара-арасын қуалаған жол тазы қуған түлкідей біресе оңға, біресе солға жалт береді. Сол ынғаймен машина да бұлт-бұлт бұрылып, екпіндете жүйткіді. Жолдың екі жақ қапталдығы тірелген егін. Ұшы-қиыры жоққа ұқсайды. Қөз жеткен жердің бәрі тұтас қозғалып, теңіздей тербеле толқиды. Шөгерген түйені жасырып қалғандай биік егін дәнге толы салалы басын көтере алмай иіліп, сағағынан үзіліп кетердей боп солқылдайды!

Бәсе, даңқы елге жайылып, туына Ленин ордені қадалған совхоз дикандарының егіні осылай болса керек еді-ау! — дейсің сүйсініп. Және де тәжірибе үшін өсірген он гектар немесе жүз гектар жер емес, табаны күректей 27 мың гектардан астам егін-ау бұл! Ол Серәлі Қалыбаев, Василий Попов, Роберт Безлер, Александр Козлов сияқты жүздеген майталман механизаторлардың маңдай терінен нәр алып, құрыш қолдарымен аялап өсірілген ел ризығы.

Совхоз өзі алғаш ұйымдастырылғаннан бергі он жыл ішінде Отан қоймасына құйған 18 миллион 700 мың пұт алтын астықты осы 27 мың

Ал бүгінде Қазақстанда 8 мың кинотеатр мен киноқондырғы бар. Күн сайын орта есеппен 600 мың адам кино көреді.

● Совет өкіметі жылдарында қазақтың ұлттық әдебиеті туып, қалыптасты. Біздің кемелденген әдебиетіміз қазір бүкіл дүние жүзіне танылып отыр. Тек өткен жылы ғана «Жазушы» баспасынан 6 миллион 444 мың дана тиражбен 253 кітап шығарылды.

Октябрьге дейінгі бүкіл тарихында небәрі 500 шамалы кітап шығарған Қазақстан қазірде баспа ісі барынша дамыған елдердің санатында. Өткен жылдың өзінде ғана республикада 19 миллион 589 мың дана тиражбен 1 708 кітап шығарылды.

● Өресі ескен халқымыз марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын өз ана тілінде оқиды. Совет өкіметі жылдары ішінде ұлы көсеміміз В. И. Лениннің еңбектері 4 миллион 73 мың дана тиражбен басылып шықты. Көсемнің 40 томдық Шығармалар жинағын қазақ тілінде жарыққа шығару ұлттық мәдениетіміздің асқан зор мерекесі

болды. Сонымен бірге ғылыми коммунизмнің негізін қалаушы ұлы ойшылдар К. Маркс пен Ф. Энгельстің шығармалары да ана тілімізде 344 мың дана тиражбен жарық көрді.

● Бір кезде ел-жұрттың санатында да болмаған Қазақстан бұл күндері дүние жүзінің 80 елімен достық қарым-қатынас, мәдени байланыс жасайды.

● Октябрьге дейін республикада небәрі 196 дәрігер, орталау медициналық білімі бар 393 адам болған. Ал қазір әрбір 10 мың адамға 17 дәрігерден, орта мамандығы бар 63 медицина қызметкерінен келеді.

Революцияға дейінгі бүкіл тарихында қазақтан бар болғаны 10 дәрігер, 30 фельдшер шыққан екен. Ал қазір медицинаның алуан саласында жемісті еңбек етіп жүрген мыңдаған ұлттық кадрларымыз бар. Медициналық 5 институтта оқып жүрген қазақ жастары қаншама. Бүгінде республикадағы амбулаториялардың, поликлиникалар мен фельдшерлік-акушерлік пункттердің саны 5 мыңға жуық.

гектар жерден жинаған. Ал мына егіннің түгел жинап алынар асыл дәні алдағы күннің сыбағасы. Ол еліміздің елу жылдық торқалы тойына арналған толымды тарту болмақ. Бұл серпіннің ту ұстаушысы — совхоз коммунистері ойыңа орала береді.

Совхоз партия ұйымында 110 коммунист бар екен. Шаруашылықтың қай саласында болса да жетекшілер, ұйымдастырушылар сол коммунистер. Совхоздың он жылдық өмірі ішінде талай-талай оқиғалар өтпеді ме. Бір жылдары шаруашылық тасы өрге домалап, көп-көп қуаныш әкелді. Енді бірде сәтсіздіктен сәтсіздік қаумалап, көңілді суытты. 1959 жылы әр гектардан 15 центнерден өнім жиналып, табыс шырқап шыңға шықса, 1963 жылы өнім жеті центнерден де төмен сырғып түсті. Совхоз шығынға белшеден батты. Осындай сәтсіздік тұсында коммунистер өздерінің авангардтық ролін тағы да бір көрсетті. 48 коммунист тікелей егін шаруашылығына, ал отыздан астам коммунист мал шаруашылығына барды. Олар жұмыстағы жарамсыз әдістерді батыл аластап, коллективті соңынан ерте білді. Совхоз коммунистері мамандармен ақылдаса келіп, ғылыми мекемелердің зерттеулері мен жергілікті тәжірибелерге сүйене отырып, жаздық бидай өсіру үшін ең тиімдісі таза пар деп түйді. Өйткені таза парға егілген егіннің әр гектарынан 30—35 центнерден өнім жиналған кезі де болған.

Совхоздың тұқымдық астық өсіруге мамандандырылуы жөнінде де бірінші болып ақыл салған коммунистер еді. Ол коллективтің де көкейіне қонып, қолдау тапты. Ендігі жерде совхоз жоғары сапалы тұқымдық астық өсіріп, оны мемлекетке және тікелей шаруашылықтарға да сататын дәрежеге жетіп отыр. Ауданның барлық совхоздарын «Саратовская-29» және «Безенчук-98» сияқты күшті сортты тұқыммен осы совхоздың дикандары қамтамасыз етеді. Ал енді «Харьковская-46» қатты бидай сортын өсіру қолға алынған.

Совхоз коммунистері соңғы кезде астықтың өзіндік құнын арзандату мәселесіне баса назар аударды. Ол үшін қаражат пен материалдарды үнемдеп жұмсаудың мәні зор. Шаруашылықты орынсыз шығынға ұрындыратын ұқылсыздыққа берік тосқауыл қою керек. Сортты бидай үшін мемлекеттің үстеме ақы төлейтіні де белгілі. Осы мүмкіншілікті пайдалану мақсатымен тұқым тазартатын пункттер салынды да, ендігі жерде барлық астық содан өткізілетін болды. Осының нәтижесінде өткен жылы әрбір тонна бидай 170 сомнан сатылды. Ал әр гектардан жиналған өнім — 19 центнер. Сонда бір гектар жерден жиналған өнім совхоз кассасына 323 сом табыс түсірді. Сөйтіп, тек астықтан ғана совхозға өткен жылы 3,7 миллион сом таза кіріс кірді!

«Еңбек ет те, міндет ет» дейді халқымыз. Ерен еңбегімен шаруашылықты шырқау биікке шығарған ардагерлерді қалай қадірлемесің. Мұнда да партия ұйымының істеген істері айтарлықтай. Сонымен қатар совхоз басшылығы мен партия ұйымы еңбеккерлерді материалдық жағынан ынталандыру шараларын белгіледі. Механизаторлар негізгі әр сом табысына қосымша екі сомнан алды. Қосымша ақыға екі мың сомға дейін алған механизаторлар ондап саналады.

...Күн ұясына қонғалы едәуір уақыт өткен. Түннің салқын лебі еседі. Аспанда шөкімдей де бұлт жоқ. Шоққарағай жазығын түнгі тылсым тыныштық басқан.

Осы тыныштықтың тек Егінбай Ахметовқа ғана қатысы жоққа ұқсайды. Ол түнгі салқында еркін бой жазып, қадала жайылып жатқан табынды жайымен аралап, шолып жүр. Көңілі көтеріңкі. Биылғы жылдың өзі ерекше боп келді ғой. Елу жылдық торқалы тойын қарсы алуға әзірленген халқымыз қуанышының, көтеріңкі көңілінің әуені табиғатты да тебіrentкендей. Қыр мен ойдың көк балаусасы балбырап, көктем айындағыдай көгере тұнып тұр. Бұл қалпында қашан қар жауғанша жазғы жайылым бойындағы нәрін жоғалтар емес.

Егінбай міне осыған қуанады. Өйткені бұл шөптің малға жұғымы ерекше. Кеше өзі бағып жүрген өгізшелерді өлшеп көрсе, әрқайсысының тәуліктік салмақ қосуы 550—600 грамнан айналыпты. Сонда 178 өгізшенің бір айда 18 центнер салмақ қосқаны да. Оның өзі мерейлі мереке қарсаңында қабылданған міндеттеменің өзсіз орындалатынына айқын нышан болса керек. Ал Егінбай мен оның көмекшісі Томаш Шалабаевтың, межесі әрбір өгізшенің салмағын 390 килограмға жеткізу.

Совхоздың егін шаруашылығымен қатар мал шаруашылығын да жедел қарқынмен өсіріп отырғаны да осы Егінбай, Томаш сияқты санлақтардың арқасы. Қазір совхозда ірі қара мал 5 600-ге жетіп отыр. Шошқа өз алдына бір төбе. Соңғы жылдары құс өсіруге шұғыл бет бұрыс жасалған. Өткен жылы мемлекетке 692 мың жұмыртқа өткізілсе, бесжылдықтың аяғында оны 2 миллионға жеткізу жоспарланып отыр.

Бұл табыс деңгейінен сауыншылар сапы да кейіндеп қалған емес. Совхозда 1 065 сауын сиыр бар. Л. Чекункова, Л. Кушнар сияқты көптеген бал бармақ сауыншылар сүт дариясын тасытуда.

Еселі еңбек қашан да елге танылады. Ескерусіз қалмай, әділ бағасын алады. «Победа Ильича» совхозы еңбеккерлерінің еңбегі де бұл күнде олардың еңсесін көтертіп, мәртебесін асырып отыр. СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша совхоз ең жоғары құрметке ие болды — Ленин орденімен наградталды. Облыста 150 шаруашылық бар. Солардың арасынан шын жүйріктей суырылып озып, Ленин орденіне ие болу асқар таудай абырой ғой. Оны совхоз коллективі жүрегімен түсініп, жанымен ұғынған. Совхозға Ленин орденін тапсыруға арналған салтанатты жиынға қатысқан сәтте оған біздің көзіміз айқын жетті.

Ленин ордені—совхоз туында! Бұл өткен күннің табыстары үшін ғана берілген награда емес. Ол алдағы күн жеңістерінің кепілі де. Орден тапсыру кезіндегі салтанатты жиында совхоз директоры И. И. Грошев қуанышты жүрек дірілін баса алмай, тебіреніп былай деген еді:

— Бұдан былай совхоз туында жарқырап тұратын Ленин ордені бізге асқаралы міндеттер жүктейді. Біздің совхоздың ынтымақ-бірлігі жарасқан еңбеккер коллективі жоғары құрметке дақ шалдырмай, Совет өкіметінің жарты ғасырлық мерейлі мерекесін лайықты қарсы алады деп сендіруіме рұқсат етіңіздер.

Бүгінгі күні совхоздағы сол бір ерекше салтанат еске түскенде совхоз директорының барша коллективі атынан айтқан сол бір уәдесі ойға орала береді. Ол жай ғана уәде емес, берік-бекем серт болатын. Сол сертті совхоз еңбеккерлері бұл күнде абыроймен орындап отыр. Мемлекетке жоспардағы 19 мың тоннаның орнына 24 мың тонна астық тапсыруға міндеттеме қабылданған еді. Қазір егіннің әр гектарынан 12 центнерден өнім алынуда. Мұның өзі Отанымыз алдындағы асыл парызды «Победа Ильича» совхозының диқандары абыроймен орындайды деген сөз. Ал мемлекетке ет, сүт, жұмыртқа тапсырудың міндеттемесі әлдеқашан орындалған. 666,4 тонна ет, 25 044 центнер сүт, 528 мың жұмыртқа тапсырылып, жылдық жоспар асыра орындалды. Совхоз коллективінің барша халқымыздың табысына қосқан үлесі міне осындай. Мұның өзі туында Ленин ордені жарқыраған шаруашылықтың өнім өндіруді арттыру жолында батыл өрге басып бара жатқанын, КПСС Орталық Комитеті март Пленумы шешімдерін мүлтіксіз жүзеге асырып отырғанын айқын дәлелдейді.



М А З М Ұ Н Ы

ҰЛЫ ОКТЯБРЬДІҢ 50 ЖЫЛДЫҒЫ

Бас мақала — Коммунизм — адамзаттың сәулетті болашағы	2
В. Платковский — Совет халқының бірлігі мен ынтымағы	9
Т. Жанкелдин — Ұлы идеялар шұғыласы	14
С. Мәуленов — Торқалы той, үлкен қуаныш	20

ОКТЯБРЬ ШАПАҚТАРЫ

С. Сейфуллин — Еңбекшіл таптың жолбасшысы Ленин	25
Ә. Жанкелдин — Совет өкіметі үшін күресте	26
В. Мягкий — Жастарға айтар сөзіміз	29
Ш. Өтепов — Бостандық жолында	31

СОЦИАЛИСТІК ЭКОНОМИКАНЫҢ АЛЫП АДЫМДАРЫ

Ә. Кәкімжанов — Индустриялы Қазақстан	34
Қ. Дияров — Шалқыған байлық, ен дәулет	40

ҒЫЛЫМ МЕН МӘДЕНИЕТ ШЫҢЫНА

Б. Белтірікова — Көркейген халықтың гүлденген мәдениеті	45
С. Мұқанов — Туған ауылдың кешегісі мен бүгіні	51
Ж. Қаракүсов — Интеллигенцияның мәртебелі мерейі	53

ЗАМАНДАСЫМЫЗДЫҢ БЕЙНЕСІ

Т. Қатаев — Жасампаз совет адамы	57
М. Әбуғалиев — Коммунарлар мұрасы	61
Ұ. Бағаев — Дидан ата	65

ДОСТЫҒЫМЫЗ БОЛАТТАН ДА БЕРІК

Ә. Жұмабаев — Баянды бауырластық	71
Е. Мырзахметов — Туында Ленин ордені	77

Күрес пен жеңіс шежіресі	30, 42, 54, 68, 76
------------------------------------	--------------------

УГ11685.
Зак. 23
Тираж 38225

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Қ. Сағындықов (бас редактор), З. Айтмағамбетов (жауапты секретарь), Қ. Әбілдаев, Ж. Бектепов, С. Бейсенбаев, Т. Жанкелдин, Б. Мәдиев, К. Меңдібаев, Т. Ыдырысов.

Редакция адресі: Алматы қаласы, Комсомол көшесі, 103.

Телефондар: секретариат — 2-24-95, партия тұрмысы және мәдениет бөлімдері—2-38-56, идеология және экономика бөлімдері—2-57-23, редактор — 2-23-03.

23/X-1967 жылы басуға қол қойылды, қар. 70×108¹/₁₆, 2,5 қар. — 6,85 авт. табақ.

Қазақстан КП Орталық Комитеті баспасының баспаханасы.
Алматы, Ленин проспекті, 4.